

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ 11-СЫНЫБЫ ҮШІН ОҚУЛЫҚ

1-басылымы

Өзбекстан Республика Халыққа білім беру министрлігі бекіткен

Чўлпон атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі Ташкент — 2018

УЎК 811.512.122(075.3) КБК 81.2Қаз-922 К 17

Авторлар:

Д.Т. Айтбаев, Г.Е. Айтбаева, Р.Қ. Мырзахмедова, Б.Т. Уразов

Пікір жазғандар:

Ақмарал Нысанбаева — Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті доценті, педагогика ғылымдарының кандиаты;

Жаппар Өтегенов — Гүлістан мемлекеттік университеті аға оқытушысы; **Роза Шербаева** — Төменгі Шыршық ауданы 31-мектептің қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы

Редакторы:

Әселхан Темірбаева

Шартты белгілер:



Сұрақтар мен тапсырмалар



Үй жұмысы

Республикалық мақсатты кітап қаржыларыв есебінен басылды

[©] Д.Т. Айтбаев және басқ., және басқ., 2018

[©] Чулпон атындағы БПШҮ, 2018



🐉 КІРІСПЕ 👺

Ана тілін жетік білу, ана тілінде таза сөйлеу — мәдениеттіліктің белгісі. Сөз сөйлеудегі орашолақтық, олақтық, сөзді жүйелей білмеу адам ойының таяздығын көрсетеді.

Тіл тазалығы үшін күрес — тіл мәдениеті үшін күрес. Сондықтан да оқушылар тіл тазалығын сақтауға, тіл мәдениетін игеруге, әдепті, келісті, мәдениетті сөйлеуге үйрену керек, халықтың ауыз әдебиетінің, әсіресе, мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді көп білуге, оларды орынды қолдана алуға, өзіндік сырын, мән-мағынасын тани білулері тиіс.

Қазақ халқының тіл мәдениетінің мұрагерлері мектеп оқушылары дейтін болсақ, олардың биік мақсат-міндеті — қазақ тілінің байлығына қанық болу, ойын анық, дәл, айқын, әсерлі, ұтымды етіп айта, жаза алатын болу. Мектеп оқушылары ой-пікірін айқын, әсерлі жеткізу үшін сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлем құрылыстарын, морфологиялық тұлғалары — олардың айтылуына сәйкес дұрыс қолданылатын болса, осының өзі-ақ оқушының тіл мәдениеті дәрежесінен біршама көрініс береді.

Қазақ халқы тіл өнерін жоғары бағалаған. Ол өнердің ұшар биігі де, қонар жайсаңы да — біздің қазіргі өміріміз деп білеміз. Өйткені жаңа өмірдің құлашы сонау биікке сермеліп жатқанда, оның құрылысшылары, барлық азаматтар айқын ойлы, сауатты, тіл мәдениеті жоғары болуға тиіс. Сол өнерді үйренуге талаптану әркімнің-ақ рухани қажеті болатыны сөзсіз. Бірақ оған жеңіл-желпі қарамау керек. Атақты Цицерон айтқандай: «адам ақын болып жаратылып, шешен болып кейін қалыптасады». Ол еш уақытта іштен, анадан туа шешен бола қалмайды, — оқу, үйрену арқылы жетіледі. Шешеннің шешендігі оның тілдік стилінен-ой өрісінен, жалпы білім дәрежесінен белгілі болады.

Жеке кісінің мәдениеттілігі қоғамда алатын орнымен, білім дәрежесімен, өнерге қанықтығымен өлшенеді. Оқымысты, мәдениетті кісінің білім, ғылым, өнер дәрежесі ғана биік болмайды, солармен қатар оның жүріс-тұрысы, басқалармен қарым-қатынасы, әсіресе, тіл жұмсау дағдысы ерекше болады.

Тіл мәдениетінің екі түрі бар: баспасөз тілінің мәдениеті және сөйлеу тілінің мәдениеті. Бұлар өзара тығыз байланысты. Қазақ елінің қазіргі

әдеби тілі жалпы халықтық ауызекі сөйлеу тілі негізінде қалыптасады. Әдеби тіл сөйлеу тілінде бардың бәрін емес, оның құнарлы, жалпыға ортақ әрі тиімді байлықтарын бойына сіңіреді де, керісінше сөйлеу тілінде ықпалын тигізеді, әдеби тілдің дәстүрлі, жаңа-жаңа нормалары сөйлеу тіліне ауысады. Осыдан келіп әдеби тілдің екі түрі пайда болады: біріншісі — әдеби тілдің жазба түрі, екіншісі — әдеби тілдің сөйлеу түрі. Бұлар өзара тығыз байланыста дамиды. Жазба әдеби тіл жасалмай тұрып, ауызша әдеби тіл жасалмақ емес.

Сөйлеу тілі мәдениетінің жоғары формасы — шешендік. «Өнер алды — қызыл тіл» екенін білген адам сол шешендік өнерін үйренуге құлшынады, бірақ жұрттың бәрі бірдей даңқты шешен бола алмайды. Әркімнің білім дәрежесі, ақыл-ой парасаты әр түрлі болатындай, жалпы тіл мәденетінің, әсіресе, шешендік өнерінің дәрежесі де әр түрлі болады. Соның өзінде, тіпті, ел бастайтын көсем де, жұртты аузына қарататын шешен де бола алмаспын деген сауатты, мәдениетті кісінің де қоғамда атқаратын қызметіне сәйкес шешендік өнері болуға тиіс. Әрбір азамат — өз орнында әрі қоғам мүшесі, әрі қоғам қайраткері. Олар үшін қарымқатынас құралы — тілдің өмірлік қажеттігін айтпасақ та болады.

Ана тілінің барлық асыл да мол қоры жазба әдебиеттің майданына ойысып, сонда шыңдалып, «құдіретті күшке» айналады. Сол тіл мәдениетіне баулитын үлкенді-кішілі ел азаматтарын әдеби тіл байлықтарын игеріп, тіл байлықтарына қанық болуды әдеби тілге арқа сүйеуден бастау қажет. «Кен асылы жерде, сөз асылы елде» дегенді негізгі қағида деп түсіне отырып, ел аузындағының бәрін бірдей асыл қазына деуге тағы болмайды. Әсіресе, әдеби тілге сіңбеген жергілікті ерекшеліктерді жұмсау, кісіге қаншалықты болғанмен, тілдік талғам талабы тұрғысынан өрескел қате деп есептеледі. Егер олардың тамыры теренде болмаса, мұншалықты ұзақ өмір сүрер ме еді?! «Әдет әдет емес, жөн әдет» екенін білген кісіге әдеби тілден жөнсіз ауытқудың жарасы жеңіл болып көрінеді де, тез арада ықыласын әдеби тіл нормаларына қарай бағыттайды.

Әдеби тіл халық тілінің ең жоғары формасы болғанмен, сөйлеу тілінің онда қамтыла бермейтін бірнеше артықшылығы бар, алдымен, дидарласа сөйлескен кісілердің бет пішіні, көңіл күйі, өзара қарым-қатынасы, екіншіден, сөйлеу әуені, үні еш уақытта жазуда дәл сол қалпында беріле қоймайды. Олардың қандай екенін авторлық комментариймен де, тыныс белгілермен де дәлме-дәл қағазға түсіру мүмкін емес, өйткені сөйлеу тілінің бұл жағынан толып жатқан қатпарлы, күрделі де нәзік, тіпті жазып жеткізе алмайтын елеусіз нақыштары көп. Мысалы, сөй-

лемнің айтылу интонациясын құбылтып, оны хабарлы да, сұраулы да, лепті де етіп айтуға болады.

Сөйтіп, әрбір сөйлемнің өз орайында әр алуан ырғақты үні, тиісті әуені, музыкалық сазы болады. Сондықтан айтылған сөз бен жазылған сөз тепе-тең бола алмайды. Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту сөйлеу тілі мәдениетінің басты талабының бірі болмақ. Өйткені, сөйлеген, сөйлескен кісінің үнінде адам ойының нақышты бедері ғана емес, ойдың өзі көлбеп көлденең тартылады. «Бал тамған тілден у да тамар» демекші, сөйлей білген кісіге оның ырғақты әуені шексіз. Соны білмей әйтеуір сөздерден сөйлем құрай салып, қалай болса солай айта салу — олақтық. «Олақтың сөзі — орынсыз жамау сияқты» дегенді қазақ осындайларға тиістіріп айтса керек.

Қысқасы, адамға ойлай білу қаншалықты қажет болса, орнымен керегінше сөйлеу соншалықты қажет. Таза ұлттық тіліміз мәдениетті, нақышты, жүйелі сөйлеген сөз тындаушысын ешқашан да жалықтырмайлы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫ

Тіл — адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл, оның ішінде қазақ тілі де, халықтың барлық ісәрекеттің, қарым-қатынасының құралы болғандықтан, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз.

Тіл байлығын игеру — ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Тіл арқылы айтылатын ой сөзге, сөз тіркесіне, солардан құралған сөйлемдерге негізделеді.

Тілдің бас арқауы — сөз. Арқаусыз кілем, алаша, мата тоқылмайтын сияқты, сөзсіз сөйлем де құралмайды. Сөйлем адам ойын айтудың негізгі формасы болатындықтан, оқушының сөзден сөйлем құрап,өзгелермен тілдесе, жаза білуі — оның ақыл-ойының дамып, сана-сезімінің арта түскенінің белгісі.

Адам қоғамының даму барысында пайда болып қалыптасқан өшпес, бітпес байлығының бірі — оның тілі. Тіл — қоғамның өмір қажеттілігін өтейтін қоғам мүшелерінің өзара түсінісуінің, пікір алысуының, олардың барлық іс-әрекеттерінің құралы. Сонымен қатар, ол мәдениетке, әдебиетке, ғылымға, өнер-білімге және олардың дамуына, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, үгіт-насихат жұмыстарына қыз-

мет етеді. Тіл — адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнербілімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл, оның ішінде қазақ тілі де, халықтың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болмағандықтан, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрқайсысымыздың борышымыз.

Қазақ халқының мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Қазақ тілі ғайыптан пайда болған жоқ, сонымен бірге оқшау жаратылған тіл де емес. Қазақ тілінің де шыққан ата тегі бар. Қазақ тілі түркі тілдері деп аталатын алып бәйтеректің аса бір ірі тармағына жатады. Бір негізден өрбіп, түркі ата тілінен тарағандықтан, қарақалпақ, қарайым, қарашай, құмық, қырғыз, ноғай, өзбек, әзербайжан, балқар, башқұрт, гагауыз, қазақ, саха (якут),татар, тофалар, түрік, түрікмен, ұйғыр, чуваш, хакас тілдері — түркі тілдері деп аталады. Қазақ тілінің түркі тілдерімен туыстас болатын себебі ай, тәңір, көк, жер, су тәрізді зат есімдер, бас, тас, көз, қол, аяқ сияқты дене мүше атаулары, сары, қызыл, ақ, қара, көк сияқты сын есімдер, бар, кел, жүр, ұш, отыр, жүр, тұр тәрізді етістік, ондық, жүздік, мындық сияқты сан есімдер, апа, қарындас, келін, ата т.б. тәрізді туыстық атаулар ортақ болып келеді.

Өмірлік мәні бар мұндай атаулар, әдетте, ауыс-түйістікке жатпайды, сондай-ақ олар түркі тілдерінің бір негізден, бір ата тілден тарағандығының белгісі болып табылады. Грамматикалық шақ, жақ көрсеткіштері мен негізгі септіктердің түркі тілдеріне ортақ болып келуі олардың бір ата тілден тарағандығын, туыстығын көрсететін ең сенімді тілдік деректер болып табылады.

Туыстығы жағынан қарақалпақ, ноғай, өзбек тілдері – қыпшақ диалектісі, сондай-ақ татар, қырғыз тілдері қазақ тіліне ең жақын тілдерге жатады.

Сонымен, түркі тілдерінің туыстығы олардың лексикалық мағынасынан, грамматикалық құрылысынан, дыбыс жүйесінен нақты байқалады. Сондай-ақ түркі тілдерінің әрқайсысына тән лексикалық, грамматикалық, фонетикалық өзгешеліктері де болары хақ. Ондай өзгешеліктерді туыстас тілдердің деректерін салыстыру арқылы байқауға болады.

Қазақ тілі — дүние жүзіндегі ең бай, беделді де бейнелі тілдердің бірі. Ана тіліміздің халықтың көшпелі тұрмысынан туған төрт түлік малға, аңға, құсқа, т.б. табиғат құбылыстарына байланысты бейнелі теңеу, эпитет, метафора, мақал мен мәтелдерге байланысты атауларына басқа тілден балама табу қиын.



«Қазақ тілінің байлығы — қазақ халқының, қазақ ұлтының байлығы. Осы байлықты бағалай білуіміз керек. Сонда ғана біздің Қазақстан кез келген жұртпен иық теңестіре алатын іргелі ел бола алады», — деген Сәрсен Аманжоловтың сөзін әрқашан есте ұстауымыз керек.

1-жаттығу. Төменде берілген тұрақты сөз тіркестерінің білдіретін мағыналарын анықтандар.

Үлгі: Айрандай ұйып отыр — *өте тату, ауызбіршілігі күшті*.

1. Айран сұрап келіп, шелегінді жасырма. 2. Айрылар дос ердің артқы қасын сұрайды. 3. Айтқанына көніп, айдауына жүрді. 4. Айырмасы жер мен көктей. 5. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. 6. Ақ құйрық көңілашар шай секілді. 7. Ақ отау тіктірді. 8. Ақ түйенің қарны жарылды. 9. Ақылы алпыс жаққа жүгірді. 10. Айрандай ұйып отыр. 11. Алақанның аясында. 12. Алалы жылқы, ақтылы қой. 13. Алар демі бір төбеден соғып тұр. 14. Алдын ашық, артын тұман қылды. 15. Алдына келгенін тістеп, артынан келгенін тепті.

 $(\Phi$ разеологиялық сөздік. Алматы. 2007)

2-жаттығу. Берілген мәтіннен жай және құрмалас сөйлемдерді ажыратындар да ондағы бірыңғай мүшелерді тауып жазындар.

Үлгі: Сол себепті қаладағы Абайға алдын ала Дәрмен жайын білдіріп, ұғындырып қоюды Әбіш өз мойнына алған — жай сөйлем; білдіріп, ұғындырып — бірыңғай мүше.

Дәл қалаға аттанарда өзін шығарып салған Дәрменге Әбіш соңғы бір жайды тағы айтқан. Бір кезде Мәкен мен Дәрменнің қосылмаққа бел байлағаны, бекінгені Әбішке анық мәлім еді. Сол себепті қаладағы Абайға алдын ала Дәрмен жайын білдіріп, ұғындырып қоюды Әбіш өз мойнына алған. Кешегі Абайдың ажары Дәрменге көп жайды танытты. Абай Әбіштен Дәрмен сырын білген де, ішке түйген тәрізді. Ашылып, шешіле сөйлемесе де, ендігі Абай, бұдан былайғы Дәрмен ісі мен сөзіне жауап беруге көнген, мойындаған Абай. Абай болса сол айнымаған алғашқы бетінде бұлар үшін алысқа кірісіп, әкесі Абай үшін де, өзі үшін де іс бастағаны жаңағы. Осыларды ойласа Дәрмен көңілі толас тауып, үлкен бір жұбаныш, тыныс алады.

(М. Әуезов. Абай жолы)

- **3-жаттығу.** Берілген мақалдарды көшіріп жазындар да, оның мәнін түсіндіріп, айтып беріндер. Мақал мен мәтелдерді жаттап алындар.
 - 1. Алғаш ойла, кейін сөйле.
 - 2. Орынсыз сөз орға жығады.
 - 3. Бал тамған тілден у да тамады.
 - 4. Кен байлығы жерде, сөз байлығы елде.
 - 5. Ине көзінен сынады, шешен сөзінен сынады.
- 6. Мейірімі мол ананың жүрегі жылы, қолы кең, Кеңпейілді атаның жүзі жылы, жолы кең.
 - 7. Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле.
 - 8. Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.
- 9. Жылы-жылы сөйлесен, жылан да інінен шығады, Қатты-қатты сөйлесен, қарт та дінінен шығады.
 - 10. Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді.

(Мақал-мәтелдер жинағы)

- **4-жаттығу.** 1. Даналар сөзін жаттап, осы мазмұндас сөздерді дәптерлеріңе көшіріп жазындар. 2. Қарамен жазылған сөздерге фонологиялық талдау жасаңдар.
 - 1. Ол өнердің **ұшар** биігі де, **қонар** жайсаңы да біздің қазіргі өміріміз. (М. Балақаев)
 - 2. Қазақ халқы тіл өнерін жоғары бағалаған.

(М. Балақаев)

3. Тіл — **көңілдің** тілмашы.

(С. Дөнентаев)

4. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды.

(Абай)

5. Тәрбие **басы** — тіл.

(М. Қашқари)

5-жаттығу. Жергілікті сөйлеу тілі негізінде айтылған сөздерді табындар да, оның әдеби тілдік вариантын жазындар.

Үлгі: гөш — *ет*.

1. Марат ет магазинінен гөш сатып алды. 2. Автобус ауылға қарай жүдә секін келді. 3. Автобус кондукторы жолаушыларға біттәләп билет сатты. 4. Сатып алған бәдіреңі солып қалған екен. 5. Ақын домбырасын шалып, өлең орындап отыр. 6. Олар таңертең пахта теруге аттанып

кетті. 7. Оған қарағанда Мүтәлдің бойы пәс екен. 8. Біреуі помидор көшетін пәс ексе, біреуі жоғары егіпті. 9. Піллә құрты тұт бәріктерін жеп тауысты. 10. Олар егін даласына помидор, дарбыз, қызылша, тұрып және редискалар екті. 11. Біреу есітіп қоймасын дегендей құлағына жүдә секін сөйледі. 12. Ол магазиннен екі кило шәкәр сатып әкелді.

(Ауызекі сөйлеу тілінен)



6-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдер құрмалас сөйлемнің қайсы түріне жататындығын анықтаңдар.

1. Қазақ пен орысты шағыстырып, тап жігінің қымтауынан еш нәрсе шықпаған соң, енді бұл кулак: «Орыстың жерін алады», – деп жұртты урейлендіретін түрі бар ғой, деп ойлаған Ораз ревком мүшелеріне мәнжайды түсіндірді. (Ж. Арыстанов.) 2. Сондағы әдістері есіне түсті ме, тізесімен қарсыласының аяқ арасына бір тепті де, жағасын ұстаған қолын қос қолдап қысып, шыр айналып иығынан асыра жерге атып ұрды (М. Арынов.) 3. Алқапты алыстан қорып, қиқу салып, басына көтеріп жүреді, тоғайға жақындаған адамды олар ойқастап ұшып, айқаймен қарсы алады, алдына түсіп жорғалайды, басқа жаққа жетектеп әлек болады. (Х. Есенжанов.) 4. Ол землемерді шақыртып, жанағы енбек еліне еселі жерін қайтып әперем деп алып жүр, бірақ соған орай Тобықтыдан келген суық сөзді бір Серке емес, Көкеннің көп елі естіген де, осы көктемде дағдыдан тыс бір қалыпқа келген (М. Әуезов.) 5. Шеңбердей айналып, көлденендей кесіп қанша салса да, із әуелгі, тура терістік бетке тартқан түзу бағытынан жаңылмады (М. Мағауин.)



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қашан қабылданған?
- 2. Өзбекстан Республикасынын ше?
- 3. Өзбекстан Республикасында қазірде қанша қазақ жасайды?
- 4. Республикада оқыту, білім беру неше тілде алып барылады?
- 5. Не үшін тіл қоғамның өмір қажеттілігін өтейтін қоғам мүшелерінің өзара түсінісуінің, пікір алысуының, олардың барлық іс-әрекеттерінің құралы?
- 6. Ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өзегі, нағыз белгісі не?
- 7. Қазақ әдеби тілі дегеніміз не?
- 8. Диалектизмдерге түсінік беріңдер.
- 9. Ойды жеткізуде сөйлемдердің қандай орны бар?
- 10. Сөйлемдердің қандай түрлері бар?
- 11. Жай және құрмалас сөйлемдердің ұқсастықтары мен ерекшеліктері қандай?

🐉 ТІЛ МӘДЕНИЕТІ 🐉

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Бүгінгі танда үлкен мән беріліп, жедел қолға алынып отырған мәселелердің бірі — сөйлеу мәдениеті. Сөйлеу мәдениеті — өзінің барлық қаттауында нормалары қалыптасып, едәуір тұрақталған әдеби тілдің болуына, оның жазбаша да, ауызша да түрін қалың көпшілік тұтас пайдалана бастаған кезіне тікелей байланысты болады. Әсіресе қазіргідей көркем әдебиет пен баспасөздің, радио мен телевидениенін, ұлт театры мен киноның, топ алдына шығатын ауызша сөйлеу түрлерінің (үгіт-насихат жұмыстары, лекция, баяндама, жиналыстардағы сөз, т.б.) дамыған тұсында сөйлеу мәдениетіне ерекше назар аударылады.

«Мәдениет» сөзін бұрын қоғамның материалдық, рухани байлықтарының түрлі тарамдарын қамтиды деп қолдансақ, осы күндері оның жұмсалу аясының кеңейгені байқалады. Мысалы: еңбек ету мәдениеті, сауда-саттық мәдениеті, егін жинау мәдениеті, мәдениетті дақылдар. Осылардың қатарында «сөйлеу мәдениеті» деген ұғым да жиі қолданылатын болды.

Бұл атаудың пайда болуы тіл жұмсау дағдымызға қойылатын талаптардың күшеюімен, тіл білімі ғылымының ілгері дамуымен байланысты болса, мақсат — жұртшылықты сол мәдениетке баулу болмак.

Сөйлеу мәдениеті — қоғам мәдениетінің айнасы. Адамның тіл жұмсау дағдысынан, тіл мәдениетінен оның кім, қандай адам екенін аңғару да қиын емес. Әдетте, ойы айқын кісінің сөзі де анық, дәл болады. Ойы таяз, пікірі күңгірт кісінің сөзі де берекесіз болады. Осыған қарап сөйлеу де ұшу сияқты демекпіз. Ұшудың да ұшуы бар, қыран да ұшады, шыбын да ұшады. Сөйлеудің де сөйлеуі бар, ойлы шешен көмекейі бүлкілдеп, көсіле, біліп сөйлейді, ойсыз шешен кібіртіктеп күңгірт сөйлейді. Мәдениетті, білімді азаматтар ана тілінің қыраны сияқты биікке самғайды. Жұрт оларды асқан шешен деп дәріптейді. Бірақ оның да сүрінетін жері болады. «Ине көзінен сынады, шешен сөзінен сынады» демекші, алды-артын барламай, ойламай сөйлегендер сәтсіздікке ұшырайды. «Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» деген мақалдар тектен-тек айтылмаған. Сөйлеу кезінде жеке адамдар өзіндік ерекшеліктерін қоспай тұра алмайды. Әр адамның сөз сөйлеу мәнері,

сөз саптау ерекшелігі болады. Дегенмен адамдар мынадай қарапайым нәрселерді бойда қалыптастырғаны дұрыс:

1. Сөйлеген кезде әр сөздің айтылу заңдылықтарын (орфоэпиялық норма) сақтап, мағынасына орай сөйлемде дұрыс қолдануға дағдылану қажет.

Мысалы, айтылуы κ ұлұн — жазылуы — κ ұлын; бож жорға — боз жорға; түңге ғарай — түнге κ арай; κ өтөрөм — κ өтерем.

2. Сөйлесіп отырғанда, пікірінді айтқанда қолды сермеуге, қатты күлуге, бет-ауызды көп қимылдатып, жөні жоқ, қисандата беруге болмайлы.

Аса қатты сөйлеу немесе міңгірлеу, сөйлеу кезінде артық қимылдар жасау және мәнсіз майысып сөйлесу адамды ыңғайсыз жағдайға қалдырады.

- 3. Өзің туралы көп айта беру, барлық сөзді өзің бастау ол да әдепсіздікті көрсетеді. Білмейтінің жөнінде айтпа, өзің түсінбейтін сөздерді қолданба.
- 4. Аса қызынып тез сөйлеудің көп жағдайда қажеті жоқ. Егер сөйлесіп отырған адам қатты сөйлесе, одан да қатты айқайлап сөйлесуге тырыспау қажет. Ой мен дыбыс ырғағын сабақтастырып, пікірінді баппен, анық, дәл айтсан, сенің дауыс ырғағына, байыпты пікіріне қарай сөйлеуші де сабасына түседі.

7-жаттығу. Әңгімені оқи отырып әдептілік жайлы ой бөлісіндер.

ӘДЕП

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып, сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып, сәлем алды.

Касындағы бай:

- Тақсыр, осыншама жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? - деп айтты дейді.

Сонда әкім:

— Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба? — дейді.

(Ыбырай Алтынсарин)

8-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді тауып қойындар.Мақал мен мәтелдерді жаттап алындар.

- 1. Шебердің қолы ортақ, Шешеннің — ортақ.
- 2...... тапқанға, қолқа жоқ.
- 3. Жақсы сөйлер, Жаман шайқап сөйлер.
- 4. Ашуың келсе қолың тарт, Айтпас жерде — тарт.
- 5. Жыланның тілі айыр, Жылан мінезді адамның айыр.
- 6. Ойнап сөйлесең де, сөйле.
- 7. Ат жүйрігі айырады, жүйрігі қайырады.
- 8. тас жарады, Тас жармаса, бас жарады.

Көп нүктенің орнына қойылатын қажетті сөздер: сөз, тілің, тіл, байқап, сөзі, тіл, ойлап, тілі.

9-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғындар. Диалогқа құрылған сөйлемдерді анықтандар. Төл сөз бен автор сөздерінің жазылуына мән беріндер.

ҰЛЫЛАР ҰЛАҒАТЫ

Орта жүз Қаракесек Қазыбек он жеті жасар, кіші жүз алшын Қара жігіт он алты жасар кезінде Үш жүздің басын қосып, ел ағасы деп Төле бидің алдына бармаққа сөз байлапты. Аталған күнде Төле бидің аулына келіп түсті. Үй тігіліп, мал сойылып жатады. Төле сөз бастайды:

- Уа, әлеумет, құс ұшса қанаты талатын, ат жүрсе тұяғы тиетін, ит арқасы қиян, қашық жерден келіп отырсындар, сендерден бір сөз сұрайын: «Осы аттың күші қай жерінде!» депті. Сонда біреу отырып: «Аттың күші алдында да емес, артында да емес, ортасында» дейді. Төле ортасында дегенге қадала бір қарайды да:
- Аттың күші не алдында, не артында болмай ортасында болатын себебі калай? – лейлі.
- Бас басшы, арт қосшы, астында төрт тіреуі бар ортасы арқалық емес пе? Күш ортасында болатын себебі сол, дейді. Соңғы айтушыға Төле:

— Бұрынғылар айтқан екен: «Би үшеу болса, дау төртеу болады», — деп. Үш ел үш жаққа тартып, дау бітімі бытырамау үшін бір төбе би атап қойса қалай болар еді? — депті. Содан кейін төбе билікке әр жүз таласыпты. Ұлы жүз: «Біз боламыз, өйткені кенжелік — ата жолымыз бар», — дейді. Сонда манағы аттың күші ортасында деген жігіт айтады: «Іні төреші болмайды, артында қайырылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығарлық артында інісі бар — екі жағынан да қаупі зор, сол себепті билікті әділ айтатын төбе билік орта жүзге лайық», — дейді. Төле би жігіттерден сонда жөн сұрайды: «Аттың күші басында» деген ұлы жүз, «Аттың күші артында» деген кіші жүз, ал «Аттың күші ортасында» деген орта жүз Қаракесек Қазыбек болып шығады, сонда:

Қой асығы демеңдер, Қолыңа жақса сақа ғой. Жасы кіші демеңдер, Ақылы асса, аға ғой, —

деген бұрынғылардың айтуы бар еді. Уа, жаным Қазыбек, төбе биліктің абыройын саған бердік, айтқан сөздерің жоба болсын, — деп Төле оң жағына отырғызып, батасын береді.

(«Нұрлы жол» газетінен)



10-жаттығу. Қарамен жазылған сөз тіркестері мен сөйлемдерге түсініктеме беріңдер. Мәтіндегі айтылған ойдың «тыңдау әдебі» деген ұғыммен қандай байланысы барына салыстырмалы түрде өз пікірлеріңді айтыңдар.

СӨЗ АТАСЫ – ҚҰЛАҚ

Мазмұнды сөзге құлақ қойып, ықыласпен тындай білуге де дағды керек. *Орамды тілдің эстетикалық әсеріне*, айтылатын ойдың мазмұнына қанық болу үшін кісінің *«көкірегі сезімді»* болуға тиіс. Абай *ақыл сөзді* кімнің қалай ұғынатыны туралы былай дейді: «Қарны тоқ аса маңғаз ұқпас, сөзді ұғар көкірегі болса көзді...». Солай болғандықтан сөзді әркім әр түрлі ұғуы, әр түрлі тындауы мүмкін. Айтылған ғибратты *асыл сөз* бір құлақтан кіріп, бір құлақтан шығып жатса, онан не пайда?!

Сондықтан *кісіні тыңдай білу де — мәдениеттілік*. Көбіміз басқа біреудің айтқанын тыңдай білмейміз. Оның сөзін орынсыз бөліп, жөнжосықсыз бірдеңелерді қыстырмалап білгішсінетіндер де болады. Бәрінен де *ойсыз, есалаң сөзге есеңгіреген жаман*.

Ертегілер айтқандай, *адамның аузы біреу, құлағы екеу* болатындықтан, мылжындап көп сөйлемей, көп тындай білу де керек. *Сөйлей білу адамға қаншалықты керек болса, тыңдай білу де соншалықты керек.*

(М. Балақаев)



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз не?
- 2. Мәдениеттін қандай турлері бар?
- 3. «Сөйлеу мәдениеті қоғам мәдениетінің айнасы» дегенді қалай түсінесің?
- 4. «Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі» деген мақалдың мәнін ұғыңдар.
- 5. Адамның қандай сөз сөйлеу мәнері мен сөз саптау ерекшелігі болады?
- 6. Орфоэпиялық норма дегеніміз не?
- 7. Адамдар қандай қарапайым нәрселерді бойында қалыптастыру керек?
- 8. Мәдениетті адам қандай болуы керек?
- 9. Сөйлеу кезінде артық қимылдар жасау неге алып келеді?
- 10. Ой мен дұрыс ырғағын сабақтастыру дегенде нені түсінесің?

ТЫҢДАЙ БІЛУ ӘДЕБІ

Тыңдай білуде адам мына нәрселерді басты назарда ұстағаны абзал:

- 1. Кісімен сөйлескен кезде оның жүзіне сыпайылықпен назар салып, айтайын дегенін сабырмен тындап, асықпай, сөзінің аяғын күткен жөн.
- 2. Сөйлесіп тұрғанда ықылассыз тыңдау, мән бермей басқа жаққа назар салу, теріс айналу, сағатқа қарау, әдейі шыдамсыздану, асығыстық жасау әдепсіздік болады.
- 3. Өзге адамдардың сөзіне рұқсатсыз араласпаған жақсы. Ал егер сондай қажет болса, «кешірініз» немесе «ғафу етіңіз, сөзіңізді бөлейін деп тұрмын», «сөзіңізді бөлуге бола ма?» деген сөздермен сөйлесіп отырғандардан рұқсат сұраған жөн. Бұл әдептілікті білдіреді.
- 4. Әңгімелескен, сөйлескен адам өзің келіспейтін пікір айтып отырса да, оны шыдамдылықпен тындай білу керек. Адамның ойы таласпен, қарсы пікір айтумен бірге жүреді. Сондықтан пікірталаста байсалды болып, көңіл күйінді орнықты ұстауға тырыс. Ондайда сөзің, пікірің тиянақты, түйінді болып, ізгілікке, әділдікке сай келетін болсын.

Жоғарыдағы айтылғандардан байқағанымыз — тыңдау екі түрлі болады:

1. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдау.

Сөйлеушінің сөзіне араласып, өзара ой алмаса отырып тыңдау.

Осыған орай пікір алысып, тыңдағанда сөйлеушінің өзіндік ерекшеліктерін байқап, соған дайындық, бейімділік жасау — басты нәрсенің бірі.

Сөйлеушінің ескерілуі тиіс өзіндік ерекшелігі болады. Олар: адамның мінез-құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы.

Үндемей тыңдау белгілі бір тақырыпта дәріс тыңдағанда, жиындарда, бас қосуларда шешеннің сөзін, не басқа жағдайларға байланысты өз пікірін айтқан адамды тыңдағанда, үлкен адам өз пікірін, ойларын, құрбы-құрдастар сезім-сырларын айтқанда көптеп кездеседі. Ал қазақ халқында қыз баланың сөзді үндемей тыңдауы, кезекпен сөйлеуі — ол қыз балаға тән қалыптасып, әдетке айналып кеткен ұлттық әдеп.

Мұнда тындаушының көп жанарымен, отырыс-тұрысымен, өзін ұстауымен сөйлеушіні демеп, өзінің қалай қабылдап отырғанын сездіруі тындау этикасын білдіреді. Өзінің пікірін, ой түйінін соңынан бір-ақ айтады.

Сөйлеушінің сөзіне араласып, ой алмаса отырып тыңдағанда мына нәрселерді есте ұстаған абзал:

- серігінің көзіне, бет құбылысы, дауыс ырғағына мұқият назар аударып, сөзге араласар сәтте әдепті көзқараспен, дыбыс ырғағымен ішкі сезім күйіне әсер ету. (Сөйлеушінің, тыңдаушының көзі арқылы түсінуі тілдесудің кілті);
- сөйлеушінің ойын нақтылап алу үшін пікірге тарту. Мысалы: «Сізді түсінбедім», «Не айтқыңыз келеді?», т.б. сөз орамдарын қолдану;
- сөйлеушінің пікіріне көз жеткізу. Мысалы: «Менің түсінігімше», «сіздің айтуыңызша», «Басқаша айтқанда», т.б. сөз орамдары арқылы;
- сөйлеушінің негізгі ойын, пікірін түйіндеу, қорытындылау. Мысалы: «Сонымен сіздің ойыңыздан түсінгенім», «Меніңше, сіз былай деп ойлайтын сияқтысыз», «Сіздің айтқандарыңыздан шығатын қорытынды», «Сіздің айтқандарыңызды жинақтап қорытсақ», т.б.

Бұлай тыңдау тез түсінуге, өзара ой алмасып отыруға жағдай жасайды. Басқа тыңдаушыларға да жағымды әсер береді. Сөйлеуші пікірін тыңдаушы өз пікірімен салыстыра отырып, келіспейтін тұстарын дәл байқатады.



Тыңдау — біреудің сөзін қабылдау, оны түсіну, ойлау, қорыту. Сөйлеушінің сөзінен идеяны, ойды, эмоцияны, оның сол іске қатынасын, көзқарасын, пікірін тану.

Аузына келгенді сөйлеу — наданның ісі, Аузына түскенді жеу — хайуанның ісі. (Әлішер Науаи)

11-жаттығу. «Дос сыры», «Досы көпті жау алмайды», «Қуаныш», «Үлкендер өмірінен», «Атамның әңгімесі» деген тақырыптарының біріне адамдар арасындағы қарым-қатынас ұғымына байланысты шағын шығарма жазындар.

12-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден тұрақты теңеулерді табындар да, оның мән-мағынасын дәптерлеріңе жазындар.

Үлгі: Сол шақта найзағайдай сөз тулайды — найзағайдай тулайды.

Толқыған теңіз атқан меруерттер. Сол шақта найзағайдай сөз тулайды (Абай). 2. Күнікейді мінгізіп Телқоңырға, батырлар елге қарай желдей желді (Батырлар жыры). 3. Желден жүйрік желмаям. Білмеймін неге озбайды (Ж. Сыздықов). 4. Дұшпан тек үркіткісі келсе керек, артиллерия атысы өткінші жаңбырдай тез басылды (Т. Ахатнов). 5. Тұла бойын еріксіз билеп кеткен ащы өксік сабалап өткен нөсердей біраз солқылдатқаннан кейін тағы да толастай қалды (Х. Есенжанов). 6. Секілді ақсақ елік жеткізбейді. Дүние қуып жүрген сағымдайсың (Айтыс). 7. Сұлулығың жаздыгүнгі сағымдай алтын айдарлы жақсы жарды ойы суреттеуші еді (М. Әуезов). 8. Ақша деген өндіріс бойына су тамшысындай тамшылап, қалтаға құйылуға тиісті (Ғ. Мүсірепов). 9. Қараушы ең ұрланып. Тандағы шықтай мөлдіреп (Т. Молдағалиев). 10. Жүреді қалқып домалап. Бетінде судың көбіктей (Қ. Шілдебаева).

(Тұрақты теңеулер сөздігі)

13-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдердегі ойды қалай түсінесіңдер? Өз пікірлерінді жазбаша және ауызша баяндандар.

Жаман болса, Атаң да сүрінеді, Атан да сүрінеді. Жолға шықсаң жолдасыңның, Жүгі болса, жұбы бол. Жол сұраған кісі адаспайды, Жөн сұраған кісі жаңылыспайды. Жүрместен бұрын жолыңды байқа, Киместен бұрын тоныңды байқа.

Жолдасын таппаған ер азады, Қордасын таппаған жер азады. Жалған жолдас – көзіңе мақтар, Сырт айналып, сойылын баптар.

Жалғыз жүрсең, жолмен жүр, Жолдан жолдас косылар. Жолдан жолдас қосылса, Жолың болмас несі бар?!

Есік алдында төбе болса, Ерттеп қойған атпен тең. Ауылында қария болса, Жазып койған хатпен тен.

(Мақал-мәтелдер жинағы)



14-жаттығу. Төменде берілген мәтіннің түріне көңіл бөліндер. Ондағы диалогка мән беріндер.

СЫРЫМНЫҢ ЕКІ РЕТ СӨЗДЕН ЖЕҢІЛУІ

Сырым бір үйге қонса, бір келіншек шай құйып отырады. Келіншектің өзі жас, күйеуі шал адам екен. Сырым отырып өз жолдасына қарап:

- Япырай, аққудың қасында жапалақ жараспайды екен-ау! дейді. Сонда келіншек түсіне қойып:
- Батыр, сіз бір кезде тай жейтін Сырым едіңіз, енді қой жейтін Сырым болдыңыз, әр нәрсе өз уақытысында емес пе?! – депті.
 - Сырым шөлдеп келе жатып, бір үйден түсіп сусын ішіпті.
- Япырай, бір аяқ сусын бір кісінің құны екен ғой? депті Сырым мандайының терін сүртіп.
- Жоқ батыр, бір аяқ сусын бір емес, екі кісінің құны. Бұл сусын табылмаса шөлдеп сіз де өлер едіңіз, ұялып мен де өлер едім, – депті үй иесі.

(«Шешендік сөздер» кітабынан)

МӘДЕНИ СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

Мәдениетті, әсіресе, тіл мәдениеті жоғары азаматтар қатарына қосылу әркімнің-ақ абзал арманы. Тәрбиенің түрі көп: саяси тәрбие, эстетикалық тәрбие, адамды еңбекке, тәртіптілікке тәрбиелеу сияқты оқушының тіл мәдениетін арттырудың да мәні зор. Оның тәрбие ошақтары — жанұя, мектеп, еңбек ұжымдары, баспасөз, телевидение, радио, кино, театр, жиналыс, т.б.

1. Тіл тазалығын сақтау — басқа тілмен қойыртпақтамай, ана тілінде таза сөйлеу, артық, оғаш сөздер қоспау, бір сөзді жиі қайталап, тыңдаушыны мезі етпеу.

Мысалы, сосын, сөйтіп, манағы, иә..., ә..., және,т.б.

- **2. Тілдің сөз байлығы** сөздік қоры мол болып, синоним, омоним, фразеологиялық тіркестен, мақал-мәтелдер, жаңа сөздер, кәсіби сөздер, жергілікті ерекшеліктегі сөздер, эмоционалды экспрессивті сөздерді өз орнымен қолдану, сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғап сөйлеу.
- **3. Сөз сөйлеу әрқашан әңгімелесетін ортаға сай болу керек.** Сонда ғана нақты, түсінікті болады.

Сөйлеу сапасына мына нәрселер кері ықпал етеді:

- 1. Қандай ортада, кіммен сөйлесіп отырғанына мән бермеу, өзін сол ортаға сай әдеппен ұстамау.
- 2. Сөз мағынасын түсінбей қате сөйлеу, әдеби тілдік ерек-шеліктерді дұрыс қолданбау, айтайын деген ойына байланысты сөйлемді дұрыс құрай алмау.
- 3. Сөйлесіп отырған ортаға байланысты дауыс ырғағын, сөйлеу мәнерін сақтамау.

Әрбір сөйлемнің өз орайында әр алуан ырғақты үні, тиісті әуені, музыкалық сазы болады. Сондықтан айтылған сөз бен жазылған сөз тепе-тең бола алмайды.

Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту — сөйлеу тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі. Өйткені сөйлеген, сөйлескен кісінің үніне адам ойының нақышты бедері ғана емес, ойдың өзі көлбеп көлденең тартылады. Сөзді сөйлей білген кісіге оның ырғақты әуені шексіз. «Олақтың сөзі орынсыз жамау сияқты» дегенді қазақ халқы осындайларға арнап айтса керек-ті.

15-жаттығу. Жаттығуды көшіріп жазыңдар да, екі сыңары мағынасыз қос сөздерді тауып, олардың қандай мағына беріп тұрғандығын айтындар.

1. Абай анда-санда осы үйлерді шетінен аралап, өзінше ермек тауып кететін. 2. Дүние у-шу, ызың-ызың... Бірақ соны көмескі, бұлдыр бір тус араластай болжалдайды. Басы мең-зең. 3. Сонда ымырт жабыла бергенде, апақ-сапақта, кеш қараңғылығы қоюланған сайын, көк қаршыға, өрттей қаршыға, секүнд санап жалындай шалқып, жайнай беруші еді... 4. Оқта-текте бәйбішесі Күнкенің қасында болады. 5. Өзен жағасына келсе Оспан, Смағұл бастаған көп кішілеу балалар салқын, мөлдір суда асыр салып, шулап, ойнап, мәре-сәре боп жатыр екен. 6. Екі жағын бірдей қабындырып, кернеп алған араздық, енді болымсыз бір ілікке жете бере, астан-кестен жарылатын сияқты. (Абай жолы). 7. Үлкені бар, кішісі бар, әншейін қара сирақ балалар: бірі секіріп, бірі төбелесіп, бірі тырқылдай күліп, бірі бақырып жылап, қашанда азан-қазан болып шуылдасып жатады. 8. Ақырында әкелерінің төңірегінде ұжар-жұмар боп бұлыққан қозылардай бірінің басы, бірінің аяғы, бірі бүктісе тоңқайып, бірі шалқасынан түсіп, қарны жылтырап ұйқыға кететін. 9. Денелі адамның асыққаны қызық қой, емпелендеп аңқа-шоңқа құлап түсердей боп барады. 10. Ат үстінде ұзақ жол бойына Күсеннің көңілі алаужалау боп жүдеп, сең соққандай есеңгіреп келе жатты.

(С. Мұратбеков. Көкорай)

16-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқындар да, оның қалай жазылғандығын, мәтіннің қандай жанрға тән екендігін байқандар.

АМАНКЕЛДІ

(Үзінді)

Аманкелді келеді.

Аманкелді: Неғып асығып оралдыңыз, Тәуке?

Тәуке: «Жеті көл» жақтан үлкен қол келе жатыр..., ұнатпадым да қалаға қайта шаптым. (Пластунов пен Кенжеқара келеді)

Амакелді: «Жеті көл» жақтан күтетін қолымыз жоқ еді ғой?

Пластунов: Жалғыз «Жеті көл» жақтан емес, жолдас комиссар, әр тұстан.

Аманкелді: Бір қолымызды тапқан екен ғой, андып жүріп.

Пластунов: Әлгі айтқан осы болмаса жарар еді?!

Аманкелді: Тәуке тұрмаңыз, жөнеліңіз. Жайнаққа! Эскадрон алып тез калаға жетсін!

Тәуке: Жөнелейін, жөнелейін. (Тез кетеді)

Аманкелді: Ал, тұрмалық босқа. Қаруланындар түгел. (Штабтан оқ, мылтық, пулемет алып шығып бәрі әзірленеді. Сырттан шапқан ат, атылған мылтық... . Әр жерден күзетшілер келеді.)

Күзетшілер: Қалаға жау кіріп келеді, комиссар жолдас! Түрмені қоршап алды! Әне, осылай бет алып келеді!

Аманкелді: Осында болындар! Бұл қамалды оңай бермеспіз. Болады деген үміт үшін де алысып көргенбіз, болғанды қорғап қала аламыз, жолдастар. Миша отыр пулеметке. Үйге кір, іштен атыс. (Күзетшілерге) Сендер осы көше жақты қорғандар! Мына жерге, мына жерге бекініндер! Кенжеқара мына жерге бекін. (Бануға). Тасалана білгейсің... (сыртта атыс)....

17-жаттығу. Берілген тұрақты сөз тіркестерінің мән-мағынасын анықтандар да үлгі бойынша талдандар.

Улгі: Қара есекке теріс мінгізді — өсекке таңды, атына кір келтірді.

Көмейінде бір нәрсе тұр. 2. Жылы қабағын бермеді. 3. Көзінің құртын салып, сұғын қадап отыр. 4. Қара есекке теріс мінгізді. 5. Құдай бетін көрсетпеді. 6. Құралай бастаған киік оңбайды. 7. Қыл арқан аш тамақтан түсті. 8. Жынынан айрылған бақсыдай. 9. Мұртын балта кеспейді. 10. Мұрындық болды. 11. Оң мен солын айырды. 12. Отырсам опақ, тұрсам сопақ. 13. Отыңның басы ойнақты болсын, қораңның іші торпақты болсын. 14. Сау сиырдың тезегі емес. 15. Сыбырлап сөйлегенді Құдай естімей ме?

(Фразеологиялық сөздік)



18-жаттығу. Өленді көшіріп, қарамен жазылған сөздердің мән-мағынасын анықтандар. Өленді жаттап алындар.

БАКЫТ ІЗДЕП

Аспан астын, жер үстін шиырлаған, Бақыт жүр біреулерге бұйырмаған. Білемін, **бақыт табу** қиын маған, Несіне бақыт іздеп **құйын болам**!

Ырыстың дастарқаны жиылмаған, Бірақ ол біреулерге бұйырмаған. Білемін, бақыт табу қиын маған, Әйткенмен, бақыттан да **қиын бағам**! Аспаннан **бақыт жауса** тиылмаған, Бәрібір біреулерге бұйырмаған. Өмірдің өзі **берген сыйымды** алам, Бақыт-ау! Сенің **құның тиын** маған!

Қайтемін бақытты маған бұйырмаған, Өзімнің ырысым бар құйылмаған. Мен мынау өмірімнің **күйін бағам**, **Бақыттан басқалары** үйір маған...

Аспан асты, жер үстін мекендеген, Біреулер бақыт іздеп тепеңдеген. Бақыт іздеп жүріппін бекерге мен, **Қарызымды арқалап өтелмеген**, Ой болсашы бір күні **кетем деген**.

(Мұқағали Мақатаев)



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Тыңдай білу әдебін қалай түсінесің?
- 2. Тәрбиенің қандай түрлерін білесіңдер?
- 3. Тіл тазалығын сақтау үшін не істеу керек?
- 4. Тілдің сөз байлығы дегенде нені түсінесіңдер?
- 5. «Сөз сөйлеу әрқашан әңгімелесетін ортаға сай болу керек» деген пікірге сенің көзқарасың қандай?
- 6. Сөйлеу сапасына кері ықпал ететін нәрселер нелер?
- 7. Өздерің жақсы көрген ақындарыңнан монолог жаттап, мәнерлеп оқып беріңдер.
- 8. Тұрақты сөз тіркестері дегеніміз не?

ӘДЕБИ НОРМАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА СӨЙЛЕУДІҢ ОРНЫ

Сөз байлығы — тіл байлығы, бірақ тілдегі сөз байлығының жұмсалу аясы бірдей емес. Халық тілінде бар сөздердің көпшілігі-ақ әдебиетте жиі қолданылып, жалпы халықтық нормаға айналды да, бірқатары қолданудан қалып қойды немесе өте сирек қолданылады. Сөйлеу тілінде біраз сөздер әдебиетте кездескенімен, әдеби нормаға жатпайды.

Мысалы, *шаһар*, *кент*, *әм*, *әтеш*, *бойлай*, *жүдә* сөздері бұрынды-сонды жазушылардың шығармаларында кезедеседі, бірақ олар әдеби емес те, -қала (тағы), ылғи (әрқашан), әруақытта, (өне бойы), өте (аса, тым, мүлде) сөздері әдеби.

Сөздердің әдеби, әдеби еместігін айыру оңай емес, біреуге асыл көрінген сөз екінші біреуге жасық көрінуі де мүмкін. Әдеби нормаға қай сөз жатады, қай сөз жатпайды дегенді субъективті көзқарас тұрғысынан болжамай, әдебиетте жалпы халыққа бірдей ортақ байлық ретінде жиі қолдана ма, жиі қолданбай ма деген тұрғыдан болжау керек. Солай еткенде, әшейінде айтыла берілетін ас, шеге, тіс, су, өмір, сұлу, кір, отыз, түс, жүгір сияқты қарапайым сөздер де, махаббат, әсемпаз, дидар, жүрек, майталман тәрізді поэтикалық сөздер де, мүсін, құрылыс, жарыс, өнеркәсіп, радио, атом сияқты терминдік мәні бар сөздер де әдеби тіліміздің сөз байлығы болып есептелелі.

Қазақ әдеби тілінің сөз байлығы жалпы халықтық қасиеті бар байырғы және өзге тілдерден ауысқан сөздерден, ғылымның, өнербілімнің, техниканың, саясаттың, мәдениеттің әр алуан терминдерінен құралады.

Сөйтіп, қазақ тіліндегі сан алуан сөздердің әдеби тілге тәндері – әдеби нормаға жататындары бар, әдеби тілге тән емес, одан тыс, сөйлеу тіліне ғана жататындары бар. Соларды айыра, тандап, талғай жұмсасақ, әдеби тілдің лексикалық нормаларын тұрақты етуге мұрындық болар едік.

Сөйтіп, «лексикалық норма» дегеніміз — әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан тұлғада, жалпыға ортақ мағынада жұмсалуы.

19-жаттығу. Қарамен жазылған сөздерді теріп жазындар да, оның мәніне көңіл бөліндер. Мәтіндегі сөйлемдерді айтылуы мақсатына қарай ажыратындар.

- Екінші ойынынды әлгіндей емес, *сағырақ* ойнауға тырыстым. Үнемі қыздан жеңіліс таба беруге болмайды ғой. Бірақ үш-төрт жүрістен кейін Жанар менің үш *пешкамды* бірден қырып салғаны.
- *Әллуі!* деп, жағымды шапалақпен бір салып, отырдым да қалдым. *Берекесі бір ұшқан* ойынның мәні бола ма?! Лезде тағы ұтылып қалдым. Бұл жолы топырлатып, алты-жеті бұзау айдапты.
- Байыдың, байыдың! деп, Жанар одан әрмен мәз бола түсті.
 Енді менің намысым келе бастады.
 - Қазір ұтамын, дедім сенімді үнмен.
 - Ұтпасан не боласын?

- Не бол десен, *со болайын*.

- Дүние жүзіндегі барып тұрған мақтаншақтықтың өзі боламысын?
 - Жарайды.

Үшінші ойын шиеленісіп басталды. *Әу дегеннен-ақ* өзі пешкадан қарпысып алдық. Бірақ біраздан кейін ойынның *ара салмағы* тағы өзгере бастады. Бір-екі жерде *мұлт жіберіп* алдым. Жанардың екі пешкасы тағы артып кетті.

— *Әй, бәлем*, көрермін жеңілмегенінді, — деп, *қанаттанып*, оның мерейі аса түсті.

(Б. Соқпақбаев. Менің атым Қожа)

20-жаттығу. Берілген мәтіннен күрделі сөздерді табыңдар да, қандай сөздерден құралғандығын анықтандар. Күрделі сөздердің қай сөз табынан жасалғандығын және қай сөз табына жататындығын ажыратындар.

Алыпсоқ төбет баланы дереу тыңдады. 2. Шабандап, көмейінен қырық-қырық барлығын сарқып үріп, бізге ала көзбен бұрылшақтай қарап, тайып отырды. 3. Содан төкпей-шашпай бір-бір кеседен құйып ішіндер деді. 4. Бұл ауаның ауа райы мен жер келбеті төменгі жазыққа еш ұқсамайды. 5. Сепкіл бет әлгі орнынан тапжылмай мыналар қайтеді дегендей бізді көңілмен бағып, көңліндегі күдігін не айтпай, не Сұлтанның айтқанына сене алмай дел-сал болып тұр. 6. Әлдекім шала мүжіп тастаған мойын омыртқаны қомағайлана тістелеп жатты. 7. Дәулет жейдесін түріп жіберіп, сатпақ-сатпақ кір қарнын алдыма тосып, беліндегі белбеуін көрсетті. 8. Сұлтанның қолындағы көк қаракөл аспаннан түсті ме, қайдан пайда бола қалды? 9. Бір шеті сонау Алматы болып қилы дәрежелі қонақтар қатысқан «ЗИМ», «ЗИС», «Волга», «Победалар» қаздай тізілген. 10. Тойбасы қарсы жаққа дауыстады.

(Б. Соқпақбаев. Менің атым Қожа)

21-жаттығу. Берілген мәтіннен қарамен жазылған сөздерді теріп жазындар да, сөздерді топ-тобымен жинақтандар.

«Москвичтер» мен Қаратайдың мотоциклі тәрізді үш дөңгелекті салдырлақ мотоциклдерді машина санатына қосып та отырғаным жоқ. 2. Осылай қара жұмыста жүріп, тартып отырған болу керек, үстінде май-май көне комбинзон. 3. Мен артыма бұрылып қарасам, көкжасыл кепкасы қалқиып, жейдесінің етегі өрге қарай таңқая түсіп, Дәулет саудагер үй сыртында бізді көзімен ұзатып әлі қарап тұр екен. 4. Дәулет

өрешенің ішінен бұрын ішіне қымыз құйылған кішірек бір көк *кострюльді* алып шықты. 5. Ол ерте қырындап отырған күйі аттың тізгінін тежеді де, қалтасынан бір *пачка сигарет* суырып алды. 6. Сұлтан *магазиннен галифе* шалбарының екі қалтасы тырсиып, ұрты шодырайып шайнандап шықты. 7. *Колхоз председателінің* жирен жорғасына дөп келгенімді көрдің бе? 8. Оныншыны бітірген соң *армияға* шақырылдым, ал Жанар болатын болса, *институтқа* оқуға түседі.

(Б. Соқпақбаев. Менің атым Қожа)



22-жаттығу. Берілген мәтіннен қарамен жазылған сөздердің синонимдерін үлгі бойынша жазындар.

Үлгі: ауытқиды — ауысады, өтеді, өзгереді... , **әділдік** — адалдық, шындық.

Ел басқарушылар да кекшілдік пен күншілдік үстем болса, ел басшылары, патшалар әділдік таразысынан ауытқиды. 2. Дастанның бірінші бөлімінде Ескендірдің дүниеге келуі сөз болып, оның жасынан-ақ басына тәжі киюі сыр шертеді. 3. Ол шәкіртіне, қоғамдық өмірге кесірін тигізетін нәрселерден бойын аулақ ұстауға ұмтылады. 4. Шәкіртін нағыз халықшыл, қанағатшыл болуға, адал еңбек етіп жалғандықты жоюға, батыл адамдармен дос болуға үндейді. 5. Көне тарих бетін парақтай отырып, ой көзін өткен өмір сырларына жан-жақты қадаған сайын, не-не киелі жандар мен ұлы-ұлы тұлғалардың кемеңгерлігін аңғарамыз. 6. Әлішер Науаиды өзіне ұлағатты ұстаз ретінде танып, оның шығармаларын ерекше сүйіспеншілікпен оқиды. 7. Өзбек әдебиеті тарихында тұңғыш рет ғұмырнамалық шығарманы өмірге алып келген, нағыз публицист қаламгер.

(Қалдыбек Сейданов. Дархан дарындар)



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Әдеби және әдеби емес сөз дегеніміз не?
- 2. Жалпы халықтық норма дегеніміз не?
- 3. Әдеби нормаға қандай сөздер жатады?
- 4. Қарапайым сөздер дегеніміз не?
- 5. Терминдік мәні бар сөздер дегеніміз не?
- б. Әдеби тіліміздің сөз байлығына қалай түсінесіңдер?
- 7. Өзге тілдерден ауысқан сөздерга қандай сөздер жатады?
- 8. Лексикалық норма дегеніміз не?

🐉 ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОЭПИЯСЫ 🐉

ДҰРЫС АЙТУ НОРМАЛАРЫ

Сөз ауыздан шығып, құлаққа естіледі де, кісінің ойынан қоныс табады. Сөйлеу тілінің бұл қасиеті ауыздан шыққан сөздің дәл, анық айтылуын керек етеді. Анық айтылмаған сөз көмескі естіліп, көздеген жеріне жетпей жатады.

Баяу дауыспен жайбарақат сөйлеп отырған кісінің әрбір сөзі үйреншікті дәстүр бойынша айтылуға тиіс. Сөздердің сондай жалпыға бірдей, қалыпты айтылу нормасын — орфоэпия дейміз. Сөздерді әдеби тілдегі жалпыға бірдей ортақ нормада айтып сөйлеу — кісінің тіл мәдениетінің жоғары екендігінің белгісі. Сөздердің жазылу ережелері жиынтығын — орфография дейміз.

Қазақ сөздерінің айтылуы мен жазылуы арасында үлкен айырмашылық жоқ. Сонда да пышақ, жиырма, мақта, өнеркәсіп, филармония сияқты сөздерді дұрыс айтып үйренбеген кісі — бышақ, жігірма (жерма), пахта (махта), өнеркесіп, пилармония деп айта береді. Мұндай сөздерді бұзып сөйлейтін кісілердің айтқаны да пәлендей берекелі болмайды. Әдеби тілде сөйлеуге төселген құлақ, бұзылып айтылған сөздерді тосырқай тыңдайды. Сондықтан сөздерді дұрыс айтуға, сәніне келтіріп дұрыс сөйлеуге үлкен мән береміз.

Әдеби тіл дамыған сайын оның грамматикалык құрылысында біркелкілік, бірізділік үстем бола береді де, оның сымбаттылық қасиеті арта түседі. Қазақ тілінің грамматикалық амал-тәсілдері, тұлғалары, құралу тәртібі белгілі қалыпқа түсіп, жұртқа әбден дағдылы болған: сөз таптарының, сөз тұлғаларының, сөйлем құрылысының алуан түрлі бөлшектері қиюын тауып қалыптасып кетті. Грамматикалық құрылыстың сол қалпын — *грамматикалық норма* дейміз.

Грамматикалық нормалар грамматикалық ережелер негізінде, әдеби тілдің қалыптасу барысында жасалады. Әдеби тілде бардың бәрі бірдей норма бола бермейді. Тілдегі жекеленген қосымшаларды көптеген сөзге жалғап айтуға болғанымен, солардың көбінің жалғану шегі бар. Мысалы, қолдады, көздеді, бұзаулады, сүйемелдеді деп айтуға болады, ал кітаптады, жүректеді, бөлтіріктеді, тартыстады деп айтылмайды.

Сөйлеу тілінде сөздерді қысқартып жым-жылмақай етіп айту көп кезедеседі.Ондайдың дөрекі екенін байқамай кейбір авторлар сол қалпында бұзып жаза салады. Мысалы, С. Бақбергеновтің «Қайда



екен сол бала?» деген әңгімесінде мынадай сөйлемдер бар: «Ол жау тылына өтіп, аса құнды тіл де **апты.** Бірақ көзге түсіп **қапты**». Немесе: «Орал жақтан әкелінген тұтқын бар еді, оны біз «оралдық» деп **атағымыз**».

- **23-жаттығу.** Берілген сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздерге мән беріндер. Ол сөздер қандай сөздер екендігін айтындар.
- 1. Жаппаның ашық тұрған есігінен үп-үлкен керзі етік киген аяқ көрініп жатыр. 2. Осылай қара жұмыста жүріп, тартып отырған болу керек, устінде май-май көне комбинезон. 3. Қаратай еңсесін көтеріп малдас құрып отырды. 4. Қаратай хош айтысты да, мотоцикліне отырып, кетіп қалды. 5. Онда автордың бұл еңбегі, мүмкін, шағын повесть емес, кітап *магазині полкасының* белін қайыстыруға жарарлық *нән* романға айналар еді. 6. Ол үшін құшақ-құшақ қағаз, құрығанда бірер бөтелке сия керек. 7. **Жо, жо,** роман жазу менің жасымда, тіпті де, қол емес. 8. Нелер жорға-жүйрік *сәйгүліктерді* сол тауып әкеледі. 9. Тойдың *дақ***пыртын** естігеннен бастап-ақ **делебеміз** қозып, күтіп жүрдік. 10. **Пал**уандар күресі болып жатқан. 11. Ұйғыр ауданы бойы сорайған, менен де өткен қап-қара қоңқақ мұрын бір баланы шығарып еді. 12. Мен іштен қайыра шалып жығуға машық едім. 13. Бұ несі, мыналардың не ойлағаны бар дегендей кер бие қамытқа үркектеп қарайды. 14. Постремканың ұштары тұлыққа жалғанып жатқан кезде кер бие бір тықырдың тақалғанын сонда анық аңғарған. 15. Анкета толтырғанда қолдары дірілдеп, жүректері толқып тұрады.

(Б. Соқпақбаев. Менің атым Қожа)

24-жаттығу. Берілген сөйлемдердегі асты сызылған сөздерді теріп алып, үлгіде көрсетілгендей орфоэпиялық ереже бойынша жазындар.

Улгі: cұлулық — cұлұулұқ

... Ойшыл демократтардың айтуына қарағанда, <u>сұлулық</u> атаулының бәрі әйелге деген <u>сүйіспеншіліктен</u> туған болып, сол әйелдердің әсемдігі еркектерге қанат бітіріп, шабыт беріп келген екен. Міне, осы ой-<u>тұжырымдардын</u> бәрі, махаббатқа келіп тақалады. Иә, махаббатқа! Сұлулыққа құштар болған соқыр <u>көбеле</u> көзін шамға соққандай, еркектердің де махаббат жолында талай азап <u>шеккендігін</u>, тіпті жанын құрбан еткендерін кітаптан оқып, теледидардан көріп <u>жұрміз</u>. Мұның айғағы ретінде Қыз Жібек пен <u>Төлегенді</u>, Қозы <u>Көрпеш</u> пен Баян Сұлуды, Ләйлі мен <u>Мәжнүнді</u>, Фархад пен Шырынды, Естай ақын мен Қорлан

аруды, Ромео мен Джулеттаны, Тристан мен Изольданы тағы сол сияқты <u>бірнеше ғашықтарды</u> атап өтуге болады. Дегенмен, сол <u>кұдіреті</u> күшті «махаббаты» еркектерге қарағанда, әйелдер қадыр-қымбат санап, <u>кұпия тұты</u>п, берік сақтауға әрекет еткен. <u>Өйткені</u> — «махаббат» — әйел үшін шын мәніндегі ұлы ұғым, әрі бүкіл <u>ғұмырының</u> мазмұны болып калмак.

(М. Арынов. Таудағы жаңғырық)

25-жаттығу. Берілген суретке қарап шағын әңгіме жазындар. Әңгіме жазуда сөздердің орфографиялық ережелерін есте сақтандар.



26-жаттығу. Берілген сөйлемдерден жергілікті ерекшелігі бар сөздерді табындар да, оған талдау жасандар.

1. Сол құдіреті күшті «махаббаты» еркектерге қарағанда, әйелдер қадір-қымбат санап, құпия тұтып, берік сақтауға әрекет еткен. 2. 2002 жылы мамам қатты ауырды. 3. — Жоқ папа, олай дей көрмеңіз, өтінемін! Папашым, мені шынымен қабыл еттіңіз бе? 4. Үнемі кешкі пойыз келерде, біреу келіп қалатындай, вокзал жаққа аңсары ауып, тігіліп қарап

отыратын. 5. Бойдақ болған соң кәйтейін, ұлты орыс болса да, жылы сөз айтқан соң ішім жылыды. 6. — Күләш-ау, бері келші, саған бір жаңалық айтсам ұрыспайсың ба? — дедім дамбалын сулап қойған баладай, жасқанып. 7. Оданда ұста тауып, үйдің ремонтына кіріс, — деп асханадан шығып кетті. 8. — Күләш, сен қазанда ет қуырғанында өзгелердікіндей майдың тықыр иісі емес, еттің дәмді иісі келеді. 9. Ақыры болмады, тағатым таусылып, одан суреттерін интернет арқылы жіберуін сұрадым. 10. Ертеңіне қызымның мәшинесімен қаланың керемет жерлерін тамашаладық.

(М. Арынов. Таудағы жаңғырық)



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Дұрыс айту нормаларын қалай түсінесің?
- 2. Орфоэпия нені тексереді?
- 3. Орфография заңдылығы қандай заңдылық?
- 4. Сөздердің айтылуы мен жазылуында қандай айырмашылықтар болады?
- 5. Лексикалық нормаға қалай түсінесің?
- 6. Грамматикалық құрылыс дегеніміз не?
- 7. Грамматикалық норма деп неге айтылады?
- 8. Лексикалық және грамматикалық нормалардың қандай айырмашылықтары бар?
- 9. Сөздерге қосымшалар қалай жалғанады?
- 10. Жеке авторлардың сөздерді қолдануына көңіл бөліңдер.

СӨЙЛЕУДІҢ ДӘЛДІГІ

Сөйлеушінің сөзіне риза болып, айызы қанған адамның *«дәл айтты, тауып айтты»* деп, өзгенің сөзіне баға беріп отыратын кездері бар. Рас, сөйлеуші өз ойын өзгелерге дәл жеткізе алмаса, жаңағыдай бағалаудың болуы да мүмкін емес. Сондықтан әсерлі айтылған сөзді *«дәл айтты, тауып айтты»* деп түсінеміз.

Сөз дәлдігі деген сапаға қойылар талаптың бірі — сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану. Сөзді тілдегі мағынасына сай талғап, таңдамай қолдана салудың баспасөз беттерінде кездесетін кейбір мынадай: «Мен келген кезге дейін бұл аймақта қой басын өркендетуге мән берілмей келеді екен» (журналдан) деген сөйлемдер кездеседі. Осындағы шырқы бұзылған қолданысқа назар аударсақ, дәл айтуға «мұқтаж» болып тұрған сөздердің менмұндалап тұрғандығын байқайсың. Қой шаруашылығын өркендету деп айтуға болатындығы белгілі, ал қойдың басын қалай өркендетуге болады? Әңгіме қой санын көбейту жөнінде емес пе?!

Сөздерді өз мағынасына сай қолданбау, дәлдіктен көз жазып қалу, әсіресе, басқалардан гөрі дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әр басқа немесе бір түбірден тарап, дербес мағынаға ие болған сөздерді жұмсау да жиі кездеседі: «Енесі сүйектерін сырқыратып орнынан қозғалды» (кітаптан); «Жігіт жусан иісіне еліктеп, жас болғанын сезбеді» (журналдан); «Мүйізден зерделенген сандықтың құрсау қаңылтырлары ғана жатыр» (журналдан). Бұл жерде сырқыратып емес — сыртылдатып; еліктеп емес — елітіп; зерделенген емес — зерленген деп қолданып, дыбысталуы ұқсас сөздердің мағыналық жағын ажырату аса қажет.

Сөз — болмысты бейнелейді. Сөз — шындықтың санамызда сәулеленуі. Айналамыздағы заттар мен құбылыстар сөз арқылы таңбаланады. Осыған сәйкес бізді қоршаған «құбылыстар» мен «сөз» арасында белгілі бір қатынастың бар екендігін аңғарамыз. Кейде сөз дәлдігін сақтай алмай, көп жазып қалуымыздың үлкен бір себебі «зат» пен «сөз» арасындағы байланысты жете тани алмауымыздан. «Сөзді» білмесең, сол сөздің қандай заттың таңбасы, бейнесі екенінен бейхабар болсақ, сөзді сол заттың мағынасына сай қолдандық деп айта алмас едік. Кейде дәл қолдана білмеуіміздің себебі, «зат» — «сөз» қатынасын дұрыс ұқпауымызға байланысты.

27-жаттығу. Курсивпен асты сызылып жазылған сөздерді теріп жазындар да, оларды мағынасына қарай топтандар.

Үлгі: Ауру — сырқат,

1. 1945 жылдың көктемінде кездескен сырқаттан жазушы қайтыс болды. (С. Мұқанов). 2. Ауылдағы ең бір ауқатты, -күйлі тұратын жанұя — ауылдық кеңестің төрағасы Батырханның үйі (Б. Соқпақбаев). 3. Неше түрлі әдемі оюлар салған жаңа сырнай оған қатты ұнады (С. Бақбергенов). 4. Шығыс Түркістандағы қызай аталатын руды Жүсіп деген бай билейді (Х. Сүйіншалиев). 5. Бұл ауыл уезд қол астындағы ең дәулетті адам Дабылбайдың аулы еді (Х. Есенжанов). 6. Бала-шағасының анасы, отыз жыл отасқан зайыбы Ақбике аяқ астынан ауруханаға түсіп қалды (Ж. Алтайбаев). 7. Үйдің екінші жағында алуан түрлі әшекейі кете бастаған ағаш төсектің үстінде ұйықтап жатқан өзінің шалы Қазыбектен басқа бұл үйде қазір жан жоқ (Ә. Әбішев). 8. Ұрының қатыны өзіне лайық дегендей, жұбайы да өзіне лайық екен-ау! (Ө. Тұрманжанов). 9. Сенің анаң Зейнеп көп жыл отасқан қосағым еді. (А. Мекембаев). 10. Аурудың жеңіл не ауыр өтуі де нерв жүйесіне тығыз байланысты

(М. Қайрақбаев). 11. <u>Әйелің</u> жақсы болса, қонағың мен үйіңнің тұрағы («Ел аузынан»). 12. Шебер қол ақ жібекке <u>өрнек</u> салған, бір қымбат нәрсе екен-ау жүрер есте (З. Шүкіров). 13. Қасым Аманжолов бұл кезде қатты хал үстінде, төсекте ауыр <u>науқас</u> күйінде жатыр еді (Ғ. Қайырбеков).

28-жаттығу. Берілген сөзердің синонимдерін үлгі бойынша жазындар.

Үлгі: Д**ұрыс** — жөн, тура, түзу, түзік, жөндем, жөнді, оңды.

Абырой, дабыр-дұбыр, аталас, салтақ-салтақ, адам, ақ жүрек, келбет, бақшию, одырандау, шегеру, аз-маз, көріксіздену, айбат, қорек, некен-саяқ, айбатты, айғай-шу, айналайын, айлакер, айран, сөйлет, айырбастау, ер-тоқым, отағасы, аңқылдақ, данагөй, ақылды, жыршы, дегенмен, бассыз, талпақ, алау, әліппе, нардай.

29-жаттығу. Айтылуы мен жазылуы бір, бірақ мағынасы басқа-басқа 10 сөз ойлап табындар да, оларды қатыстырып сөйлем құрандар.

Үлеі: жаз — мезгілдің бір түрі; жазумен баланысты қимыл-әрекет; көңілдің кірін жазу (ауыс мағына). Мысалы: Мен биыл жазғы демалысымды Ресейде өткіздім. Бақдәулет әпкелерінің телефон номерлерін өз телефонына жазып алды. Әпкелері інісінің көңілін жазуға әрекет етті.

30-жаттығу. Берілген сөйлемдерден тұрақты сөз тіркестерін табындар да, олардың мән-мағынасын анықтандар.

1. Бұл бір қырық қазанның құлағын тістеп қалған бір сорлы, таң атқаннан күн батқанға дейін өстіп қаңғырады да жүреді (Ауызекі тіл). 2. Әй, сол үйді қойшы, қырықпышақ болады да жатады (Ауызекі тіл). 3. Осы кезде алыстан шырқаған әнді ести түсіп, Есбикенің қызы Сақып жыртық жабу үстінде қырық құрау болған ескі көйлегінің тізесін жамай отырып, үй сала алмай, қысылып жылайды (М. Әуезов). 4. Қозекем ойына ойнар, дүкен құрып, Ашуланса кетеді топты бұзып («Қозы Көрпеш — Баян сұлу»). 5. Дүниені бір тиын есеп көрмейтұғыны, жомарттығы, әртүрлі белгісі бойында тұрмас па еді (Абай). 6. — Біздің жақта тартылып жүретін «Жамбас сипардың» әні құлағыма жылы ұшырап кетті, елді сағынғандығым шығар деймін, — деп, келіншек күрсініп қойды (І. Жансүгіров). 7. Аяқ астынан ұсталып қап, торға түскен құстай, екеуіне кезек-кезек жаутандаған түрін көріп, осы әйелді аяп кетті. Жылы сөйлескісі келді (Т. Ахтанов). 8. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады (Абай).

- **31-жаттығу.** Берілген сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздерге мән беріп, оның қандай мағынада қолданылып тұрғандығын анықтандар.
- 1. Бұл әлі өзінді де ауылдан қалаға, қаладан ауылға талай **ұшырады**. 2. Әрине, мұнан да күшті *қанат*, адамды биікке *самғататын* ой мен білім бар. 3. Ашы дауыстан, сауырын асқан қайыс делбеден ашынған ат қосаяқтай жөнелді. 4. Оразымның өз соқпағы өзіне қайырлы болсын! Кадамы, талабы құтты болсын! Ақ ниетім осы. 5. Жамбыл әкеңнің атағы шыққалы осы мандағы жастар домбыраға *үйір*. 6. Ораздың бұл сөзі әлгі жауаптың *дудәмалдығын* білдіретін сұрақтай болып шықты. 7. Албырт жастың ұшқындаған ойы ұрыншақ болмай ма?. 8. Көк кемерін шарлаған көзімен сонау Қаскелең шатқалын өрлеп өтті. 9. Кәні, қарынды ұстап көрейік, қолыңды әкелші, – деді сәл күлімдеп. Тәрбиешінің жұмсақ үні... 10. – Жаржағың жақсы бала екен. Сенің ширақтығыңның себебін түсіндім. 11. Ол осы кеште алғаш рет жігіт боп қызбен әткеншек теуіп, алғаш *тіл қатып, жүрегін жарып шыққан ыстық* **лепесін** айтты. 12. Бозбаланың жігіттік, қыздың бойжеткендік сезімі ерекше ынтызарлықпен басталатынын басынан кешпеген Ораз осылай толғанып, ауылға тағы бір көз тастады. 13. Ол қазір жұмысшылары кіріп-шығып жатқан ауланың төр жағындағы төрт қабат қызыл кірпішті үйге *көз қадап тұр* еді.

(Ж. Арыстанов. Жер ұйығы — Жетісу)



32-жаттығу. Берілген сөздерді орфографиялық ереже бойынша дұрыс жазындар.

Үлгі: аузынаң ғағынұу — азынан қағыну.

Аунап түсүү Аурұуға шалдығұу Аузынан ғұм ғұйылу Аузына ғарау Аузынан сұу ағұу Көзүн жұмұу Әргелкілік Әрійне Әрғалай Әрғашан Әртүрлүәңгімелембеу Әншіғұс Әнтек полуу Әң-күй сабағы Атқұлағы гөрүмбеу Аттұйағы тіймеу Аттұйағы жетержер Аттұмсұғұн тіреу Атқұйрұғұн үзүу Атқұйрұғұн гесүу Атасында гөрмөгенді Ат-тұрмаңға Атомгүшү Атом өнөргәсібі

ДҰРЫС СӨЙЛЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Әрбір халықтың әдеби тілінде айтылудың жалпыға бірдей ортақ және қалыптасқан бірыңғай нормалары болады. Солар жайындағы ережелердің жиынтығы *орфоэпия* деп аталады. Әдеби тілдің орфоэпиясы дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерін ғана емес, сонымен бірге сөздер мен фразалардың да дұрыс айтылу ережелерін қамтиды.

Сөз құрамындағы дыбыстар немесе сөздердің арасындағы дыбыстар бір-бірімен өз ара үндесіп, үйлесе айтылады. Сөйлеуде олардың үндестігін анықтап, нақышына келтіре айту үшін тілдің дыбыстық жүйесінің табиғатын, дыбыстардың бір-біріне әсер ету зандылықтарын жете білу қажет.

Сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы мен айтылуының бірбіріне әрқашан сайма-сай келе беруі шарт емес. Тіл-тілдің әрқайсысында жазылуы мен айтылуының арасында пәлендей айырмашылығы болмайтын сөздердің де бар екені рас. Дегенмен әрқашан бұлай бола бермейді. Мысалы, қанқұрт, сөнбеді деген сөздерді жазылуына қарап дәл осылайша оқу орфоэпиялық жақтан дұрыс болмас еді. Бұларды айтқанда, ол сөздердің ішіндегі дыбыстардың бірбіріне әсер ету, соған орай, өз ара үндесу ерекшеліктерін сақтау қажет. Бұл сөздер жоғарыдағыдай жазылғанмен, қанғұрт, сөмбеді түрінде айтылады.

Әрбір сауатты адам үшін жазудың ережелерін меңгеріп, дұрыс жаза білу қаншалықты қажетті және міндетті болып саналса, айтылудың ережелерін меңгере білу, сөйлеуде үндестілікті сақтап айту, жалпыға ортақ қалыптасқан қағидалардан ауытқымау да соншалықты қажет және міндетті болып саналады.

33-жаттығу. Берілген сөздердің жазылуы мен айтылуын орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктерге қарап салыстырындар.

Бұлаңдау Бұйрық Гауһар	Поэма Ұшқыш Дүйім жұрт Ешкім	Әлдебір Әркім Кемеңгер
Дефис	Ешкім	Кемерлену
Драматургия	Ешқайда	Кемсінбеу
Ботагөз	Айғай	Аюдай
Автосалон	Амангелді	Аэропорт
Автоколонна	Автомат	Аэровакзал
1 IDTORONOMINA	1 Ibi omai	Tiopobunousi

- **34-жаттығу.** Көшіріп жазып, қарамен жазылған сөздерді орфоэпиялық заңдылыққа негізделе дұрыс оқындар да, сөйлемде кездесетін ауыспалы мағыналы сөздердің астын сызындар.
- 1. Жол *бойындағы* бұталар анда-санда сілкініп, жапырақтары суыл қағып назданады. 2. Көз алдына күн емес, шарға ұқсаған *дөңгелек*, қып-қызыл от сонау бір *көкжиекке* кіріп бара жатқандай. 3. Осыдан кейін Арқаның сирек кездесетін, әдемі, *үнсіз*, таза, *мөлдір* түні басталады.4. Ауа әрі жұмсақ, әрі тәтті, көкірегінді керіп, ішкі сарайынды толтыра береді. 5. Сен *өмірде* болмаған құштарлықпен жұта бересің. 6. Шіркін, Көкшенің *тынық* түні, сені кім *сүймес*!

(Жұмағали Саин)

35-жаттығу. Айтылуы мен жазылуы сай келіп тұрған сөздердің астын бір, сай келмейтіндерін екі сызындар.

1. Келгенін есіттім де, ағаны көруге жетіп бардым. 2. Сонда мен мән-жайды ашық айттым да: «Ау, отағасы, ел шетіне келіп өзбек бауырларынызды көрмей, аттап өтіп кеткеніңіз қалай»?! — дедім әзіл араластыра. 3. Хамид Ғұлам тамаша ақын болумен бірге, кемел драматург, аса талантты прозаик, әрі мықты аудармашы. 4. Шығармадағы бас кейіпкер Фармон бибі ролін Қазақстан халық әртісі, марқұм Сәбира Майқанова асқан шеберлікпен орындаған болатын. 5. Аталмыш жинақтарында сұрапыл соғыс жылдарындағы өзбек жауынгерлерінің ерлік істері мен тылдағы еңбек адамдарының қажырлы еңбектерін сипаттайды.

(Қалдыбек Сейданов. Дархан дарындар)

36-жаттығу. Төмендегі сөздерді берілген үлгі бойынша айтылу ережесі негізінде жазып көрсетіндер.

Мөңіреу	Тосырқау	Мазасы кетті
Мөлшерсіз	Май-қаймақ	Жұлын
Пүліш	Майталман	Жүйрік
Сөгілу	Құлын	Жүзгіш
Сөйлегіш	Жасырын келу	Жүкті
Сөздік	Қыстыгүні	Жүксіз
Жүйрік	Жүйткі	Жексенбі



37-жаттыгу. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар. Қарамен жазылған сөздердің синонимдерін табындар.

ЖИДЕБАЙ МЕН ҚАРАМЕНДЕ СӨЗДЕРІ

Әлтеке Жидебай батыр әрі *шешен* болған екен. Жидебай көп жасап, көпті көріпті. Тоқсан бес жасқа дейін өмір сүріп, *нәсілі* өсіп, немерелішөберелі болыпты.

Бертін қартайған кезінде *жастық* шағының *жолдасы* Қараменде би есіне түсіп, өткен жастық *уағындағы* істерін қартайып қажығандағы өзгерістерін айтып пікір алыспақшы болуды ойланады.

Ол кезде ел арасындағы *қатынас* тек атпен ғана болғандықтан өзі бара алмайды да, ел танып, сөз мәнісін білетін бір жас жігітті шақыртып:

— Шырағым, Тобықтыда Қараменде деген *досым* бар еді. Көрмегелі көп жылдар болды, сағындым. Өзім іздеп баруға *шамам* жоқ, о да қартайды, іздеп келе алмайды. Соған айтатын бір сәлемдерім бар еді, соны жеткізіп келші, — дейді.

Жігіт келіскен соң Жидебайдың айтқаны: «Бес ауыз бір *сөзім* бар, алты ауыз бір сөзім бар. Осыларды бірі мен бірін шатастырмай анықтап ұғып ал», — деп тапсырады. Ол кезде көпшілік хат танымайды. Жидебайдың айтқан сөзін жігіт жаттап алады.

Бес ауыз бір сөзім:
Төрт нәрседе үміт бар.
Бір нәрседе үміт жоқ, —
Осыны айт дейді.
Алты ауыз бір сөзім:
Мұсылман жаудың қолында қалдым,
Бес атаның малын іздеп әуре болдым.
Алпыс ат үйір бермейді.
Жетпіс торғай шырылдайды.
Сексен балапан ұя басып жатыр.
Тоқсан жұмыртқа қашан жарылары белгісіз,

– дейді.

Жаздың күні, жайлауға қонған қалың елді аралап бірнеше күн жол жүріп, бағанағы жігіт Тобықтыға жетіп, Қараменде биді іздеп табады.

Біраз күн жатып, тынығып *ел* жайы, *ер* амандығына қанысқасын жігіт қайтпақшы болады. Сонда Қараменде: «Жидекем тірі болса, маған басқа *сәлем* айтпады ма?» — деп сұрапты.

Сонда жігіт батырдың сәлемін айтыпты. Қараменде *шартта* жүгініп отырып, көп толғанып ойланды. Біраздан кейін:

Төрт нәрседе үміт бар дегені: адам баласы төрт үмітпен жүріп өтеді екен-ау, — дейді:

Жас өсемін деп үмітті, Жалғыз көбейем деп үмітті, **Жарлы** байимын деп үмітті, **Ауру** жазылсам деп үмітті.

Бір нәрседен үміт жоқ дегені:

Шіркін, көктемі мен жазы өтіп жапырағы қураған ағаштай, ұрты солып, жағы суалған *кәріліктен* ғана үміт жоқ екен, — дейді.

Алты ауыз бір сөзім дегені:

Мұсылман жаудың қолында қалдым дегені: «Бірге жасасып, *тәтті* өмір сүріскен, бір-біріне иістері сіңіскен жастық шақтағы *жұбайы* қайтып, жесір болып, келін баласының қолына қарап қалған екен ғой. Екі елі аузына төрт елі қақпақ қойса, балаға сонда ғана сыйымды болады», — депті.

Бес атаның малын іздеп әуре болдым дегені: «Қайран батыр қартайып, көзі көр болған екен ғой. Жастан *серік* болған бес жолдасы: мәсуек, тәспик, орамал, бәкі, қамшы болар. Осылардың басын құрап жинау үшін жан-жағын сипалап іздеп тапқанша, түске дейінгі уақыты өтеді екен ғой. Жанына жан қалта, төсіне төс қалта салсын», — депті.

Алпыс ат үйір бермейді дегені: «Алпыс жас ағайынды жауға беріспейтін *қайрат-күштің* қайтпайтын кезі екен ғой.

Жетпіс торғай шырылдайды дегені — жетпісте торғайдай ғана қуатым қалады дегені екен ғой.

Сексен балапан ұя басып жатыр дегені — сексенде ұяда жатқан балапандай төсек тартып жаттым дегені екен ғой.

Тоқсан жұмыртқа қашан жарылар білмеймін дегені — тоқсаннан асқан жасым бар, бір аяғыммен қабірдемін, ақ тағдыр қашан жетеді деп күтудемін дегені екен ғой», — депті.

(Қ. Жидебаев, Ж. Дәулетбекова. Қазақ тілі)



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Сөйлеудің дәлдігіне түсінік бер.
- 2. «Сөз шындықтың санамызда сәулеленеуі» дегенді қалай түсінесіңдер?
- 3. Айтылуы және жазылуы бір, мағынасы басқа-басқа сөздерді не деп атайды?
- 4. Дыбыстардың тіркесі нені құрайды?
- 5. Орфоэпиялық ережеге қалай түсінесің?
- 6. Қазақ тілінде дыбыстар қалай үндеседі?

- 7. Дұрыс сөйлеу мен бұзып сөйлеуге түсінік бер.
- 8. Анық, дәл сөйлеу үшін не істеу қажет?
- 9. Фраза дегеніміз не?
- 10. Лингвистикалық термин дегеніміз не?

ТЕСТ-СЫНАК ТАПСЫРМАЛАРЫ

- 1. Өзінің барлық қаттауында нормалары қалыптасып, едәуір тұрақталған әдеби тілдің болуына, оның жазбаша да, ауызша да түрін қалың көпшілік тұтас пайдалана бастаған кезіне тікелей байланысты болған мәдениет не деп аталады?
 - А. Сауда-саттық мәдениеті.
 - В. Сөйлеу мәдениеті.
 - С. Еңбек ету мәдениеті.
 - Д. Есіту мәдениеті.
- 2. «Ине көзінен сынады,» деген мақалдың сыңарын, яғни жалғасын төменде берілген жауаптардан табыңдар.
 - А. Құстар көлінен сынады.
 - В. Аңшы құралынан сынады.
 - С. Шешен сөзінен сыналы.
 - Д. Көсем тілінен сынады.
- 3. ...«Өзге адамдардың сөзіне рұқсатсыз араласпаған жақсы. Ал егер сондай қажет болса, «кешіріңіз» немесе «ғафу етіңіз, сөзіңізді бөлейін деп тұрмын», «сөзіңізді бөлуге бола ма?» деген сөздермен сөйлесіп отырғандардан рұқсат сұраған жөн. Бұл әдептілікті білдіреді» деген тыңдай білу әдебінің нешінші түріне жатады?
 - А. Бесінші. В. Төртінші.
 - С. Екінші. Д. Үшінші.
 - 4. Тілдің бас арқауы не?
 - А. Ой.В. Сөз.С. Сезім.Д. Көніл.
 - 5. Түркі тілдеріне қайсы тілдер енеді?
 - А. Қарақалпақ, қазақ, ұйғыр, неміс, т.б.
 - В. Қырғыз, ноғай, өзбек, тәжік, араб, т.б.
 - С. Әзірбайжан, өзбек, қазақ, ұйғыр, т.б.
 - Д. Чуваш, хакас, қарайым, француз, т.б.
 - 6. Қайсы қатарда диалектілік ерекшелік байқалмайды?
 - А. Піллә құрты тұт бәріктерін жеп тауысты.
 - В. Біреу есітіп қоймасын дегендей құлағына секін сөйледі.
 - С. Біреудің ала жібін аттамаған.
 - Д. Олар таңертең пахта теруге аттанып кетті.
- 7. Серігінің көзіне, бет құбылысы, дауыс ырғағына мұқият назар аударып, сөзге араласар сәтте әдепті көзқараспен, дыбыс ырғағымен ішкі сезім күйіне әсер ету; сөйлеушінің ойын нақтылап алу үшін пікірге тарту; сөйлеушінің пікіріне

көз жеткізу; сөйлеушінің негізгі ойын, пікірін түйіндеу, қорытындылаулар — тыңдаудың қайсы түріне жатады?

- А. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тындауға.
- В. Сөйлеушінің сөзіне араласып, өзара ой алмаса отырып тыңдауға.
- С. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей және сөйлеушінің сөзіне араласып, өзара ой алмаса отырып тыңдауға.
 - Д. Ешқандай тыңдауға жатпайды.
- 8. «Аузына келгенді сөйлеу наданның ісі, аузына түскенді жеу хайуанның ісі» деген нақыл сөзді кім айтқан?
 - А. Абай Құнанбаев. В. Низами Ганжауи.
 - С. Әлішер Науаи. Д. Ахмет Байтұрсынов.
 - 9. Тіл тазалығын сақтау дегеніміз не?
- А. Басқа тілмен қойыртпақтамай, ана тілінде таза сөйлеу, артық, оғаш сөздер қоспау, бір сөзді жиі қайталап, тыңдау-шыны мезі етпеу.
- В. Ана тілінде таза сөйлеу, артық, оғаш сөздер қоспау, бір сөзді жиі қайталап, тыңдаушыны мезі етпеу кей-кейде жергілікті тіл ерекшеліктерін де қоса сөйлеу.
- С. Басқа тілмен қойыртпақтамай, ана тілінде таза сөйлеу, орысша мен ағылшын сөздерін керек жерінде қосу.
 - Д. Әдеби нормаға түскен, құбылтулар мен нақыл сөздерді қосып айту.
 - 10. Тілдің сөз байлығы дегенде нені түсінесіңдер?
- А. Сөздік қоры мол болып, синоним, омоним, фразеологиялық тіркес, макал-мәтелдер, жаңа сөздер, кәсіби сөздер, жергілікті ерекшеліктегі сөздер, эмоционалды экспрессивті сөздерді өз орнымен қолдану, сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғап сөйлеу.
- В. Жергілікті ерекшеліктегі сөздер, эмоционалды экспрессивті сөздерді өз орнымен қолдану, сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғап сөйлеу.
 - С. Тек қана синоним, омоним, антонимдерді өз орнымен қолдану.
 - Д. Сөздік қорымыздағы барлық сөздер атауыш, көмекші және оқшау сөздер.
 - 11. Сөйлеу сапасына кері ықпал ететін жәйттер қайсылар?
- А. Қандай ортада, кіммен сөйлесіп отырғанына мән бермеу, өзін сол ортаға сай әдеппен ұстамау.
- В. Сөз мағынасын түсінбей қате сөйлеу, әдеби тілдік ерекшеліктерді дұрыс қолданбау, айтайын деген ойына байланысты сөйлемді дұрыс құрай алмау; сөйлесіп отырған ортаға байланысты дауыс ырғағын, сөйлеу мәнерін сақтамау.
- С. Сөйлесіп отырған ортаға байланысты дауыс ырғағын, сөйлеу мәнерін сақтамау.
- Д. Қандай ортада, кіммен сөйлесіп отырғанына мән бермеу, өзін сол ортаға сай әдеппен ұстамау; сөз мағынасын түсінбей қате сөйлеу, әдеби тілдік ерекшеліктерді дұрыс қолданбау, айтайын деген ойына байланысты сөйлемді дұрыс құрай алмау; сөйлесіп отырған ортаға байланысты дауыс ырғағын, сөйлеу мәнерін сақтамау.

👺 ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ 🐉

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Тілдің әдеби тіл дәрежесіне көтерілуі халық, ұлт тілінің жаңа сапаға ие болғанының көрінісі. Сол әдеби тілдің белгілі бір дәрежеде ойысып, ауызекі сөйлеу тілінен оқшауланып жоғары сатыға көтерілуі — тарихи жағдаят, ол, алдымен, жазба әдебиеттің даму жағдаятымен, халық тілі байлықтарын игеру дәрежесінің қандай екенін айқындаумен тығыз байланысты.

Ұлттық тілде міндетті түрде жазба әдеби тіл болады. Әдеби тіл ұлт тілінің ең жоғары типі, оның өнделген, қырланған, жөнделген, ең үлгілі саласы. Әдеби тіл — жалпы халықтық тіл маржанын жинақтап, сұрыпталған, екшелген, қызметке бай, әлеуметтік сипаты мен стильдік ерекшеліктері мол сала.

Әдеби тіл дегеніміз, негізінде, жазба тіл. Оның қалыптасуы жазба тілдің қалыптасып дамуымен тығыз байланысты. Сөз жоқ, тілдік материалдарды іріктеп, екшеп, өндеп қолдануға талаптанушылық қай дәуірде болса да және сөйлеу тілінде де бола береді. Жазба тілдің жоқ кезендерінде кең етек алған фольклорлық туындыларда тілдік материалдарды екшеп, іріктеп, өндеп қолдану болмады деу жөн болмас, алайда ауызекі тілдегі өндеу-екшеулер мен жазба әдеби тілдегі өндеу, екшеулер бір емес. Мұндағы өндеу-жөндеулер, екшеп іріктеулер — әлдеқайда жетілген, бір ізге түсіп орныққан, бүкіл тілдік ұжым таныған, қабылдаған, барлығына бірдей міндетті үлгіге, нормаға айналған өндеулер.

Әдеби тіл жазба тіл негізінде қалыптасып, орнығып, халық арасына кең тарағаннан кейін, ол тек жазба түрде ғана емес, ауызекі сөйлеу тілі арқылы да іске асып отырады. Әдеби тіл дегеніміз — жалпы халықтық, біртұтас ұлттық тілден мейлінше бөлек жатқан дүние емес, ол солардың өңделген, жетілген жоғары сатысы, жалпы халықтық тілдің диалект, говор, жаргон, ауызекі тіл сияқты қызметінің бір түрі.

Әдеби тілдің өзіндік нормасы, сол нормаға негізделген әр түрлі стильдік ерекшеліктері болады. Әдеби тіл нормасы тілдік жүйемен де, жалпы халықтық тілді қолдауда қалыптасқан тілдік дәстүрмен де байланысты, солардың негізінде қалыптасады.

Қазіргі қазақ тілі бүкіл қазақ халқына ортақ біртұтас қарымқатынас құралы болып табылады. Бұл ортақтық, біртұтастық сөздік құрам мен грамматикалық құрылыстың негізі жалпы халықтық, барлық қазақ тілінде сөйлеушілер үшін ортақ екендігіне байланысты. Дегенмен тілдің біртұтастығы деген ұғым қашанда оның барлық элементтері сол тілде сөйлейтін жердің бірлігі үшін маңыздылары, негізгілері бар да, сондай-ақ маңызды еместері де бар. Аса маңыздылары бүкіл тілді қамтиды, олардан тілдің біртұтастығы көрінеді. Ал онша маңызды еместері тілдің белгілі бір тармағын, азғана бөлігін қамтиды. Мәселен, аса қажетті заттық, қимылдық, сапалық т.б. ұғымдарды білдіретін сөздер, негізгі грамматикалық байланыстар мен сөздердің өзгеру тәсілдері, сол сияқты дыбыстық құрылыстың негізгі заңдары қазақ тілінің барлық жергілікті диалектілерінде де жалпыға бірдей әдеби тілге ортақ негізі бар. Сол себепті де оларды жалпыға бірдей ортақ элементтер дейміз.

(Т. Қордабаев. «Жалпы тіл білімі», М. Балақаев. «Қазақ әдеби тілі», Ғ. Қалиев, Ш. Сарыбаев. «Қазақ диалектологиясы» оқулықтарынан)

38-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар да, қарамен жазылған сөздерге мән беріп, оларға лексикалық талдау жасандар.

1. Ата-бабаларымыз қиын жағдайда жасаған болса, ол кезде мұндай техникалық *прогресс, цивилизация* етек алмаған. 2. — Әне, сіріңке, сабын, қант, шекер деген нәрселерге *зар* болып отырсындар. 3. Шіріп жатырмыз анау зәк сасыған үйде. 4. *Водовоздарды* жер жұтып кетті ме, келмей қалды тағы да. Бензин жоқ-пыш. 5. *Тәшкенің* де бірден тұрғызылмаған шығар!? 6. Балжан өзгеше *рай*, өзгеше үнмен сөйледі — *алып-сатарлар, бизнесмен-кооперативтер, ұры-қарылар, басшы-дөкейлер, парақор-чиновниктер* гүлдеп, семіріп, терілеріне сыймай кеткен. 7. Қолымнан балға, күрек, бесақа түспейді.

(С. Бұхарбаев. «Алтын алқа» кітабынан)

39-жаттығу. Берілген тұрақты тіркестерді қатыстыра отырып сөйлем құраңдар.

Ойда жоқ жерден; ойға шомды; оң жағыңмен тұрған екенсің; оң көзімен қарады; отырсам опақ, тұрсам сопақ; өгіздей өкірді; саудасы бітті; сауысқандай сақтығы, жұмыртқадай ақтығы; талағы тарс айрылды; талқыға салды; желігі басылмады; желкесін қиды; желеу етті; жаны қалмады; жаны күйді; жаны жалғыз адам; жаны ауырады; еті қызыды.



40-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар да, қарамен жазылған сөздерге мән беріндер. Ол сөздер қандай сөздерге жататындығын анықтандар.

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ

Дінмұхамед Қонаев *һәм руханият тағылымы*. Дінмұхамед Қонаев бүкіл саналы *ғұмырын* халқына, оның келелі келешегіне арнады. Қоғамдық өмірдің, тұрмыс-тірліктің барша саласында оның есімеңбектері, өнегелі ғұмырдың *ғибраты тұстары*, айқын да *бедерлі қолтаңбасы* анық аңғарылады. Алыс ауыл-ауданда, облыс орталықтарында — Қонаевтың *тұлға ескерткіші*, «оңтүстік астанада» орын алған биік те еңселі, *зәулім ғимараттар* Қонаев қолтаңбасын, сол қоғам-кезеңнің бедерлі бейнесін айқындай түседі.

Мұны халық көріп, қолдап отыр. Жас **ұрпақ үлгі-өнеге** алып келеді. Бұған алыс-жақын елдердегі **әріптес-замандастары** мен **тұстаста-рының** естелік — жазбалары, ондағы Қонаевтың еңбекпен есейген, ұлылық пен кісіліктен тұратын асқақ та асыл бейнесі жарқырап көрінеді.

Дінмұхамед Қонаевтың: адамдық әлемі, *еңбек мұраты*, өнегелі өмірі, сыйластық сырлары, сол сияқты қарапайымдылық пен қайырымдылық, *ұлтжандылық* пен *ұлағаттылық*, жасампаздық пен *тағылымдылық* арқылы *табиғи арна* алып, оның өзі елдік мүддеге, қоғамшыл көзқарастарға негізделіп, *отаншылдық-патриоттық* сезім һәм сүйіспеншілікпен сабақтастық, тұтастық тауып жатады.

(Рақымжан Тұрысбек)

41-жаттығу. Берілген мәтіндегі диалект сөздерді теріп жазындар да оның әдеби тілдегі вариантына көңіл бөліндер.

... Жон арқасынан шыққан тер, бейне бір тесік местен тамшылаған су тәрізді. Олардың аты: әрендікар, мәрдікар... бұлардың алатыны еңбек өнімінің белгісіз бір үлесі. Кесіпсіздік айдап қорғанның қақпасына әкелгенде бай-батшалар:

Саттасы менікі, нымтасы сенікі деген болатын. Бұл Яссауи арығының суындай төгіліп жатқан еңбек сол «нымта» үшін ғана болар еді!

Сол тердің нөсері егін піссе-ақ қызыл алтын, ақ күміс болып байбатшалардың қамбасына құйылады. Нәтижесі:

Әне, ғалла базарға қара, мал базарға қара... шөп базарға қара, һамма базарға қара...

Ашхана, наубайхана, бозхана, халуахана, балханалар тұр. Қаз-қатар қақпағын қайырып, өткен-кеткенге:

Келің, келің! — деп, қол бұлғап тұрған сатушы. Бәрі де өзі сатып отырғанын мақтайды...

(«Тәтті қауын» әңгімесінен үзінді)

42-жаттығу. Берілген сөйлемдердегі асты сызылған сөздерді сөз тұлғасына қарай талдандар.

Үлгі. Сансызбай — біріккен сөз, тұтаса біріккен.

Сансызбай қажының кіндігінен тараған ұрпақтар дүниенің жержеріне тарыдай шашылып кетуі – 1916 жылы Қазақстанның Қарқара жәрмеңкесіндегі қанды қырғынның аяғынан қоздаған Албандар көтерілісі ақ патшаның Казак әскерлері жағынан жанышталып, Албан елі ауа көшкен (Т. Рыскелдиев.) 2. Көп жүрт аттарының айылдарын босатып, жеңілжелқом ерлерін ат арқасына біраз желпіп көтеріп, өздері мінген сәйгүліктерінің белі-жонын салқындатып алмақ боп жатыр (М. Әуезов.) 3. Бойы соған әбден үйреніп алған Тоқмолда өзімнен басқа мықты жоқ деп жүргенде, Николай Трофимовичтің жаңағы қылығы шектен шыққан бейбастылық тәрізденді (Б. Соқпақбаев.) 4. Пароходкою қара түтінін арқасына жайып, жоғарыға қарай, Семей өрлеп барады. Неткен сәнді, сүмбіл қара шаштай жайыла көшкен түтін! (Р. Токтаров.) 5. Ортаны жүргізуші шапшан қимылдайтын жігіт, қолы қолына тимей, алдыңғы қатардағы орындықта қарлығаштың балапандарындай тізіліп отырған жастарды тұрғызып, үлкен кісілерге орын ұсынуда (М. Арынов.). 6. Бұл еңбек, негізінен, Шыңғысхан басып алған мемлекеттердің, яғни XIII-XIV ғасырдың бірінші жартысындағы саяси жағдайларды үйренуде айрықша мәнге ие екендігін қуанышпен атап өткен жөн гой деп ойлаймыз

(Қ. Сейданов)

АУЫЗЕКІ ЖӘНЕ ЖАЗБА ТІЛ



Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін ауызша түрде де, жазбаша түрде де атқара алады. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады. Соның нәтижесінде оның қатынас құралы ретінде қолдану шеңбері кеңейеді. Жазу (жазба тіл) — адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кең түрде қарымқатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Ал ауызекі тіл жайында мұны айта алмаймыз. Ауызекі тілмен сөйлесіп, қарым-қатынас жасаудың мүмкіндігі сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы кеңістікке байланысты болады да, оның шеңберінен шығып кете алмайды. Ол кеңістіктің шеңбері құлаққа естілудің мүмкіндігімен ғана өлшенеді де, адамдар ауызекі тіл арқылы жүзбе-жүз кездескенде ғана, бір-бірімен сөйлесіп пікір алыса алады. Алайда мұндай салыстыру ауызекі тілдің қызметі мен құндылығын ешбір төмендете алмаса керек. Ауызша тіл күнделікті өмірде ауызба-ауыз сөйлесіп, қарым-қатынас жасауда, тікелей өзара пікір алысуда айрықша қызмет атқарады.

Жазба тілдің ауызекі тілден кейін пайда болғаны, оның жазудың шығып жасалуымен байланысты екендігі белгілі. Жазудың шығып жасалуының, соған сай жазба тілдің жасалуының күллі мәдениет атаулының тарихында орасан маңызы болды және болып та отыр. Жазусыз мәдениет атаулыны, цивилизация атаулыны көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Көрнекті жазушы Леонид Леонов жазудың маңызы туралы былай дейді: «Адамдардың тегін қорлық жағдайдан бөліп алып шыққан, өткен замандарда ашылған ұлы жаңалықтардың ішінде жазу өте-мөте үлкен рөл атқарады. Алфавиттің туған күнін адамның өзін-өзі біліп ұғынуындағы дәуір деп есептеуге болады. Осыдан кітап басу станогының пайда болуына тура жол ашылады. Адам өзінің қазіргі биігіне нақ кітап арқылы баспалдақпен көтерілгендей көтерілді».

Адам білімді, негізінен, жазба тіл арқылы, жазылғанды оқу арқылы алады. Адамзаттың сонау көне дәуірінен бастап, біздің заманымызға дейінгі талай ғасырлар бойына ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласында жасаған күллі мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де — жазба тіл. Көптеген заман бойында жасалған және біздің кейінгі ұрпақтарға, дәуірден-дәуірге жеткізетін де — осы жазба тіл.

(К. Аханов)

43-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар да, оның ауызекі не жазба тіл арқылы жазылғандығына мән беріндер. Табиғатқа байланысты сөздерді теріп жазындар.

Дарияның кең арнасынан ағыс қашқан соң, сай-сала, жылға, жыраларды бойлай тамыр жайған жүз тарау бұлақ түгел тартылады. Бүкіл атырау бойындағы шақанды, қамысты көлдер тегіс кебеді. Қайнаған

тұмалар мен шүпілдеген құдықтардың көзі бітіледі. Мөлдір судан нәр, қызулы күннен күш алған қара жер құрғай үгітіліп, шытынай жарылып, сән-көркінен айрылады, тірлік тынысы тарылып, өң-шырайы мүлде өзгеше епке көше бастайды. Алдымен бау-бақша, жасыл шөп, гүл-бәйшешек қурайды. Одан кейін тал мен шілік солиды. Содан соң өлім кезегі көк терек пен күміс жидеге жетеді. Бойы биік ағаштан жалғыз тұқым — жуан діңі қыртысты, мың тармақ тамыры терең, аңызақ шөлге де, аптап желге де төтеп берер темірөзек тораңғы ғана қалады. Барлық жерде емес. Бір кездегі ойпандар мен жылғаларда, ескі арнаның терең иірімдерінде. Оның да етегін құм басқан, бірақ еңсесі түспеген. Бағзы бір замандағы дарқан тірлік елесіндей қарауыта бой созып, теңге жапырақтары желмен жамырап, өзінің өткенін жоқтап, жалғыздығына налып, бозара сыңсиды. Жалғызсырамас, жыламас жөні жоқ. Төңірегі — тірлік-тынысы, бітіс-болмысы өзгеше, жат нәсіл. Мекені — жаңа кепке енген, жана кейіп тапқан жат жер...

(М. Мағауин. Шақан-шері)

44-жаттығу. Берілген сөйлемдерден диалектизмдер мен варваризмдерге тән сөздерді табындар. Оған талдау жасандар.

1. Үнемі кешкі пойыз келерде, біреу келіп қалатындай, вокзал жаққа аңсары ауып, тігіліп қарап отыратын. 2. — Қызым папанды іздеп тауып ал, ол Ташкентте тұрады. 3. Мамаңның кеселі ауырлап, көп ұзамай қайтыс болды. 4. Мектепті «өте жақсы» деген бағамен тәмамдады. 5. — Папашым, мені шынымен қабыл еттіңіз бе?! Сіз мені «Қызым» дедіңіз, қандай бақыт, не деген тәтті сөз!!! 6. Енді мен де өзгелер сияқты «Папам бар» деп айта аламын. Папа! Папуличка-красотуличка! 7. Бойдақ болған соң кәйтейін, ұлты орыс болса да, жылы сөз айтқан соң ішім жылыды. 8. — Күләш-ау, бері келші, саған бір жаңалық айтсам ұрыспайсың ба? — дедім дамбалын сулап қойған балалардай жасқанып. 9. Жүрегім тұлпардай тулап, есіктен кірдім де, өз бөлмеме, креслоға құлай кеттім. 10. — Сіз «Нұрлы жолда» істейсіз бе? — деді. (М. Арынов. Таудағы жаңғырық)

45-жаттығу. Берілген сөйлемдерден жергілікті тіл ерекшеліктеріне тиісті сөздерді табындар.

1. Ақшам жиылыста уәкіл жаңа хабарды біздерге сөйлеп берді. 2. Әйелдер бастарына ақтықтан жаулық салады. 3. Міне, мына хатты да жалаңаяқ қалдым, оқуға бармаймын деп алақиғашты салып жазып-

ты. 4. Қыз малсыз болса да, алапасыз болмас. 5. Осы аласуандығынды қашан қоясын, Омар! 6. Сегізінші сыныпқа алдынан шара көру керек. 7. Күндізгі аптаптың беті қайтқасын алдын кештете аңға шықтық. 8. Сонан соң еңкейіп дүкенге қарады. Алқасы бармақтай, шегемен түртіп қалса ашылып кететін көңілшек мәшинә. 9. Қырқымды алып шығу үшін не керек? 10. Мен фотоаппаратты алуды да білмеймін. 11. — Мұның дауасы ансан: бір үлкенірек мышықты тауып, сулап жұтасың, — деді. 12. Сенің мүлдем аңың жоқ екен. Мұның не?! 13. Ол жиналысты кешкі беске дейін апарды. 14. Ол бүгін дүкеннен арақ сабын, әтір сабын және кір сабын сатып алды. 15. Атты арбаға қосып, тез жүріп кетті.

(Диалектологиялық сөздіктен)

46-жаттығу. Берілген суретке қарап ауызша және жазбаша мәтін құраңдар.



47-жаттығу. Төмендегі мәтінді оқып шығындар да оның жазылуына мән беріндер.

Ұзатылып бара жатқан қыз сыңсу өлендері арқылы жұртқа естірте өзінің мұңын, қайғы-қасіретін шағады: «Мен еліме өкпелі» деп басталатын сыңсу өлеңінде:

Заманым өтті жасымнан, Дәуренім кетті басымнан. Бұл не деген іс болды, Көлінен кеткен құс болдым. Бұлғақтап жүрген заманым, Кандай да жерге тус болдым. Ата-анам еді дәулетім, Мен жұртыма жау ма едім, Жат-жұрттық боп кеткен соң, Кетер-ау бастан сәулетім. Айналайын ел-журтым, Не болар менің заманым!? Дәуренім менің өткен соң, Бұралқы иттей кеткен соң, Естіле жүрер дейсіз бе, Не болып жүрген хабарым. Заманым қиын болар-ау, Көкірекке қайғы толар-ау, Ел-жұртым, сенен айрылып, Сана мен жузім солар-ау...

деп ұзатылып бара жатқан қыз көңіл шерін толғайды...

(М. Ғабдуллин. Қазақ халық ауыз әдебиеті)

48-жаттығу. Мәтіннің қалай жазылғандығына мән беріндер. Мәтін қайсы пәнге тиісті екендігін анықтап, мазмұнын ұғындар.

Тегінде қазақ халқы әдемілікке, сұлулыққа жаны құмар халық. Дүниенің ағысы мен жаратылыстың бітім-болмысындағы болар-болмас, жәй көзге аңғарыла бермейтін өте нәзік нәрселерді байқағыш-ақ, аңғарғыш-ақ. Оларға адам мен табиғаттың арасындағы тепе-тендік құбылыс ерекше әсер еткен: таң шолпанының нұрлы сәулесі, маралдың мұңлы үні, жалаң қия жартастан көтерілген күннің алғашқы шұғыласы, алыстан ағарандап көрінген мұз таулары, аспандағы аққумен ән қосқан

ақын-жыршылардың дауысы. Солардың арасында, әсіресе, қыздардың сұлулығы мен әдемілігі ерекше бағаланған. Тамаша талай ақындар көркем қыздардың кескін-келбетін раушан гүлге, інжу-маржан, лағыл тастарға, күн мен айға, құндыз бен жұлдызға теңеген. Соның өзінде қыздарға дәл теңеу тауып бере алмадық деп өкінген ақын-әншілер көп болған.

Бәлкім содан болар, қазақ ақындары қыздардың жан сұлулығы мен сымбат сұлулығын сипаттағанда: «ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін», «ботакөз, үлбіреген ақша тамақ», «қарақат көз, қыр мұрын, жазық маңдай», «ажарың ашық екен атқан таңдай», «киіктің ұқсатамын құралайын», «жаратқан ақбоз аттай сылаң қағып», «басасың аяғынды ырғаңырғаң», «сылдырлап шашбауың мен алтын сырғаң» деген сияқты теңеу, эпитеттермен бейнелейді..

(Сұлтанғали Садырбайұлы)



49-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар да, ақынның сөз қолданысына көңіл бөліндер.

АРУЛАР

Арулар — асыл жандар! Шуақ боп шашылғандар, Қуат боп тасынғандар, Құшақ боп ашылғандар, Арулар — асыл жандар! Арулар — асыл жарлар!

Арулар — әрбір үйдің шаңырағы, Әрбір үйге от болып жағылады. Әрбір үйде таң болып атты-дағы, Әрбір үйге сәуле боп жамырады.

Жимайды-ау бір шашылған шуақтарын, Саясына келеді-ау, шуақтағың. Жамандыққа қиярсың қалай ғана, Жайнаған бір-бір үйдің шырақтарын.

Арулар — асыл жарлар, сағыныштар, Өтініштер, құшақтар, жалыныштар... Жек көрсе олар жүрегін мұз жасайды, Жақсы көрсе балқытып, жанына ұстар. Арулар — аяулылар, ардақтылар, Өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар. Арулар — тіршілікке күре тамыр, Өмірді бір-біріне жалғап тұрар. (Мұқағали Мақатаев)

СӨЙЛЕУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТІЛ БІРЛІКТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Қазақ сөздерінің айтылуында өзіндік әсем үн бар, қалыптасқан жатық әуен бар. Оның негізі мынада: сөздердің құрамындағы дыбыстар өзара үндесіп, біріне-бірі ықпалын тигізе айтылады: мысалы, қазақ тіліндегі жуан, жіңішке, еріндік, езулік дауыстылардың сөз ішінде біркелкі қатар түзеп айтылуы арқылы ауыздан шыққан сөздердің ағысы кедір-бұдырсыз, біртегіс болады.

Сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркестері мен сөйлемді тілдегі мағынасына сай қолдану, ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп жұмсау — сөз дұрыстығы деген ұғымды білдіреді. Сөз ақиқат өмірдегі белгілі бір затты, нәрсені, құбылысты меңзеп тұрады. Сөз — ақиқат өмірдегі белгілі бір заттың, нәрсенің, құбылыстың тілдегі «өкілі».

Қазақ тілінде самай сөзінің самай шаш, самайын қырау шалған тәрізді орындарда жұмсалып, адамға байланысты қолданылатыны белгілі. Солай бола тұрса да біз автордың былай деп жазғанын оқимыз: «Бас киген түлкі тымағының екі самайына қалың қырау қатқан Өзен қария шанадан түскені болмаса, қозғалмай тұр» (Газеттен).

Сөз дұрыстығынан жөнсіз ауытқудың мұндай түрлері тіл білмегендіктен емес, көбіне, мұқиятсыздықтан болып жатады. Әдетте, самай, желке дегендер — адамға қарата айтылатын сөздер. Әлбетте, тымақтың самайы, желкесі болмайтыны белгілі. Адамға тән мұндай нәрселерді киімге таңу ақиқатпен үйлеспейді.

Әдетте, сөз әр түрлі ұғымды, заттар мен құбылыстарды дәл атап қана қоймайды, оларды бейнелеп те айтады. Тілімізде «аса көп мыңғырған мал» деген ұғымды алалы жылқы, ақтылы қой деп те бейнелі тіркеспен атайды: «Алалы жылқы, ақтылы қой. Аңдыған бөрі жемей ме иесі ұйықтап жатқан соң» (Махамбет Өтемісұлы). Ал осындай бейнелі сөздер мен сөз оралымдарының мағына-мазмұнына қайсыбір авторлар тап басып дәл тани алмай жатады. Сондай тіл мүмкіндігіне

бір мысалы мына тәрізді: «Шағын алаңға шықтым. Анадайдан бір отар ақтылы қой шашырай жайылып келеді» (Журналдан).

Халық тілінің байлығы ұшан-теңіз, әр қилы: онда жалпы халыққа ортақ дыбыс, сөз байлықтары, грамматикалық құрылыстары болумен қатар, диалектілері де, түрліше айтылып, түрліше ұғынылатын сөздер де бұзылып – құбылып айтылатын грамматикалық тұлғалар да бар, жаргон сөздер де бар. Солардың бәрі бірдей «алтын қазына» емес. Әдеби тіл керегін ауызекі сөйлеу тілінен алғанда, тандап, сұрыптап, екшеп, әдебиет елегінен өткізіп алады. Олар көркем әдебиетте, газет-журналда, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, барлық қарым-қатынас, іс-әрекетімізде дәстүрге айналып, жүйелі қалыпқа түседі, жалпыға ортақ тілдік әдеби нормалар пайда болады. Бұлар тілдің өн бойында – фонетикада, орфографияда, орфоэпияда, терминдерде, төл, басқа да кірме сөздерде, грамматикалық құрылыста бар. Олардың бірқатары тілдің ішкі заңы бойынша ертеден қылыптасып, әдебиеттік сипат алып кетсе, бірқатары тілді пайдаланушы әдебиет майданының қызметкерлері, ғылым қызметкерлері, тағы басқалардың тіл жұмсауы нәтижесінде тіпті қаулықарар, оқулықтар арқылы нормаланады.

Тілдік нормалардың баяндылығы тіл мәдениетінің де нышаны; тілдік нормалар неғұрлым берік қалыптасып, жалпыхалықтық сипат алса, соғұрлым әдеби тілдің дәрежесі ұлғайып, мәдениеті арта түседі.

50-жаттығу. Көшіріп жазыңдар да, берілген диалектілік сөздердің мағынасын анықтаңдар.

Үлгі: Мәстәвә — ет, күріш, май қосып жасаған сұйық тамақ.

Мәркәзи, мәрдана, мәнзіл, мәнәт, мәзәлі, мәйек, матапұрыш, масалық, маса, маңыз, мантық, манту, манзұр, мамай, май шашық, майтаба, майса, майлық, майкүлше, майдалау, маза, мазар, маза, мағзауа, мағар, ләстік, ләмпе, ләбіз, лақап, қышлақ, қысқыш, қыршу, қыркүйек, қырғы, қылдырмаштай,

51-жаттығу. Берілген сөйлемдерді буынға бөліп жазындар. Қарамен жазылған сөздерге буынның қалыптық формалары бойынша талдау жасандар.

Yлгі: күлмеуге — κ үл+меу+ге — ϵ 6 imey + ϵ 6 imey + ϵ 8 + BAB + BAB + BA.

1. Қоңырат өзі *күлмеуге* тырысқанмен, Қалима мен шұнақ келіншек *іштер*ін басып, бұралып-бұралып түсті. 2. Үйдегілер күле түсіп, *тыйы*-

лып қалды. 3. Аякең жер таянған қолын жұлып алып, алдына ұстады; сергек отырған қызылшырайлы өңі жыбыр-жыбыр еткендей болып еді. 4. Қоңырат омырауынан трубкасын шығарып, Бекетке сіріңке сұраған ишарат жасады. 5. Үлкен кісіге еріп қонаққа барғаннан да, гүл исі аңқыған дала, жұлдызы самғаған түн, жапырайған қос басы қызықтырақ еді. 6. Бекет әкесіне қарай жылжыды. 7. Ақ селеулер жел өтінде төңкеріліп, құбылып ойнайды. 7. Жирен, торы, қылаң жылқылар селеу түсімен бірге құбылатын секілді. 8. Жал-құйрықтары да оттың жалынындай болып ұйытқып шалқиды. 9. Күн бата көріктен шыққан темір табақтай балқып, ай туып еді. 10. Осының өзі екі оттың арасына тастағандай, ырымшыл көңілді одан бетер секем алдырады.

(Р. Тоқтаров. Ертіс мұхитқа құяды)

52-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар да, терминдік сөздерді ажыратындар. Олардың қандай терминге жататынын анықтандар.

1. Халықаралық еңбек ұйымының басшылығына тәуелсіз Қазақстан Президентінің ресми хатын табыс етіп, осы беделді ұйымның Женевадағы сессиясында алғаш рет қазақша сөз сөйлегені, басқа түскен әртүрлі қасірет-нәубеттердің салдарынан жұмыр жерге тарыдай шашылған қандастырымыздың атажұртқа бет түзеген алғашқы қиын көшін бастап ұйымдастырған қилы-қилы шаралары мен дүйім істері жайлы айтылды (М. Арынов). 2. Қазақ фольклорын ғылыми жүйемен талдауда Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті. Билер дәуірінің әдебиеті» деген кітабының маңызы зор. Оқулықта тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалар, мақал-мәтелдер, жұмбақ, ертегілер, батырлар жыры, лироэпос, айтыс өлеңдері жан-жақты талданған (С. Садырбайұлы). 3. Сөздікте кейінгі жылдары баспасөзде қолданыла бастаған, әдеби тілге сұранып тұрған бірлі-жарым жергілікті ерекшелік, көнерген және кәсіби сөздер де берілді (С. Бизақов). 4. Диктант, шығарма жаздыру – бұл жұмыстар оқушылардың грамматикадан алған білімін дұрыс жазу, сөйлеу қажетіне пайдалануға жетектейді (Н. Тотанов). 5. Диалогтық дискурстар арқылы инофонның диалогқа кіру, оған белсенді араласу мен оны жүргізе білу, оны дұрыс аяқтай білу сияқты дағдысы мен машығын дамытып жетілдіріп, сол негізде оның дискурстық құзыреттілігін де қалыптастыруға болады.

(А.Е. Саденова)

53-жаттығу. Сөйлемдерден кәсіби сөздерді теріп жазындар да, қайсы кәсіпке тиісті екендігін анықтандар.

«Узфармсаноат» мемлекеттік акционерлік концерні жүйесіндегі кәсіпорындарда өндіріс үдерісін заманауиландыру, халықаралық сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша көптеген жоба жүзеге асырылуда. Бүгінгі танда кәсіпорын антибиотиктер, инфузия ерітінділері, тағы басқа да 130 түрдегі препараттарды өндіруде. Дәрі-дәрмектер заманалық аспаптарда шығарылады, дайындалатын өнімнің сапасын қатаң бақылау орнатылған. Кәсіпорында құрамында инъекциялық және инфузиялық дәрі ерітінділері, таблетка және капсулалар, жақпа дәрі құралдары, суппозиторийлер, антибиотикті құрғақ қадақтау және сұйық дәрі құралдарын өндіретін цехтар жұмыс жүргізуде.

Бұл кәсіпорындарда өткен жылы осындай жаңа дәрі — диклофенак, тиокор сынды инъекциялық таблеткасы, ампуласы, гелі, амброксол таблеткасы мен флюконазол капсуласын дайындау игерілді және медициналық практикаға кеңінен енгізілді. Бұл кәсіпорын өз өнімдерін шетелдерге экспорттауда. Кәсіпорын мамандары экспорт көлемі мен географиясын кеңейту мақсатында шетелдерде өтіп жатқан халықаралық фармацевтика көрмелеріне, тағы басқа да шараларға белсене қатысуда.

Фундаментальды және іс жүзіндік зерттеулердің жемісі болған жүйке ауруларында қолданылатын «галантамин», кардиологияда қолданылатын «аллапинин» препараттары да кең көлемде өндірілуде.

(«Нұрлы жол» газетінен)



54-жаттығу. Берілген сөздерді орфографиялық ереже бойынша жазыңдар.

Қоймойұн Қозұғұмай Қайғыланұу Қазағыстандық Қәдірсіз Қәдір-ғүрмет Керауұздұлұқ Кептелуу Кемітүушүлүк Кемпіргосақ Келуу Кез-гезімен Ійіссұу Ійіс-қоңұс Кәмпійт Ійуу-ғыйұу Ыйықты Ійір Ійне-жіп Ійзетүу Зым-зыйа Зұулау

Келімді-гетімді 🍴 Зорлұғ-зомбұлұқ



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Қазақтың әдеби тілі дегеніміз не?
- 2. Әдеби тіл қалай жасалады?

- 3. Әдеби тілдің нормасын қалай түсінесің?
- 4. Жергілікті тіл дегеніміз не?
- 5. Диалект пен говор туралы не білесіңдер?
- 6. Ауызша тіл дегеніміз не?
- 7. Жазба тіл дегеніміз не?

- 8. Ауызша тілдің жазба тілден қандай айырмашылығы бар?
- 9. Тіл бірліктері дегеніміз не?
- 10. Сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерге түсінік беріңдер.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Сөз арқылы адамның ақыл-ойы, мінез-құлығы, жалпы, рухани жан-дүниесі танылады. Тіл — адам болмысының айнасы. Тіл — адамның барлық саналы әрекетінің құралы. Оның өнерлі, білімді, мәдениетті болып қалыптасуына тіл маңызды рөл атқарады.

Тіл мәдениетінің тірегі — әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері. Бұлар әдеби тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметімен астарласып жататындықтан, «сөз мәдениеті» ұғымының аясы да кенейе түседі. Бұл атаудың пайда болуы, тіл жұмсау дағдымызға қойылатын талаптардың күшеюімен де тығыз байланысты. Қазіргі демократиялыққа бет бұрған жаңа қоғам білікті, іскер, мәдениетті адамдардың қалыптасуына мүдделі болып отыр. Олай болса, өзіндік ой-пікірін, көзқарасын еркін білдіру, оны қорғай білу, өз сөзін өтімді жеткізе білу сөз мәдениеті талаптарын жоғары деңгейде меңгеруді кажет етелі.

Сөз мәдениетінің жоғары формасы – шешендік. Әрбір сауатты, мәдениетті адам шешендікті үйренуге ұмтылуы тиіс.

Шешендік өнер — Ежелгі Греция мен Ежелгі Рим заманынан бермен қарай көптеген халықтардың мәдени-рухани өмір-тіршілігіндегі өнердің бір түрі. Шешендік өнер, шешендіктану мен шешендік сөз бір-бірімен тығыз байланыса келгенмен, үшеуі үш басқа түсінік атаулары: шешендік өнер — іс-әрекеттің атауы, ол әлеуметтік қызмет атқарады. Шешендіктану (риторика) — өзінің нысанасы, теориясы, категориялары, тарихы бар жеке ғылым саласы. Ал шешендік сөз — шешендік өнер иелерінің шаршы топ алдында сөйлейтін сөзі. Дегенмен көпшілік алдында сөйлейтін кез келген сөз шешендік сөз болмайды. Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беру керек: 1) белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болуы ке-

рек; 2) әңгіме өзегінің дәлелі болуы тиіс; 3) тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында белгілі бір әрекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет; 4) тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, құлақ құрышын қандырып, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы керек; 5) шешендік шындықта, ақиқатты тануға ұмтылдыруы тиіс.

Шешендік сөздің қажеттігі ауызша сөйлеудің аясы кеңіген сайын арта түсуде. Бүгінде шешендік сөздің қолданылатын өрісі кеңіді, ол қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінің барлық саласында, идеологиялық-тәрбиелік іс-әрекеттердің, оқу-білімнің, заң мен ғылымның, ел басқару істерінің ең бір пәрменді құралына айналды. Жиналыс, мәжіліс, құрылтайларда, пікірсайыстарда, жиындарда, семинар мен симпозиумдарда шешендік сөз өте-мөте қажет. Бұларда қолданылатын шешендік сөз — тек әдемі сөйлеудің үлгісі емес, жоғарыда аталған бес талапқа сай сөз амалы.

Шешендік сөздің сөйлеушілер санына қарай: монологтік, диалогтік және полилогтік түрлері болады. Монолог түріндегі шешендікте — жеке адам толғанысы арқылы сөз иесінің сөйлеу шеберлігі көрінеді. Диалог түріндегі шешендікте (әңгімеде, пікірталас үстінде, айтыста) — сөз иесінің пікірсайыс шеберлігі көрінеді. Ал полилог түріндегі шешендікте — сөз иесінің логикалық тапқырлығы айрықша байқалады.

55-жаттығу. Төменде берілген ұлағатты сөздерді оқындар да мазмұнына қарай бәріне ортақ қандай тақырып қою керектігін анықтандар.

Ойдағы қателік – сөздегі қателікті тудырады, сөздегі қателік – істегі қателікті тудырады.

(Д.И. Писарев)

Тез сөйлегеннен ойлап алып сөйлеген артық.

(*T. Mop*)

Бір рет айтудан бұрын екі рет ойлап алсан, екі есе жақсы айтасың.

(Т. Пейн)

Көсіліп жақсы сөйлеу — тапқыр асылдың сыйы, тұжырымды жақсы сөйлеу — даналықтың белгісі.

(Ф. Ларошфуко)

Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие дегені сол болса керек.

(Шәкәрім)

Басымда ойым көп, бірақ шешен болмағандықтан, оларды айтып бере алмаймын дейтін адам — өзін-өзі түсініп алмаған адам.

(М. Монтель)

Қарапайым сөздер, бір қарағанда, еліктеуге оп-оңай сияқты, әйтсе де алғашқы тәжірибелер-ақ одан қиын ештеңе жоқ екенін көрсетеді.

(Цицерон)

Жақсы ойлар тамаша сөзден артық саналады. Сөз дегеніміз, былайша айтқанда, сырт киім; ой — киімнің астында жасырынған дене.

(Ф.М. Достоевский)

Айқын түсінбегеніңді айқын айта алмайсың: сөйлемдердің дәл еместігі мен шатысушылығы тек ой шатысушылығын ғана көрсетеді.

(Н.Г. Чернышевский)

56-жаттығу. «Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» — деген халық даналығы бойынша ойтолғау жазындар.

57-жаттығу. Ғалымның шешендік сөз туралы пікірлерін оқыңдар да, оған талдау жасандар.

Шешендік сөздер ақындық сөздер (өлең-жырлар) мен көркем қара сөздердің (ертегі, әңгімелердің) алғашқы бөліне бастауын көрсететін аралық жанр сияқты. Өйткені шешендік сөзде әңгіменің де, жырдың да белгісі бар. Алайда қара сөз бен өлең сөздің бөлінуімен шешендік сөз өткінші өнер ретінде жойылып кетпеген, қайта өз алдына дамып, дербес жанр болып қалыптасқан.

* * :

Шешендік сөздердің сөйлем құрылысы мен сөздік құрамы, мазмұны, тұлғасы қазіргі әдеби тілімізден аса алшақ емес. Шешендік сөздер ауыз әдебиетінің басқа салаларымен қосыла қолданылып жүрген сөздігіміздің негізгі қоры мен ұйытқысы іспетті.

Демек, шешендік сөздерді зерттеп-талдау ана тіліміздің сөздік қорын байытады, әдеби тілімізді дамытып, кеңейтеді; сөйлеу, жазу мәдениетімізді көтеруге пайдасы тиеді.

* * *

Дәстүрлі шешендік сөздер — белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. Онда халықтың бастан кешкен уақиғалары, ақыл-ойы, арман-тілегі бейнеленеді, дүниеге көзқарасы көрінеді. Сонымен бірге шешендік тапқырлық сөздер белгілі

бір дәрежеде жеке адамның өз мақсатына қарай жұмсайтын қаруы, құралы болған.

(Б. Адамбаев)



58-жаттығу. Шешендік сөздерді оқындар. Олардың шешендіктің қай түріне (монологтік, диалогтік, полилогтік) тән екендігін дәлелдендер.

- I. ... Қарашаш сұлу Жиренше үйде жоқта ауырып қаза болыпты. Әз Жәнібек хан «Жиреншеге біз естірте алмаспыз, өзіне-өзі естіртсін, ешқайсың сездіріп қоймандар», деп уәзірлерімен сөз байлап қояды. Бір күні Жиренше шешен елге қайта оралып ханның үйіне түсіп сәлемдесіп отырады. Хан Жиреншеге:
- Ау, шешенім, әкесі өлген қалай болады? депті. Жиренше шешен отырып:
 - Әкесі өлсе, асқар тауы құлағанмен бірдей болады, депті.
 - Шешесі өлген қалай болады?
 - Ағар бұлағы суалғанмен бірдей болады?
 - Ағасы өлген қалай болады?
 - Оң қанаты қайрылғанмен бірдей болады?
 - Інісі өлген қалай болады?
 - Сол қанаты қайрылғанмен бірдей болады.
 - Апа-қарындасы өлген қалай болады?
 - Ұзын өрісі қысқарғанмен бірдей болады.
 - Қатыны өлген қалай болады?
- А?!... Менің Қарашашым өлген екен ғой? депті Жиренше. Ол күйініп қамшысын таянғанда, қамшының сабы ортасынан шарт сынып кетіпті. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деген сөз содан қалған екен.

(«Шешендік сөздерден»)

II. ... Сөйтіп, арада елу төрт жыл өткенде, үшінші толқында біз дүниеге келіппіз — сол шаңырақта, сол қоныста Абай атамның батасы орайын тауыпты. «Ел ұстаған би» кезінде болар, біз сөз қармаумен ғұмыр кештік. Басқаша болуы мүмкін емес-ті: Абайдың табаны басқан жерге менің кіндік қаным тамды; мен жарық дүниеге көзімді ашқанда, Абай назар тоқтатып қараған барқын тау қарсы алдымда маңғаздана мүлгіп тұрды; Абай байсалды кеңес құрып, сапырып қымыз ішіп, мұнды жаны бір сәт барақат тапқан тоғайлы алас, көк шалғынды шым топырақ — мен аунаған бесік екен; мен Абай дем алған ауамен тыныстап, Абай су ішкен өзеннен нәр алдым; арада қаншама заман өтсе де, сол

қалпында тұнып тұрған Абай рухы, Абай туралы әңгімелер, Абайдың ықылас-батасы мені әлпештеп өсірді, Абай өлеңімен тілім шықты. Атымның Мұхтар қойылуы да осы есім арқылы Абайға құрмет екенін көкірегіме түйдім...

(М. Мағауин)

III. Қымыз ішіп, мәжілісте отырғанда Әйтеке-Бәйтілестің жіберген баласы қасындағы жолдастарымен ордаға кіріп келеді. Билерге қолдаса амандаса жүріп, бірінің қолына жүз ділдәні ұстатып кетеді. Оны үйсін Төле би мен Алтай Құнанқара бидің көзі шалып қалады. Бала Абылайдың алдына барып отыра қалып: — Ассалаумағалейкум, тақсыр хан, аман бармысыз? Сізге сәлем де, — деді Әйтеке-Бәйтілес деген қартымыз. Мынау отырған қара сақалды сопағы, бұның кісенін жұтқан қалың қара қопағы. Ұлы сұлтан мен емес, өлгеніне жан беріп сұрайтын. Өзі сабырсыз мен емес, қаңтарда қайырып салып қатырып тастайтын. Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракесек Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек болғанда, бірің — балға, бірің — төс, бірің — гауһар, бірің — күміс, бірің піш те, бірің кес! — дейді.

Сонда Қаз дауысты Қазыбек:

 Балам, төрт кісінің антын өткізсең де, жиырма жылқы құн берсең де ерік, – дейді.

Абылай: «Әлей» – дейді.

Бала жолдастарын ертіп, ордадан шығып жүре береді.

Сол кезде Қаракерей Қабанбай батыр:

- Балам, көпке жүрмессің, - дейді.

Қанжығалы Бөгенбай батыр:

– Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас. Аңдысқан ауыл болмас, есептескен ел болмас, – депті,

Шақшақұлы Жәнібек:

- Әй, бәрекелді-ай, жетесізге некесіз жолықпаса игі еді, - дейді.

Үйсін Төле би:

– Паралы биде иман жоқ, туралы биде туған жоқ, – дейді.

Алтай Құнанқара би:

 А, Құдайым, аққа бастыр, қарадан сақта! Көрінбей келген қазадан сақта, арамза туған баладан сақта!
 дейді.

Керей Тоқсан би:

— Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады? Алып анадан туады, ат биеден туады, қас монтаны қарадан туады, опасыз қатыннан не ел бүлдіргіш туады, не жұрт күлдіргіш туады, — дейді.

Малай Жандос би:

— Жабағы тайдан жал кетсе, қарашадан байлық кетсе, жер-судан береке кетсе, ханнан әділдік кетсе — елден береке кете ме деп қорқамын, — дейді.

Қаржас Шорман би:

- Хан азарында қарашамен дос болады, бай азарында дәулетіне мас болады, молда азарында қайыр-зекеті жоқ баймен дос болады, дейді. Қанай Бекболат би:
- Біткен істі жетесіз туған құл бұзар, некесіз туған ұл бұзар. Құттан шыққан қу құртпай тынбас деген, елді сол бұзар, дейді.

Алшын Қаражігіт би:

— Ханның баласы өліп, құты қашып отыр еді, ананың төресі өзіне тиіп құтырып отыр еді. «Құты қашқанмен ауыл үй болма, құтырғанмен жолдас болма» деген бар еді. Уа, жұртым, Құдай даудан сақтасын. Кезеніп тұрған жаудан сақтасын. Қазақ баласы біріңе бірің сыйысарсың, бір сөзді өтті-кетті деп қумаңыз, — дейді.

Осымен билердің сөзі тоқтапты.

(«Шешендік сөздерден»)

МӘТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Түсіндірме сөздікте мәтін араб тілінен енген болып, көне кітаби сөз екендігі және дәл текст сөзін аңғартатын мағынасына тең екендігі айтылған: 1. Жазылған, көшірілген немесе баспадан шыққан творчестволық, ғылыми шығарма, сөйлеу тілі, құжат сияқтылардың бір үзіндісі; мәтін. Мақаланың тексті. 2. Музыка шығармасына, мысалы, белгілі бір күйге, опера, романс және осы сияқтыларға негіз болған өленді сөз. 3. Полиграфияда үлкен шрифтардың бірінің аты.

Әрине, бұлар мәтіннің толық анықтамасы мен ерекшеліктерін қамтымайды. Себебі ақпараттық-коммуникциялық құралдардың дамуымен байланысты Word мәтін, RTF мәтін, қарапайым мәтін, форматталған мәтін, гипермәтін сияқты жаңа атаулар да пайда болды. Демек, мәтін терминін аңғартатын мағынасының да көлемі кеңиді.

Сөйлеу ауызша және жазбаша формада болады. Сөйлеудің жазбаша формасы мәтін терминін аңғартатын мазмұнға сәйкес келеді. Демек, сөйлеудің жазбаша формасы — бұл сөйлеу. Сөйлеу белгілі бір пікірдің көрінісі болғандықтан әрқандай мәтін де белгілі бір қатынастың жазбаша көрінісінде пайда болады. Ол «тек қана объек-

тив информациядан құралмай, бәлкім өзінде прагматикалық мазмұнды да қамтитын сөйлеудің материалдық көрінісі» болып саналады.

Жалпы, мәтін дегенде сөйлеу жағдаятының жемісі болып табылатын, толық аяқталған, жазбаша пайда болған, әдеби қалыпқа түскен, суперфразалық бірліктерден құралған, лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық жақтан бір-бірімен байланысатын, конкерт мақсатты әрі прагматикалық жақтан құралған сөйлеу шығармасын түсінеміз.

Мәтін стилистикалық жақтан төмендегіше түрлерге бөлінеді: ғылыми мәтін (тезис, мақала, баяндама, аннотация, пікірлер); көркем мәтін (прозалық және поэзиялық шығармалар); ресми мәтін (анықтама, қаулы, бұйрық, мінездеме, ұсыныс); әммебап мәтін (мақала, сұхбат, құттықтау және арнау мәтіндері).

Көлемі жағынан мәтін типтері: минимал мәтін (микромәтін) және максимал мәтін (макромәтін)болып бөлінеді.

Баяндау мақсаты мен мазмұндық белгілеріне қарай мәтін типтері: а) әңгіме мәніндегі мәтін; ә) көркемдеуіш бейнелеу мәтіні; б) түсіндірмелі мәндегі мәтін; в) дидактикалық мәтін; г) хабарлау мәндегі мәтін; ғ) бұйрық мәнді мәтін; д) көңіл күйді бейнелейтін мәтін.

Кейбір әдебиеттерде мәтін көлемі жағынан үшке бөлінеді: кіші, орта және үлкен мәтіндер.

Жеделхат, анықтама, арыз, сенімхат, түсінік хат және күнделікті баспа беттерінде шығатын хабарландырулар кіші көлемдегі мәтіндер болып саналады. Орта көлемдегі мәтіндерге әңгіме, қисса, өлең, дастан, поэмалар кіреді. Ал үлкен көлемдегі мәтіндерге повест, роман, драмалық шығармалар, трилогиялар кіреді.

Әдетте, мәтіннің ішкі жағы мазмұнның бүтіндігі, сыртқы жағы түрлі формадағы жалғаулықтар, яғни синтаксистік көрсеткіштермен байланысып тұрады.

59-жаттығу. Берілген мәтін мәтіннің қай түріне жататындығын анықтандар. Мәтіннің жазылуы мен құрылысына мән беріндер.

ОДАГАЙ СӨЗ

Одағай сөздер туралы морфология тарауында айтқанымыздай, олар сөйлем мүшесі қызметін атқармайды. Бірақ сөйлемде айтылған ойға жазушы мен сөйлеушінің көңіл-күйін (қуану, тандану, ренжу, өкіну, т.б.) білдіреді.

Мысалы: ой, ай, ей, уа, е, ойбай, қап, өй, япырмау, япырай, алақай, ойпыр-ай, уh, т.б.

Осы одағайлар сөйлемнің әр тұсында келіп, тұтас сөйлемге әркелкі мағына үстейді.

Одағайлар сөйлем басында келіп, жай ғана көтеріңкі үнмен айтылса, соңынан үтір қойылады; егер одағай сөз аса көтеріңкі дауыспен айтылса, одағайдан кейін леп белгісі қойылады. Мысалы: Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым — сен болсайшы (М. Әуезов). Азаматым-ай, арманда кеттің-ау!

(Ш. Бектұров. Қазақ тілі)

60-жаттығу. Берілген мәтін мәтіннің қай түріне жататындығын анықтаңдар. Мәтіннің жазылуы мен құрылысына мән беріндер.

ӘЙТЕКЕ ШЕШЕН

Артына аталы сөзі қалған, есімі ел жадында сақталған қазақ шешендерінің бірі — Әйтеке. Шоқан Уәлиханов белгілі билердің бірі ретінде Әйтекенің есімін Төле бимен қатар атайды.

Қазақ руларының басын біріктіріп бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып жоңғарқалмақ шапқыншылығына қарсы бірыңғай халық майданын құрған Тәуке ханның кеңесші, көмекшілерінің бірі Әйтеке болған.

Сайып келгенде, Әйтеке шешендігімен бірге кезінде ел басқарған, заң жасасқан, феодалдық қазақ мемлекетін құрысып, нығайтуға үлес қосқан қоғам қайраткері.

Әйтекенің бала кезінде атын шығарған бір оқиға.

Қой бағып жүрген бала Әйтекеге үш атты жолаушы кездеседі:

Ассалаумағалейкүм, ағалар, — деп, бала ізетпен үлкендерге сәлем береді. Баланың жатырқамай, жасқанбай сөйлегеніне риза болған жолаушылар:

Ауылда ойнап жүрген баламызды осы елдің бір жолаушы адамының аты теуіп, жазым қылған екен. Соның құнын дауалап, бітім қылайық деп келеміз. Қосуақ бидің ауылы қайсы? — деп сұраған екен.

Сонда Әйтеке:

Балаңызды ат босағада тепсе бүтін құн, жабыққа тепсе жарты құн, төрде тепсе, төрттің бірін аласыздар. Қосуақ би де осыны айтар, осыны айтпаса қосып айтар. Бидің ауылы анау, жолдарыңыз болсын! — дейді.

Қосуақ би де осындай төрелік айтқан екен. Баланы төрде байланған ат тепкендіктен құнның төрттен бірін төлеп қайтарады. Әйтекенің аты осыдан шыққан екен.

(«Үш пайғамбар» кітабынан)

61-жаттығу. Берілген мәтін баяндау мақсаты мен мазмұндық белгілеріне қарай мәтіннің қай түріне жататындығын анықтандар. Мәтіннің жазылуы мен құрылысына назар аударындар.

Сол «Қыз Жібек» операсын тындап қайтқан күні, Таңшолпан көпке дейін көз ілмеді. Көзін жұмса болды, манағы жымпиып күлгенінің өзі ерекше «жұмбақ» жігіт елес береді. Біресе, сол жігіттің баспалдақтан сабырмен көтеріліп келе жатқаны, біресе оның солай келе жатып өзіне сонша тесіле қарағаны, біресе соның баспалдақтан асыға түсерде де, көрер залдың астыңғы есігі алдында да бірнеше рет ізетпен иіліп, өздеріне жол бергені — сол сәттердегі оның келбеті ап-анық болып көз алдына келеді.

Жігіттің қасындағы бұйра бас жолдасына айтқан сөздері де құлағына анық естіледі. «Қойшы, бір көрген адамға бүйткенім не?» — деп өзінөзі ішттей кінәлап, көз ілуге қанша тырысқанмен, бәрібір түннің біраз уақытына барған сайын қайта-қайта қайталанып. Көз алдыңа кеп, ақырында сол келбет оның көңіл көзінде анық суретке айналды. Енді «жұмбақ» жігітті Таңшолпан қашан көрсе де бірден айна-қатесіз танитындай сезінді...

Ертеңгісін Таңшолпан ұйқыдан өзін біртүрлі мазасыз сезініп оянды. Бұл күйін ол: «түнде қаншама уақыт ұйықтай алмағаннан шығар» — деп ойлады. Сол мазасыз күйде сабағына кетті. Онда да өзін жайсыз сезінлі.

Сондықтан, Таңшолпан қасындағы қыздарға жайын айтып, соңғы сабақты тастап жатақханаға оралып еді. Кірер есіктен өтіп бара жатқан оны: «Шырағым, Таңшолпан, саған телеграмма бар» — деп кезекші апа бөгеп, қолына жеделхат қағазын ұсынды. Онда: «Таңшолпан. Тездетіп үйге келіп кет. Папаң» — деп жазылыпты.

Таңшолпан нақ сол күні түнделетіп Қарағандыға ұшып, ертеңгісін жергілікті ұшақпен Қарқаралыға, үйіне жетті.

(Ә. Ыдырысов. Таңшолпан)

62-жаттығу. Берілген мәтін мәтіннің қай түріне жататындығын анықтандар. Мәтіннің жазылуы мен құрылысына мән беріндер.

жиі енеді

Жиі енеді түсіме бұрынғы ауыл, Ойнақ салып, құлын-тай қырында жүр. Сүттен бұлақ ағызып, сиырлы ауыл, Іркіт иісі келелі мұрынға бір.

Ойнамай жағасында құрақпенен, Жалығып әзер аққан бұлақ көрем. Мал өрістен қайтқанда кешке қарай, Жамыраған қозы мен лақ көрем.

Қырық түтін шығады қырық тамнан, Қырық торғай ұшады шыбық, талдан. Қырық әже күзетіп отырады, Қырық ұлдың орынын суып қалған.

Қыр басына қырық шал жиналады, Бір-біріне тартуы — сый қабағы. Бір-біріне отырар басу айтып, Қайтесін, — деп тәңірдің қимағанын.

Тауларым да тұрады қалқан болып, Соны көріп қалады арқам кеңіп. Өлі ұйқыдан осылай оянамын, Оянамын, көңілім талқан болып (М. Макатаев)

63-жаттығу. Берілген мәтін мәтіннің қай түріне жататындығын анықтаңдар. Мәтіннің құрылысына мән беріндер. Мәтіннен сұраулы сөйлемдерді теріп жазындар.

...Қалима иығынан тау басқандай, орнынан зорға қозғалды; көп уақыттан бері қайғының жүзін көргені осы, қайғысы мен ұяты қатар келіп тоқайласты; әлгі бейпіл ауыз не деп көйітіп кетті? Қалима кесесін екі рет аунақшытып алды. Түнде келіп Қоңыраттың есікті тарсылдатқаны рас еді. Шалын күтіп отырса да тықырын білдірмей, күдіктене басып шықты. Арақ исі күндік жерден бұрқырап тұрған Қоңырат. Ол мұның шыққанын білмей, есікті тепкілей түсті.

- Қалима, дейді даусы қырылдап.
- Иә, не болды? Неғып жүрсіз бейуақытта...
- Қалима, аш... . Мен Қоңыратпын.

- Үйде еркек жоқ, қалай ашамын?
- Онда менің шатағым не? Сенде жұмысым бар.
- Қой, ұят болады. Бейуақытта кісі келе ме?
- Сенде жұмысым бар деймін. Шабады деп тұрмысың? Аш...
- Не жұмыс? Айта бер осылай...

Қоңырат теңселіп құлап кете жаздады. Тәлтіректеп қабырғаға соғылып, есікті бұрынғыдан бетер жұдырықтады.

- Қалима, деді ол мұрнының астынан міңгірлеп.
- Иә, не!? Айтсаңшы... Қап, құдай-ай!
- Мен Қоңыратпын ғой. Аш есікті.
- Бейуақытта неге жүресіз? Танымайтын ауылыңыз....
- Жақсы, мен кетейін, деді Қоңырат есін жинағандай болып. Кешір, Қалимаш. Мен байқамай... Яков Нестерович! Қайда әлгі Яков Настерович?

Қоңырат жөнеле беріп кері айналды.

- Қалима, кешір, мен маспын...
- «Ойбай, құдай-ай, тағы келді ме?» деп ойлады Қалима. ...

(Р. Тоқтаров. Ертіс мұхитқа құяды)



64-жаттығу. Берілген арнау мәтіннің қай түріне жататындығын анықтаңдар. Мәтіннің құрылысына мән беріндер.

ЕЛ АГАСЫНА

(Қалдыбек Сейдановтың 60 жылдығына орай)

Өмірдің әсем жалауын, Биікте ұстап келесіз. Көңілдің тауып қалауын, Соқпақты жолмен желесіз.

Сөзіңізді ұстазым, Тыңдаймыз ғой байыппен. Ылғида есіп келеміз, Өзіңіз берген қайықпен.

Сізде көп байлық, бақ бүгін, Сізде биік тұғыр — тақ бүгін. Өміріңіз болып мазмұнды, Шырқалсын сізде шаттық үн. Өмірдің не-не тәлкегін, Талай да талай көрдіңіз. Қиындықтың әр кезін, Қайратпенен жеңдіңіз.

Биік боп шыққан тауыңыз, Тағы да алға басыңыз. Жеңгеймен қоса ағарып, Тоқсаннан жүзге асыңыз.

Ұстаздық жолды мұрат қып, Қаламды қолға алғансыз. Әдебиетке — ғылымға, Сіз де бір өрнек салғансыз.

Өрнекті өмір ізімен, Ұл-қыздың көрің қызығын. Перзенттер сізде бар екен, Бұзбайтын әке сызығын.

Қолдай берсін біздерді, Сіздегі қасиет, киеңіз. Мыңдаған шәкірт бұл күнде, Өзіңізге бас иеміз.

> Боран Қыдыров. Ташкент облысы, Жоғары Шыршық ауданы, 12.09.2001.

МӘТІННІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мәтіннің құрамдас бөлімдері белгілі бір тілдік құралдармен өзара байланысады. Мәтін кемінде екі сөйлемнен құралған күрделі бір синтаксистік бүтіндік болады да, сөйлемдер өзара түрлі синтаксистік байланыс құралдары арқылы бірігеді. Бұларға қайталама сөздер, есімдіктер, айқындауыштық конструкциялар, шақ пен мекенді бейнелейтін бірліктер, баяндауыштардың шақтық формалары, модал сөздер сияқты түрлі лексикалық-грамматикалық бірліктер кіреді. Мәтін бөліктерін өзара бір-бірімен байланыстыратын мәтін компоненттеріне төмендегілер енеді:

Баяндауыштық формалар арқылы бірігу. 2. Есімдіктер арқылы бірігу. 3. Қайталаулар арқылы бірігу. 4. Айқындауыштық конструкциялар арқылы бірігу. 5. Шақ пен мекенді бейнелейтін бірліктер арқылы бірігу. 6. Атаулы сөйлемдер арқылы бірігу.

Мәтіннің төмендегіше өзіндік ерекшеліктері болады:

Мәтіннің фонетикалық-фонологиялық ерекшеліктері (дауыстылар мен дауыссыздарды бірден артық жазу, сөздерді әдейі қате айту, аллитерация, ассонанс және тағы басқа;

Мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктері (өзара мәндес сөздер, омонимдес сөздер, пароним сөздер, антоним сөздер, көп мағыналы сөздер, көнерген сөздер, жаңа сөздер, диалектизмдер, фразалық тіркестер (идиома, фраза, көркемдегіш құралдар, мақалдар мен құбылтулар — метафора, метонимия, гипербола, сықақ, перифраза, сарказм т.б.));

Мәтіннің морфологиялық ерекшеліктері (мәтін құрамындағы сөздерге жалғанатын түрлі морфологиялық қосымшалар мәтінде түрлі мағыналық реңктерді (құрмет, менсінбеу, өсек, кекету, шек, т.б.), автордың болмысқа деген көзқарасын баяндауға қызмет етеді);

Мәтіннің синтаксистік ерекшеліктері(синтаксистік параллелизм, көңіл күйді білдіретін сөйлемдер, риторикалық сұраулы сөйлем, инверсия, эллипсис, градация, антитеза, құбылтулар).

65-жаттығу. Берілген мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне мән беріндер. Қарамен жазылған сөздерге лексикалық талдау жасандар.

Абай келген күні *әл-қуаты* тәуір көрінген Мағаш, келер күндерде алғашқыдай бола алмады. Әкесі енді байқаса Мағашта *жиі демігу* білінеді. Жіпсіген сәл ғана жабысқақ тер бар. Аз болса да, үнемі бір қалыпты қайталап отыратын *құрғақ жөтел* бар. Ұзақ өмірде көп ауруды, әсіресе, осы алуандас ауруды *баладан, жастан, жігіт азаматтан* сан рет байқаған Абай, енді Мағаштың жайын үлкен уайым ете бастады. Барлық сенгені — доктор *мен дәрінің* күші. Мағаш әлі *төсек тартып жатып қалған* жоқ. Осындай мегдетпен тұрған кезінде аурудың алдын ала, жақсы Доктордың *орынды емі* болса сол оңалтар ма еді!.. Ең болмаса, тез тұқыртып әкетпей ұзақ созылтып жүретін, күтіммен көп кешетін күйге келтірер ме еді. Мағаштың үлкен *дертке* ілігіп, *қатты қауіптің* шеңгеліне түскенін егіліп білген Абай, енді тым болмаса, жаңағы айтқандай жайларды *медеу* етеді.

Бірақ *түс* кезінде Мағаш пәтерінің қонақ отыратын *бөлмесінде* Абай докторды *тосып отыр*. Мерзімді күні, атаған сағатын *қалет* қылмайтын ұқыпты доктор қазір келу керек және Абайдың ол доктормен бірге Павловты тосып отырған *жайы* да бар...

(M. *Әуезов*)

66-жаттығу. Берілген көркем мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне назар аударындар. Мәтінде қолданылған көркемдеуіш құралдарға — тіл бірліктеріне мән беріп, оған лексикалық талдау жасандар.

... Күн екінтіге ауыпты, бірақ өзгеше тымырсық көрінеді. Жер мен көк демін ішіне тартып, күнірсіген ауа көкірекке зіл батпан салмақ түсіргендей. Шақан қарсы бетке — аспаны кірлеуіт, бозғыл күрен, жер мен көк арасында тұлдыры жоқ терістік шығысқа көз салып еді. Көкжиектен қылтия будақтап, ірімшіктей ақ сары бұлт көтерілді. Жалдана ширатылып, жоғары өрлеп барады. Өрлеген сайын аумақтана, айдындана түсті. Аздан соң жайыла тарап, жарым көкжиекті жапқан. Төңкеріле аударылған, толқыны тулаған астыңғы қабаты лайсаң қара қошқыл, бүктеле шумақталып, серпіле суырылған, дем-демде биікпен таласа шалқыған үстіңгі жағы отқа түсіп шыққан жез қаңылтырдай қызғылтым бурыл түске енген, кенеусіз күш, тегеурінді екпінмен лықи төгілген ғаламат бұлт жарым дүниені булықтыра басып, гуілдей азынап, уақыт озған сайын жақындап келе жатты.

Шақанның құлағына саршұнақтардың бейберекет шақылдасқан дыбысы жеткен. Оларға жауап ретінде шөл торғайының әлсіз, үрейлі шиқылы естілді. Әлдеқайдан қара ала қанат көк тағанақ ұшып келіп, тораңғының қалың жапырағының арасына сүңгіп кетті. Анадайдан кәрі тораңғы түбінен дүңкие домаланған құлақты кірпі тоңқандай жүгіріп өтті. Аяқ астынан шыға келген жұмыр бас, жасыл кесіртке құйрығын шиыра шошайтып сәл тұрды да, кенет төрт аяқпен бірдей бората құм қазып, суға батқандай жоқ болды. Мана жансыз ағаштан бөтен тірлігі танылмаған құмды шөл жау шабар алдындағы көшпелі ауыл сияқты, абыр-сабыр кепке түсіпті. Шақан сонда ғана айқын таныды. Құм дауылы. Құм дауылы келе жатыр.

(М. Мағауин. Шақан-шері)

67-жаттығу. Берілген мәтіннің құрылысына көңіл бөліңдер. Мәтінді оқып мазмұнын ұғындар. Мәтіннің қандай мәтінге жататындығын анықтап, мәтінді құрайтын тіл бірліктеріне назар аударындар.

Ұлы жүз Төле би, Кіші жүз Әйтеке би, Орта жүз Орманбет бимен Қасқакөл деген көлге даулы болып, сөйлесуге Айқынкөлге үй тіктіріп ел жиналалы.

- Ей, Орманбет! Мен әлі тірімін, өлген жоқпын, бұдан бұрын әлденеше рет сәлем айтсам да сен келген жоқсың, ер кетер, жер жетер, ешкімге опа қылмас дүние-боқ. Сен бізден жасы кіші баласың, біз барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз. Сен жассың, көңілдегінді аларсың! деді Төле.
- Бай болсаң халыққа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін; бай болып пайдаң тимесе, батыр болып найзаң тимесе, жұрттан ала-бөтен үйің күйсін деген ғой, бізге кейінгілер соны айта ма деп қорқамын, дейді Әйтеке Төленің сөзін қоштап.

Сонда Орманбет тұрып:

— Екі би, айтқан сөзің жарасады, Еншіге әркімдер-ақ таласады. Қасқакөл Орта жүздің үлесі еді, Дауларың қиянатқа жанасады.

Қанағатсыз билерді қабан деген, Қамшылатқан жүйрікті шабан деген. Біреудің ақысына зорлық қылған, Қиянат қияметке жаман деген, — дейді.

Оған тоқтамай Төле былай дейді:

— Ей, Орманбет, сіз бізге Қасқакөлді беріңіз, Қасқакөлге, рас жақынырақ жеріңіз. «Нардан пайда, жоқтан залал» деген, Не берсе де артының қайырын тілей көріңіз.

Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, Әр жерде ауыз сулық басқа көл бар. Үш бөліп, енші қылып алысайық, Жер жетер, көңіліңді ұстама тар.

Сонда да бітімге келмеген Орманбетті анасы ақылмен көндіреді. Соған риза болған Төле би:

— Әйел жақсы болса, елдің басшысы емес пе? Бұрынғы жақсылар солай деген емес пе?

Қасқакөлден енші алам деп келіп едім, Орманбет бермесе осы жерде өліп едім.

Жетпіс жасқа келгенде сөзім жерде қалып, Мәңгіге тірілместей болып едім.

Жеңгей, мені қайта тірілттіңіз. Енді балаңызға бата берелік! — дейді. Сөйтіп, үш жүз көлді ортақ пайдаланатын болып, ынтымақтасып, разыласып тарапты.

(«Үш пайғамбар» кітабынан)



68-жаттығу. Берілген мәтіннің фонетикалық ерекшеліктеріне назар аударындар.

Өлеңменен сүйдік біз балаларды, Өлеңменен ұзатып ана қалды. Өлеңменен аттанып шабуылға, Өлеңмен алдық біз қалаларды.

Өлеңменен өртеніп түтіндедік, Өлеңсіз біз еш нәрсе бітірмедік. Өлеңменен от кешіп, оқтан өтіп, Өлеңменен дақ түспей бүтін келдік.

Өлең — өмір мәңгі жас көнермеген, Өлеңменен өмірге ел өрлеген. Өлеңменен далаларда от тұтанып, Қалаларда шам жанған өлеңменен.

(Сырбай Мәуленов)



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Сөз мәдениеті мен шешендік өнердің қандай байланысы бар?
- 2. Шешендік өнер дегеніміз не?
- 3. Қандай шешендерді білесіңдер?
- 4. Шешендіктің қандай түрлері бар?
- 5. Шешендік не үшін қажет?
- 6. Мәтін дегеніміз не?
- 7. Мәтіннің қандай түрлері бар?
- 8. Микромәтін мен макромәтіннің қандай өзіндік ерекшеліктері бар?
- 9. Ғылыми мәтін дегеніміз не және оның қандай үлгілерін білесіңдер?
- 10. Көркем мәтін дегеніміз не және оның қандай үлгілерін білесіңдер?
- 11. Ресми мәтін мен әммебап мәтіндердің қандай айырмашылықтары бар?

- 12. Мәтіннің фонетикалық ерекшеліктері қандай?
- 13. Мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктері дегенде нені түсінесіңдер?
- 14. Мәтіннің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктеріне түсінік беріңдер.
- 15. Мәтіннің құрылысын қалай түсінесіңдер?

ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАЛАРЫ

Әдеби тіл дамыған сайын оның сымбаттылық қасиеті арта түседі. Тілдегі олпы-солпылық — жүйелілікке зәруліктің белгісі. Тіл өнеріне жаны құмар жандар ондай зәрулікке тәуелді болмаса керек. Олар тілді өткір құрал ретінде ойын дәл беруге, оның қолайлы байлықтарын жұмсай білуге тиіс. Талғампаздар сарабына салатындай тіліміздің сондай асыл қорларын қазақ халқы ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп отырған.

Тіл мәдениетінің басты талабының бірі — тілдік нормаларды қалыптастыру. Олар халық тілінің даму барысында қалыптасады, кейбіреулері (жазу нормалары, терминдер, пунктуация нормалары) қолдан жасалады да, басқалары тілде бұрыннан бар жүйелер негізінде баспасөз арқылы қалыптасады.

Талай ғасырлар бойы дамып, бүгінгі қалпына келген қазақ тілін кемсітуге болмайды. Оның орасан көп байлықтары — халық даналығының туындылары. Халық тілінің сол байлықтарын өшпес «дәулетке» айналдыратын да, ол құралды шыңдай түсетін де — әр салалы жазба әдебиет.

Жазба әдебиеттің «дүкеніне» түскен тіл байлықтары сөз шеберлерінің қаламына ілінгетіндіктен, әр алуан әшекейге безенеді, сымбаттылық қасиетке ие болады, ықшамдалады, байи түседі. Осылардың нәтижесінде тілдік норма жасалады.

Әдеби тілдің даму жағдаятында бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі бағдар байқалады. Бір жағынан, тіл қоғам өмірімен тікелей байланысты болатындықтан, ол үздіксіз дамып, сол даму барысында халық тілінің ішкі мүмкіншіліктері кеңінен пайдаланылып, тіл мен тілдің қарым-қатынасы күшейіп, өзгеріске ұшырап отырады.

Екінші жағынан, мемлекеттік, саяси — қоғамдық іс-атқару жұмыстары орныққан сайын, баспасөз, әдебиет, экономика, ғылым, мәдениет дамыған сайын тілде бар ала-құла қыруар байлықтардың тиімділері, тілге жатық әрі үйлесімділері, кісінің ой-пікірін, сезімін, дәл, айқын айтуға жарамдылары сұрыпталып, жалпыға ортақ қалыпқа түсіріліп, нормаға айналады.

Осы жағдаяттарға жол ашатын объективті жағдайлар жасалып отырған біздің елімізде, әдеби тілді байыту нормаға түсіруге қарайлас болуға тиіс.

Тілдік норма дегеніміз «әдеби» деген ұғыммен тайталас айтылады. Әдеби тілге сіңіскен, әдеби тілде орныққан тіл байлықтары — «тілдік норма» дегенге жатады. Тілдік нормадан тысқары құбылыстар, ауытқулар ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері болып есептеледі. Сондықтан «әдеби тіл», «әдеби емес тіл» дегенді халық тілінің нормалану нысаналарына қарап айтамыз.

Біз тілді нормаландыру дегенді уағыздағанда, тілдің икемділік қасиетін жойып, сірідей сірестіріп қоюды көздемейміз, тілдің икемділік қасиетін арттыруды көздейміз. Тіл материалдары сұрыпталып, бүкіл халыққа тегіс түсінікті, әрі ұтымды, дәл анық ету арқылы ғана тілдің икемділігін арттыруға болады. Сол мақсатпен тілдік норма үшін күресудің маңызы өте зор.

69-жаттығу. Төменде берілген өлеңнің тіліне мән беріндер. Ақынның ондағы теңеулерді қалай қолданғандығына назар аударындар.

Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған, Сонда жатыр менде жүрген орындалмас бар арман. Сенің жүзің көкте күннен, жерде гүлден нәр алған, Шашың сенің — жан баспаған жапандағы қара орман.

Қас-кірпігің қарлығаштың қанатындай қап-қара, Ұлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, мақта ма?! Әсем басың әп-әдемі, мүсініңе шақ қана, Шиедейін еріндерің қызарып тұр шоқтана.

Толықсыған тұла бойың шыбық па екен, тал ма екен, Бейнең сенің баяу атқан жазғы шұғыла таң ба екен, Күлкің сенің шашылған нұр, сөзің кәусар, бал ма екен, Бұл ғаламда сенен артық, сірә, біреу бар ма екен!?

Бұл ғаламда сенен артқан жан бар деуге сенбеймін, Сен солайсың, Ләйлі менің, сенбе маған, сен мейлің. Бұл ғаламда сенен артқан бір жан болса егерде, Өз көзімді өзім оям, оны мәңгі көрмеймін.

Зәмзәм суы сенен арзан, тата алмаған кәусарым, Сенің әсем мүсініңді сөзбен қалай тауысамын!?

Мың Мәжнүн мендей, сірә, тебіренбеген шығар-ау, Аппақ құсым, қайдасың сен? Аңсадым-ау, аңсадым... (Мұқағали Мақатаев)

70-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдерді көшіріп жазындар да, қайсы тақырыпта жазылғандығына мән беріндер. Мақал мен мәтелдерді жаттап алындар.

Алтын ұяң — Отан қымбат, Құт-берекең — атаң қымбат. Аймалайтын — анаң қымбат, Асқар тауың — әкең қымбат!

Бұлбұл гүлзарын сүйеді, Адал адам Отанын сүйеді. Жауда қалған бұлбұлдан, Отанға қайтқан ит артық.

Орағың өткір болса, қарың талмайды, Отаның берік болса, жауың алмайды.

Отан — елдің анасы. Ел — ердің анасы.

Отан қадіріне жетпеген, өз қадіріне жетпейді. Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.

* * *

* * *

Отансыздың оты жанбайды.

Отан үшін еңбек етсең, Халқыңның сүйген ұлы боласың.

Отаның тыныш, сен тыныш.

Отанын сатқан оңбас. (Қазақтың мақал-мәтелдері) **71-жаттығу.** Берілген сөйлемдердің құрылысына назар салындар. Жергілікті тілмен жазылған сөйлемдерді үлгі бойынша әдеби тілдік нормаға келтіріндер.

Үлгі: зыңғыттай — дардай, сотқалдай...

1. Бұл жақта қалған болса, ендігі бір зыңғыттай жігіт болып ер жетер еді. 2. Осы күнгі бір зымыстанға дайындалып жатырмыз. 3. Құйтақандай зымырандар шырана арасынан....сығалап-сығалап қояды. 4. Етке екі зуала илесем, жететін шығар. 5. Қолтығына қысып алған зембілі бар қыз станцияның сырт жағынан жүгіріп келеді. 6. Зәрлі жұмысың болмаса, жүгерінің бақалын жинасып жіберші. 7. Біз тек өріктің ылғи ғана зардалысын теріп жейтін едік. 8. Қазір ол жерде тек забыр ғана қалған. 9. Бермағамбеттің жіллі баласын айтпай-ақ қойшы. 10. Ол кезде мен жігірма екіде едім. 11. Жырық жеуге жараушы ма еді. 12. Ол жылытпа ішіп отыр. 13. Кетікте екі-үш жирятымыз бар. 14. Жүйектің кейбір жерінде қызылшаны құрт жеп қойды. 15. Жүдә әптің қалмапты ғой, тыныштық па? 16. Жуалдыздың ұшы сынып қалды.

(Диалектологиялық сөздіктен)

72-жаттығу. Берілген мәтіннен көнерген сөздерді табындар.

- ... Бес-алты сәлделі дінбасылар өздері ғана болып оңашалана бергенде, бағанадан күйіп болған қазірет енді Сармоллаға аса суық ажармен сөз катты.
- Әфәндім Сармолла! Мен сізді тыңдадым, тыңдадым да таныдым. Білдім, енді халас! Бір ғана назира уәһәм хақиқат сөзімді айтам. Сіз ғайыплысыз, қайтыңыз тез қателік жолдан. Тыйылыңыз фәләкиәттан!

Аның үшін хиянат жолына бастыңыз! Қайтіңіз лағнат ниеттеріңізден! Қайтпасаңыз малғұн боларсыз! — деп, қолындағы аса таяғымен жерді түртіп қалды. Кірпіксіз суық көкшіл көздерін Сармоллаға қатты жиренішпен қадап тұрды. Сармолла қып-қызыл боп тұтана түсті де:

- Қазірет, сізді бұ қасыңыздағы халфе, мәзін, қарилер осылай маған қарсы уағыздаған. Сіз олар сөзін айтасыз. Бұл мен үшін хиянат деп білемін. Себебі сіздің бұл адамдарыныз ғаділетсіз, зұлым. Шунки олар мұхтасиб емес, ұрылар! дегенде, Шәрібжан халфе мен соқыр қари дүрс қоя берді.
 - Сен өзін залым!
 - Сен бәдбахт!
- Сен кәззәпсің! деп Самұрат мәзін де жағын тістеп, екі көзі қанталап ұмтыла түсіп еді, Сармолла осы кезде қатты ашуланып айғайлап жіберді.

— Тоқтат харақат сөздерінді. Болмаса, қазір-ақ мен махалла халқын жиямын. Кім кәззәп, кім залым, кімдер ұры екенін қазір осы арада ашып шешуін талап етемін! — деді...

(М. Әуезов. Абай жолы)



73-жаттығу. Берілген микромәтіннен кірме сөздерді табындар да, олардың қай тілден енгендігін байқандар.

... «Пошташы қайнағаға сан рет жолығып, «күйеуімнен хат-хабар» бар ма?» — дегенімде үнемі: «жоқ» — деп жауап беретін. Өзге әйелдер майданға кеткен ерлерінен хат, посылка алып жатқанда, менің көзім қызып, әрі қорқып «әйетеуір? аман болса игі еді» — деп, басым төмен салбырап, аш қалған балапандарыма тамақ табу жайын ойлайтынмын».

...Сол кездері атағы шыққан жаңақорғандық Мария Нарымбаева, Халипа Түлкібаевалар трактор руліне отырып жерге дақыл ексе, солардың қатарында Ауана мен Айсара Зейдалиева әжелеріміз мал фермасында сауыншы, анамыз Сәлия мен әпкесі Сәлима Медеуовалар астық жинап, «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» деген ұранмен енбек етті.

... Хабибулла молда көпшіліктің істеген сауапты ісіне рақметін айта отырып, жастарға көптеген тәрбиелік маңызы бар хикметті сөздер айтты. Әсіресе ауладағы көшелердегі тазалықты сақтай білу, үлкендерді құрметтеу, өтірік сөйлемеу, адал мен арамды бір-бірінен ажырата білу, яғни шариғатта Алла тағала жағынан жеуге рұқсат етілген нәрселер адал саналып, керісінше — жеуге рұқсат етілмеген нәрселер арам екендігін атап өтті. Ең әзіз нәрсе «Нан» болса, ол да егер арам жолмен тапқан ақшаға сатып алынса — арамға айналатынын айтты. «Нанынды адалдап же», — деген сөз сондықтан айтылса керек.

(М. Арынов. Таудағы жаңғырық)

СӨЙЛЕУДІҢ ТАЗАЛЫҒЫ

Тіл мәдениетінің қажетті аса маңызды салаларының бірі — сөз тазалығы. Сөз тазалығы дегенде, алдымен, ойымызға оралатыны — сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы. Бірақ әдеби тілімізде өзге тілдерден енген сөздер, тіпті сөз тудырушы қосымшалар да бар екені мәлім. Ондай құбылысты тіл-тілдің барлығынан дерлік кездестіруге болады. Өзге тілден сөз алмаған, ауыс-түйістігі жоқ «таза» тілдер кемде-кем.

Сөздердің мәдени лексика деп аталатын тобына жататын *дәптер* сөзі әуелде грек (*дафтар*) одан, иран тілдері (*дафтара*) арқылы түркілер мен монғол (*дэвтэр*), тибет (*девтар*) тілдеріне тараған. Тілден-тілге «көшіп» жүретін «мәдени» сөздер, ауыс-түйіс терминдер тіл-тілдің барлығында дерлік кездеседі деуге болады.

Өзге тілден еніп, занды түрде орныққан осы тәрізді сөздерден кейбіреудің дағдысына енген мүкістіктер (остановкаға барамын, субботада келді, звонит етемін, гөш алып келемін, секін сөйле, т.б.) мүлде басқа. Дағдының да дағдысы бар. Жұртшылық қабылдаған тілде орныққан, норма ретінде танылған шет тілдік сөздің орны бөлек.

Ел мен елдің аралас-құраластығы, қарым-қатынасының барысында бір тілден екінші тілдің сөз алуы, жаңа ұғымның пайда болуы тәрізді занды құбылыстың шылауында ілесіп жүрген жөнсіз көшірмелер тіл тазалығына нұқсан келтіреді. Тіл мәдениетін сөз еткен мақалаларда жарты арал (дұрысы — түбек), аналық қой (дұрысы — саулық қой), елу бас қой (дұрысы — елу қой), мал өсірушілер (дұрысы — малшылар) сияқты көзсіз көшірмелер тіл шұбарлау екендігі орынды көрсетіліп, дұрыс сыналып та жүр.

Қазақ әдеби тілінің байып, әрленіп отыратын негізгі арналарының бірі — жалпыхалықтық тіл. Жалпыхалықтық тілдің бір түрі — диалект. Диалектизмдердің әдеби тілге қарым-қатынасы бір жақты ғана деп үзілді-кесілді айтуға болмайды.

Қазақ әдеби тілінің жалпыға ортақ қасиеті — тұтастығы, бірлігі. Бұл — ғасырмен өлшенетін ұзақ уақыттың жемісі. Тіл тазалығы дегенді әдеби тілдің бірлігі мен тұтастығы үшін күрес деуге болады, дегенмен диалектизмдердің әдеби тілге қатынасының екінші жағын, аса мәнді жағын ескермеу әдеби тілді нәрлендіретін,байытатын арналы бұлақтың көзін жапқанмен бірдей көрінеді.

Сөйлеуде немесе жазуда болсын әр сөз айтылар ойға, мазмұнға қатысты болып, мағыналық жүк арқалап тұруға тиіс. Бірақ кейбір адамдардың сөйлеу дағдысында сөз тазалығына нұқсан келтіретін, сөзді әсерлігінен айыратын «қызметсіз» қыстырынды сөздер жиі кездеседі. Сөз арасында қыстырылып жүретін жаңағы, нетіп, әлгі, мәселен, ал енді, сонымен, т.б. тәрізділерге аузы үйір адам тындаушысын мезі етеді. Әсіресе сөйлеушінің айтар ойы айқын болмай, өзі сөз етіп отырған жайын түсінігі бұлдыр болған кезде, сүреңсіз сөздер киліккіш келеді. Сөз тазалығын сақтауға алаптанған адам белгілі



бір мәселе жөнінде әңгіме қозғамас бұрын сөйлейтінін кесіп-пішіп, ой елегінен өткізіп алып, жұрт алдына шығады. Тіл тазалығын сақтауға талаптанған адам сөз арасын ыбырсыта бермейді.

74-жаттығу. Төмендегі мәтінді оқып шығып, жеке адам мәдениеті мен сөз мәдениеті жөнінде жазбаша пікір білдіріндер.

Ана тілін сүймегендік, білмегендік, ұлт сезімін жоя отырып, ұлт-безерлік тудырады. Оны үкімет орындары адамгершілік жолына бөгет зиянды ауру деп тануы керек.

Қазақ мектебінде оқымағаннан кейін, қазақ балалары көшеде ойнап жүргенде де орысша сөйлеп, үй ішінде де ата-анасымен орысша былдырласып, осы кезде ана тілінен мүлде құры қалған жастар қалада көбейіпті....

Бір жігіттің үйленген тойында бес-алты 20 жастан асқан қазақ қыздары жалпы қазақтың ішінде өне бойы орысша сөйлесіп отырысты.

«Қыздар, қазақша сөйлемесендер, мен орысшаларына түсінбеймін», деген соң, жым-жырт, үндемей отырысты. Себебі қазақша сөйлей білмейді екен. Біреуіне сөз бергенде: «Жолдастар, конечно, мен қазақша хорошо не говорю, сондықтан, извените меня, я по-русски буду говорить», деп орысша сөйлегенде, орыс тілін тағы да әбден былықтырды...

(Бауыржан Момышұлы)

75-жаттығу. Төмендегі мәтінді оқып шығып, қарамен жазылған сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазындар да, оның мәніне түсінік беріндер.

1. Қатарда жортып келе жатқан Жарқым бай, Дубай, Құлайғыр үшеуі бірдей: «Сәт-сәт, жол болсын», «Байлансын, Ораздының жолын берсін!» десіп лау-лау етісті. 2. Бұлар жылқыға тақап қалады. Бар қолды қатарынан жортқызбай, лек-лекке бөліп, алты буын етіп, енді шұбырта созылтып, Бесбесбай айтқаны дәл орындалып жатқан. 3. «Жалпақ» деген қоныстары ең жалпақ пішіндікте жабыла енбек ететін көп жұрттың барын байқатады. 4. Бертін келе әрқайсысы үй иесі бола тұрып, сол барлық адамдар бір сайдан табылады. 5. Бетегесі, көдесі киіздей, өзі сан шақырымдар бойына теп-тегіс боп созылған, анық «құдай қосқан» дейтін, үлкен еңбектің жанасуын тілейтін жер. 6. Өзара бас біріктіріп, жуан елдің зорлығына, қорлығына қарсы бірігіп әрекет жасаймыз деген Көкеннің елі қазір бар жылқысын қосып бағатын.

(М. Әуезов. Абай жолы)



76-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, ғалымның қандай күрделі мәселе көтеріп отырғанына назар аударындар. Шет тілдік сөздерді уәжсіз қолданудың сөз сапасына тигізер жағымсыз әсеріне мысал келтіріндер.

Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз. Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да ту басында біздікі секілді таза да, бай болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөздері қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқылық.

Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбулдарда оқып қайткандарымыз да бар. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр. Бұлар елге келіп жас балаларды оқытады. Сөйтіп, шет тілдер елдегі жас балаларға жұғады. Жас балалар келешектегі бір буын халық. Бұрынғы қазақ арасында тарап жүрген қисса-хикаялардың бәрі ноғайша, арапша аралас тілмен жазылған. Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің біріне орысша қатынастыруды үйреніс қылып алған. Осыдан топшылауға болады, таза деген қазақ тілі де күн бұрын сақталуына қас қылмасақ — бірте-бірте бұзылып кететіні. Қазақ тілінің мұндай жолмен бұзылып кетуін көбіміз сезбей де қаламыз.

(М. Дулатов. 1915 жыл)



77-жаттығу. Берілген сөйлемдерді дәптерлеріңе көшіріндер, содан асты сызылған сөздердің мәніне көңіл бөліндер.

1. Кезінде Бұхарадағы Мираб медресесінде біраз оқып, <u>төлім</u> алған нағашысы Елмұрат: «Жиенімді өзім тәрбиелеймін, өзім оқытып <u>азамат</u> етемін» — деп, өз қолына алып, өз медресесінде біраз уақыт оқытып, <u>төлім-төрбие</u> береді. 2. Онда Әжінияз <u>діни</u> кітаптармен қатар Фирдауси, Науаи, Хафиз, Сағди, Бедил, Мақтұмқұлы шығармаларымен кеңірек танысу мүмкіндігіне ие болады да, <u>поэзияға</u> деген құштарлығы күн өткен сайын кең өріс ала түседі. 3. Медреседе оқып жүрген шағында-ақ Шығыс <u>шайырларының</u> шығармаларын ақ қағаз бетіне түсірумен бірге оларды өзі де жат алып, олардан <u>рухани нәр</u> алу мүмкіндігіне ие болады. 4. Әжінияз қолына түскен кітаптарды <u>құнтпен</u> оқып, өз бетінше ізденіп әдебиет <u>әлеміне</u> еркін кіріп келе бастайды. 5. Көптеген өлең-жырларды, <u>хисса-дастандарды</u> дәптерлерге көшіріп, өзінше жат алып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

(Қ. Сейданов. Дархан дарындар)

78-жаттығу. Берілген сөйлемдерді дәптерлеріңе жазып, қарамен жазылған қос сөздердің қандай мән беріп тұрғандығын айтындар.

1. Ал үшіншісі әлі де емшектен дәмелі, әбден ызаланып, пырсылдай ентігіп, төрт аяқтың арасына ерсілі-қарсылы соғылып жүр. 2. Оңды, солды қапыла қозғалысып, шулап, дабырлап, тау арасын, кең аңғарды азан-қазан етіп жіберді. 3. Сәл-пәл бөгеліп барып, суға жалдаған. 4. Енді үшеуі бірдей қалт-құлт етіп, қысқа қолдарымен су сабалап, бір батып, бір шығып, шар-шар етеді. 5. Бұл жақта опыр-топыр басталғанда көз көрім жерден еріне аяндап немесе желе жүгіріп, ертелі-кеш жеткен бейсауыт кісілер, ішінде жузгіштері де бар екен. 6. Жатақтан бірер шақырым жерде, тоғай ортасындағы ашық алаңқайда шоқ қамыс түбін қорыс қылып жатқан, азу тісі ырсиып, жотасы дөңкиіп, анда-санда рақаттана қорс етіп жем алған, шиыртпақ құйрығын шолтандатып, сығырайған көздерімен жан-жағына жіті қараған қоңыр қабанды көп торыды. 7. Ақ тандақ қара құлақты кенже шөнжік аяқ астынан әлдебір қу сүйекті ала қашып еді, дөңгелене жүгірген, жеткен, ұстаған жерде азмаз алысып, қайтадан *айқыш-ұйқыш* шапқылаған қуыспақ басталып кетті. 8. *Апыл-ғұпыл* бұл да ұмтылды. Қыздар да әдетінше *жапыр-жұпыр* болған.

(М. Мағауин. Шақан-шері)



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Тіл мәдениетінін басты талабы не?
- 2. Тіл бірліктері дегеніміз не?
- 3. Сөз бен сөз тіркестерінің қандай айырмашылығы бар?
- 4. Сөз дегеніміз не, оны құрайтын тіл бірліктері не деп аталады?
- 5. Сөз тіркесі мен сөйлемнің қандай өзіндік ерекшеліктері бар?
- 6. Сөйлем не үшін оймен байланысты?
- 7. Әдеби тіл мен әдеби емес тілге қалай түсінесіңдер?
- 8. Сөйлеудің дұрыстығы мен тазалығы дегенде нені түсінесіңдер?

ТЕСТ-СЫНАК ТАПСЫРМАЛАРЫ:

- 1. Сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану
 - А. Сөз мағынасы.

В. Сөз ләллігі.

С. Сөз байлығы.

Д. Сөз қолданысы.

2. Шындықтың санамызда сәуленуі не деп аталады?

А. Көніл.

В. Ой.

С. Сөз.

Д. Дыбыс.

	лерін фонетиканың қайсы саласы қарас-
тырады?	
А. Фразеология.	В. Идиома.
С. Орфоэпия.	Д. Фраза.
4. Қайсы сөздер орфографиялық заңға	
А. Мөңіреу	В. Жасырын келу
С. Жексембі	Д. Жүйрік
5. Қайсы сөздер орфоэпиялық заңға т	
А. Аунап түсүу	В. Жасырын келу
С. Жексембі	Д. Әрғашан
6. Қайсы қатарда тұрақты сөз тірке	есі берілмеген?
А. Қас пен көздің арасында.	
В. Көзді ашып-жұмғанша.	
С. Қас қағымда.	
Д. Қара қасқа не керек бояу!	
7. Әдеби тіл қалай қалыптасқан?	
А. Жазба тілдің қалыптасып дамуы	імен.
В. Ауызекі тілдің қалыптасып даму	уымен.
С. Диалектілердің қалыптасып дам	уымен.
Д. Композициялық құрылыстарды	ң дамуымен.
8. Ә деби тіл дегеніміз —	
А. Жалпы халықтық, біртұтас ұлтты	қ тілден мейлінше бөлек жатқан дүние
емес, ол солардың өңделген, жетілген ж	коғары сатысы, жалпы халықтық тілдің
диалект, говор, жаргон, ауызекі тіл сиян	қты қызметінің бір түрі.
В. Жалпы халықтық тілдің диалек	т, говор, жаргон, ауызекі тіл сияқты
қызметінің бір түрі.	
С. Жалпы халықтық, біртұтас ұлтты	қ тілден мейлінше бөлек жатқан дүние
емес, ол солардың өңделген, жетілген жо	рғары сатысы.
Д. Өзіндік нормасы, сол нормаға нег	ізделген әр түрлі стильдік ерекшеліктері
бар тіл.	
9. Қайсы қатарда тұрақты тіркестер	р берілмеген?
А. Отырсам опак, тұрсам сопақ.	В. Оң жағыңмен тұрған екенсің.
С. Ол танда ерте оянды.	Д. Талағы тарс айрылды.
10. Тіл өзінің қатынас құралы болу қы	
А. Ауызша.	В. Жазбаша.
С. Ауызша да, жазбаша да.	Д. Сурдопедагогикалық түрде.
11. Қайсы тіл алдын пайда болған?	TIP
А. Жазба тіл.	В. Ауызекі тіл.
С. Ауызекі әрі жазба тіл.	Д. Рулық тіл.
	ба-ауыз сөйлесіп, қарым-қатынас жасау-
да, тікелей өз ара пікір алысуда айрықша	
А. Жазба тіл.	В. Ауызекі тіл.
С. Қатынас тілі.	Д. Ойлау тілі.

- 13. Ақиқат өмірдегі белгілі бір заттың, нәрсенің, құбылыстың тілдегі «өкілі»
 - А. Болмыс.

В. Ой мен тұжырым.

С. Сөз және дыбыстык кешен.

Д. Көңіл мен сезім.

- 14. Қайсы қатарда диалект сөздер берілмеген?
 - А. Мәркәзи, мәрдана, мәнзіл, мәнәт, мәзәлі.
 - В. Мамай, май шашық, майтаба, майса.
 - С. Дойбы, әмиян, оққағар, керемет.
 - Д. Масалық, маса, маңыз, мантық, манту.
- 15. Тіл мәдениетінің тірегі
 - А. Әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері.
 - В. Ұлттық тілдің нормалары мен стильдік жүйелері.
 - С. Халық тілдің нормалары мен стильдік жүйелері.
 - Д. Тайпалық тілдің нормалары мен стильдік жүйелері.

🐉 ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ 🐉

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ

Сөздердің мағынасын, оның жалпы лексикалық жүйедегі алатын орнын, шығу төркінін, қолдану қабілетін, күнделікті қарымқатынастағы көрінісін, түрлі стильдік мәні мен сипатын тексеретін ғылым — лексикология деп аталады.

Қазақ тілі лексикасының құрамын негізгі сөздік қор мен сөздік құрам белгілейді. Сөздік құрам тілдегі мындаған сан алуан сөздерді қамтып, бірнеше салалардан және лексикалық қат-қабаттардан тұрады. Сондай-ақ арнаулы терминдер белгілі бір кәсіпке, шаруашылық түріне байланысты сөздер енеді. Бұдан басқа да қазақ лексикасында басқа тілден енген көптеген сөздер яғни араб, парсы, иран, монғол, орыс, т.б. енген сөздер де бар.

Негізгі сөздік қорға қазақ тіліне ертеден өмір сүріп келе жатқан байырғы сөздер, кейін жасалған туынды сөздер жатады. Бұлар халық тілінде әбден қалыптасып жалпыға түсінікті болады. Негізгі сөздік қор жаңа сөздердің жасалуына ұйытқы болады, М: етік-етікші, жұмыс-жұмысшы, күн-күндік т.б.

Тілде туынды жаңа сөздер негізгі сөздік қордағы сөздердің базасы түрлі тәсілдер жасалып отырады. *Ек, ет, іс, су, көк* деген түбір сөздерде, *егін, орақ,* деген туынды *сөздер негізгі сөздік қорға* жатады. Негізгі сөздік қорға жататын сөздер мен сөз тудырушылардың қабілеті бірдей емес. Мысалы: *есімдік, сан есім, устеу, сөздерге қара-* *ганда* зат есім мен есімдік тобындағы сөздердің сөз жасам мүмкіншіліктері әлдеқайда басым. Тілдегі *тактор, комбайн, электр, радио, агроном* сияқты сөздерден қолдана келіп жалпы халықтық сипат алып, негізгі сөздік қорға енеді.

Негізгі сөздік қор талай ғасырды басынан кешірген байырғы көне сөздер болады. Негізгі сөздік қор тілдегі сөздердің барлық жиынтығы қарайды.

Қазақ лексикологиясының құрамын тарихи жақтан алып қарасақ, ертеден келе жатқан арна қазақ тілінің байырғы төл сөздері. Қазақ тілінің байырғы төл сөзі негізгі сөздік қорға енумен бірге шығу төркіні жағынан туыстас түркі тілдеріне ортақ сөздер болып табылады.

Онымен бірге қазақ халқының басынан кешірген ұзақ тарихында талай-талай халықтармен мәдени шаруашылық қарым-қатынастар болған мен монғол, араб, парсы, орыс, т.б. енген сөздер де қазақ тілі лексикасын құраған қат-қабаттар мен арналар болып табылады. Осы лексикадағы қай қабаттар мен арналардың бәрі түркі тілдеріне ортақ сөздер.

Қазіргі қазақ тілінің негізгі сөздік қорына енетін байырғы және түркі тілдерінің әрқайсысына тән ортақ сөздерді негізгі түрлері мыналар:

Мал шаруаларына байланысты атаулар: *қой*, *жылқы*, *ат*, *бай-тал*, *туйе*, *бота*, *қозы*, т.б.

Аң-құс атаулары: аю, қарға, бүркіт, бұлбұл, түлкі, т.б.

Адамның дене мүшелеріне байланысты атаулар: *бас, аяқ, қол, көз, мұрын, ауыз*, т.б.

Табиғаттағы құбылысқа байланысты атаулар: *тау, жер, су, өзен, көл, тас, жел, ай, күн*, т.б.

Еңбек құралдары атаулары: пышақ, ара, біз, тырма, күрек, т.б.

Егін шаруашылығына байланысты атаулар: *бидай, арпа, тары, жүгері,* т.б.

Адамның туыстық қатынасына байланысты атаулар: *қыз, ата, шеше, аға, әйел, күйеу,* т.б.

Тамаққа байланысты атаулар: ет, май, сүт, айран, т.б.

Тұрмыс қажетіне байланысты атаулар: *үй, киіз, кілем, алаша,* т.б. Заттың сапасын,белгісін көрсететін сөздер: *ақ, сары, қызыл, көк, ыстық*, т.б.

Есімдік сөздер: мен, сен, ол, т.б.

Сан есімдер: бір, екі, үш, т.б.

- **79-жаттығу.** Төмендегі берілген сөйлемдерден табиғат құбылыстарына байланысты атауларды теріп жазындар.
- 1. Көпірден өтісімен Сарыкең суды жағалап, оңға қарай бұрылды. 2. Бұл араның жолы тас жол емес, жай қара жол. 3. Жауын-шашынсыз кезде жүріске тас жолдан да жайлы. 4. Өзенді бойлай ирелендеп шығысқа қарай тартып келеді. 5. Алдан тұрған желден көзі жыпылық-жыпылық етіп, атасының жүзіне сүйсіне масаттанып қарайды. 6. Сарыекең шаң кірмес үшін көзіне жабық көзәйнек киіп алған. 7. Арық арна кездескенде кілт баяулай қалады да, тегіс жерде көзден жасты парлатып, көсіле зырлайды. 8. Сарыекеңнің еңбек қимылын ол осыдан кеш батқанша қарауға да жалығатын емес еді. 9. Кейбіреулер жайдақ құмдауыт жағада етпеттерінен, шалқаларынан күнге қыздырынып жатыр. 10. Жауыннан соң кемпірқосақ пайда болды.

(Б. Соқпақбаев)

80-жаттығу. Төмендегі берілген сөйлемдерден егін шаруашылығы мен еңбек құралдарына тиісті атауларды теріп жазындар да, оны талдандар.

Біреусінде тізіліп ағаш шеберінің ісмерлік саймандары жатыр: ара, балта, сүргі, шапқы, тескіш, тістеуіш, бұрғы — тіпті көп. 2. Бел ағашта кендір жіппен салбыратып байлап қойған ескі темір шелек тұр. 3. Біресе үйден, біресе қораның ішінен, біресе шатырдан іздеп, қармағын таба алмай жүр. 4. Соның қып-қызыл боп қызарған бір жақ шетін төске ұстап, қамырша илеп, соғып тұр. 5. Стол үстінде даяр қағаз, қарындаш жатыр екен. 6. Сатылғанның сол жақ қасында қабырғаға сүйелген келсап тұр. 7. Келсаптың қасында сүйеулі шалғы тұр. Әлгінде шешем келсапты төсеніш етіп, сапсыз шалғымен тері сүргілеген. 8. Оның қолында құлаштай жалпақ темір. Соның қып-қызыл боп қызарған бір жақ шетін төске ұстап, қамырша илеп, соғып тұр. 9. Бір кезде әлгі егіс бітіп, басқа бір егіс басталды. Бұл қылтығы аппақ болып қуарған тез пісетін арпа еді. 10. Күн нұрымен шағылған маржан дән шанаққа сау-сау құйылады.

(Б. Соқпақбаев)

81-жаттығу. Төмендегі берілген сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздерді теріп жазындар да, сөз тұлғасына қарай қай сөзге жататындығын анықтандар.

Мәселен: Ташкент қаласындағы *Яккасарай* ауданында Жамбыл Жабаев атында көше бар. 2. Кемел *қаламгерлердің*, ақын-*жазушылардың* тамаша *туындыларынан* рухани нәр алып, жаңа өмірге жарқын бола-

шаққа үлкен ой, асқақ парасатпен қарап, ылғида биіктей түскен. 3. Өзбекстан газет-журналдарында Жамбыл Жабаев жайлы мақалалар жарияланып, ұлы ақын кемеңгерлік сипаты жан-жақты ашыла түседі. 4. Жамбыл Жабаев шығармашылығында айтысы үлкен орын алумен бірге, жеке адамдарға арналған «Арнау» өлеңдері, сондай-ақ эпикалық көлемдегі «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» атты кең тынысты кемел дастандары жұртшылық тарапынан ерекше күтіп алынған тамаша дүниелері. 5. Ол Асан қайғының аңыз күйлерін тартқанда, бүкіл тыңдаушыларын өз жетегіне үйіріп, айрықша емірендіреді екен.7. Анасы Ұлдан өз жанынан өлең шығарып айтпағанымен өлең-жырға, той-думанға жаны құмар жан болады. 6. Кемеңгер ақынның 170 жылдығына орай, 1997 жылы «Қарақалпақстан» баспасы «Тандамалы шығармалар» жинағын бастырып шығарып, өз оқырмандарына ұсынды.

(Қалдыбек Сейданов. Дархан дарындар)

82-жаттығу. Төмендегі берілген мәтіннен табиғаттағы құбылысқа байланысты атаулар мен жер-су аттарына байланысты сөздерді тауып, баған түрінде жинақтап жазындар.

Тобықтының Бұғылы болысы дейтін елдің ортасында соңғы он күннен бері қалың бір жиын өтіп жатыр. Бұл жиын орнаған жер Бұғылы болысындағы Қарамырза, Тасболат және Есболат дейтін қалың елдердің өте жиі отыратын төр жайлауы. Айналасы көз ұшымға шырқап кетіп жатқан мол сулы, қалың шалғынды, кең жазық бар. Соның тап ортасында орнаған Үлкен Көксеңгір деп аталатын биік бар-ды. Айналасы төсектей жазық болғандықтан, Көксеңгір аса биік жалғыз тау боп, одағайлап тұрады. Жан-жақтың қай тарапынан қараса да ат шаптырым алыстан дүңкиіп, тұтасып, қыр арқасымен созыла көрінетін жалғыз тау «мен мұндалап« тұрғандай. Алыстан қарағанда мол даланың мұнары ішінде оқшауланып тұрған бір тұтас жалғыз биік тотияйындай көкпенбек боп көрінетін шақтар бар. Шыңғыстың сыртында талай биік таулар болса да, солардың ішіндегі Бұғылы, Машан немесе Ақшатау, Тезектің Қарашоқысы тәрізді таулар дәл Үлкен Көксеңгірдей көз тартып, ерекше көкшілденіп, оқшауланып тұрмайды. Олардың бәрінің де айнала қоршау таулары, адырлары көп те, жеке биігі соларға жалғасып жатқандықтан, үлкендігі де онша білінбейді. Көкшіл реңі де өзгеше боп көз тартпайды...

(М. Әуезов. Абай жолы)



83-жаттығу. Төмендегі берілген сөйлемдерден есім сөздеріне тиісті сөздерді табындар да оның қай сөз табына жататындығын айтындар.

1. Бұл қырық шақты үйдің тап орта тұстарында, үш жерде үлкенулкен ақ үйлер, кестелі отаулар төрт-төрттен тығыз түйісіп, қызық турде қосылып тігіліпті (М. Әуезов.) 2. Ілкі құлап қала жаздағанына жасыңқырап қалған пішін кенет жоғалып, оның аздап желге жарылған қара қоңыр беті долданып қара күрендене түсті (Х. Есенжанов.) 3. Жастайынан оқуға зерек, еңбекке етене өскен ол, әрқандай қиындыққа төзіп, кез келген тосқауылдарды жеңе білді. (М. Арынов.) 4. Сол кездегі Шыңғысханның басқыншылығына орай, болашақ ақын Шираз қаласын тастап кетуге мәжбүр болып, Бағдат қаласына барады. (Қ. Сейданов.) 5. Кілең өлең-сықақпен толтырып жіберіпсіндер, маңызды бір де бір саяси мақала жоқ, осы да газет пе деп, парша-паршамызды шығарып сынады. (Б. Соқпақбаев.) 6. Жар басындағы қойшы үйінің маңына салт аттылар иіріле қапты. (Р. Тоқтаров.) 7. Оның сүйіп қосылған, қырық үш жыл бірге отандасқан жары – Жібек Мәжитқызы екеуі екі ұл, екі қыз тәрбиелеп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, тамыры тереңдеген құрметті жанұяға айналды. (М. Арынов.) 8. Бұл күнде жас он төрт-он беске келген бала жігіт Рахымның бойы бойшаң, ақшыл жүзі ашан, арықтау екен. $(M. \partial y e 30 в.)$

СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАЛАРЫ

Құбылыстар мен заттардың бәрі де белгілі бір сөздермен аталады. Сөз өте күрделі құбылыс. Тілдегі сөздер бір-бірінен дыбыстық ерекшілігі мен құрылым-құрылысы жағынан ғана емес, білдіретін мағынасы жағынан да қилы-қилы.

Сөз болған жерде мағынаның болуы табиғи нәрсе. Сөз — мағынаның тірегі. Сөзсіз мағына жоқ, бірақ мағынасыз сөздер де болады. Мағынасыз сөздердің мәні сөйлемдегі байланысында ғана. Мағынасыз сөздерге шылаулар, одағайлар жатады.

Сөз мағынасының қыр-сыры өте көп. Белгілі бір сөз, алдымен, өзінің тура немесе номинативті мағынасында қолданылады; дәл сол сөз екінші бір тіркестерде, сөйлем ішінде ауыспалы, өзінің тура мағынасынан басқа мағынада да қолданылуы мүмкін; дәл сол бір сөз түрлі тіркестер құрамында бір емес, бірнеше мағынада қолданылуы мүмкін, яғни көп мағыналы болып келуі мүмкін.

Сөздің қандай мағынада қолданылып тұрғанын дәл айқындайтын нәрсе — контекст (сөз тіркестері, сөйлем ішіндегі білдіріп тұрған мағынасы).

Мәселен, Айғаныс басын көтеріп, **аузын** жыбырлатты да, Ілиясқа қайта үңілді: суы тайыз, өткел **аузын**да баяу сөйлеген дауыстар шығады. (F. Мұстафин.) Көмір суырдың қазған інінің **аузына** шығып қалыпты. (F. Мүсірепов.) Ол марляға жабысып қатып қалған жараның **аузын** қолымен жұлып алды. (Ә. Әбішев)

Мұнда бірінші сөйлемдегі *ауыз* сөзі ғана өзінің тура мағынасында тұр, ал екінші, үшінші, төртінші сөйлемдерде бұл сөз ауыспалы мағынада (өткелден өтетін жер; іннің сыртына; жараның бетін, ұшын) тұр.

Бұл сөйлемдердегі ауыз сөзінің әр түрлі тіркестегі мағынасы бұл сөздің әрі көп мағыналы екенін көрсетеді.

84-жаттығу. Берілген сөйлемдерден ауыс мағыналы сөздерді табындар. Оны тура мағынасымен салыстырындар.

1. Сол келген салқын үнді, қатаң ажарлы жүргінші Мәкен басына әлек әкелген. 2. Енді, міне, жыл мезгілі толар-толмаста сол Қайырдың ағасы, қырықтан асқан жасы бар, үйінде аюдай қатыны бар мынау Дайыр Мәкен мен оның шешесіне суық сала бастаған. 3. Ноғай аулына күйеүшілеп Әбіш келгелі сол Дайырдың аулы қатты мазасыздык күйге түскен. 4. Олар Мәкен мен Дәрмен арасын сырттан болжап, өздерінше өсекке таңып айтқан. 5. Сондай бәрін ішіне жинаған және Оразбай ықпалы бойынша Абайдың өзін, оның бар өрен-жаранын жау деп білген Дайыр, бүгін келім-кетімнен босай сала, әдейі атқа мінген. 6. Екеуінің сырына көз жасы да, сараң сөздері де, ең алғаш табыстырған құшақтары да араласты. 7. Қазір басталатын әлекті көп күдікпен қинала ойлағанда, Дәрменнің мандайынан ыстық тер аққандай. 8. Сол себепті қаладағы Абайға алдын ала Дәрмен жайын білдіріп, ұғындырып қоюды Әбіш өз мойнына алған. 9. Кешегі Абайдың ажары Дәрменге көп жайды танытты. 10. Өздері шарбақ арасынан баспалап қарап, Әбеннің кішкене қорасынан көз айырмай үнсіз отырыскан-ды.

(М. Әуезов. Абай жолы)

85-жаттығу. Берілген өлеңнен ауыс мағынады сөздер табыңдар. Оны тура мағынасымен салыстырндар.

ӨМІР СҮРЕЙІК АЛМАСЫП

Жапырақ — жүрек, жас қайың! Жанымды айырбастайын. Сен адам бола бастасаң, Мен қайың бола бастайын, Келісесің бе, жас қайың?!

(Көрінер, мүмкін, кімге ерсі) Өміріңді маған бір берші! Дүрбелең мына дүниені, Адам көзімен бір көрші.

Қайың боп мен де бағайын, Орманнан орным табайын. Беймәлім маған өмірге, Қайың көзімен қарайын.

Сен-дағы жерден нәр алдың, Мен-дағы жерден нәр алдым. Біреуден сен де жаралдың, Біреуден мен де жаралдым. Тілің жоқ, жанды қайың сен, Айырмашылығым — Адаммын.

Мендегі бары бір жүрек, Беріпті жүрек саған мың, Сондықтан ұзақ жасайсың — Құрдасы келер заманның.

Бар-жоғы менде бір жүрек, Ол өлсе мәңгі кеткенім. Сендегі семсе мың жүрек, Келшенде жасыл көктемің, Тірілер қайта дүркіреп.

Жапырақ-жүрек, жас қайың! Жанымызды айырбастайық? Адам боп жүрсең қасқайып, Тәуекел айырбастайық! Өмірге өмір жалғасып, Анамыз жерге жармасып, Бірде адам, бірде қайың боп, Сүрейік өмір алмасып....

(Мұқағали Мақатаев)

86-жаттығу. Төменде берілген сөздерді қатыстыра отырып, үлгі бойынша мысал жазындар. Мысалдары қатыстырып ауызша сөйлем құрастырындар.

Үлгі: көз — иненің көзі, адамның көзі, істің көзі, бұлақтың көзі

Бас, етек, мойын, төбе, аяқ, бел, кілт, құлақ, қол, есік, жүрек.



87-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерге мән беріндер де, олардың мағыналарын үлгі негізінде талдандар.

Үлгі: қолдан-қолға түсірмеу — қастерлеу, күту.

1. Ишанның Нұрымнан қашан босауын андысып тұрған қазақтар ишанды қайдан еліне қайтарсын: қолдан-қолға түсірмей ала кеп жөнелді (С. Торайғыров.) 2. Содан қорқып, қол көтеруді қойдық (Ғ. Мұстафин) 3. Тобықты қол жұмсаса, сен де қайрат етер қауқарың бар жұртсын. Қай қастығына болса да, алысып қарсы тұр (М. Әуезов.) 4. Көкірегі таза болмаса, көз тазасы не керек?! (Шешендік сөз.) 5. Таяуырақ тыңдағанда, ызыңнан көкіректі қарс айырған жасырын күйініш, ащы қасірет естіледі (С. Сейфуллин.) 5. Өз көзің ашылумен бірге, менің де көзімді қоса ашып отырсың десем керек қой! — деді Абай Дәркембайға (М. Әуезов.) 6. Бет-аузыма қарашы, Мендей көзің ағарсын, Жолдасынды сабайсың, Жақсылық қайдан табарсың («Қамбар батыр» жырынан.)

СӨЗ МАҒЫНАСЫНЫҢ АУЫСПАЛЫ ЖӘНЕ КЕЛТІРІНДІ ТОПТАРЫ



Тілімзде сөздер әр түрлі мағынада кездесіп отырады. Олар сөз мағынасының ауысуы, өзгеруі, сөздердің келтірінді мағынада қолданылуы нәтижесінде болады. Сөз мағынасының ауыспалы және келтірінді топтарына метафоралық, метонимиялық, синекдохалық мағыналар жатады.

1. Метафоралық мағына. Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың екінші бір зат не құбылыс атаулары мен

аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы *метафора* деп аталалы.

Метафораның негізінде туған келтірінді мағына, әдетте, сөздің туынды мағынасы ретінде туып, орнығып кетеді.

Мысалы, қыздың төркіні, істің төркіні, мәселенің төркіні дегендегі төркін сөзін қыздың төркіні дегендегі төркін сөзімен салыстырып қарасақ, қыздың төркіні дегенде — қыздың ата-анасы, жақын, туған-туыстары дегенді білдіреді. Ал кейінгі мысалдардағы төркін сөзітүбі, негізі, тегі, сыры дегендерді аңғартады.

2. Метонимиялық мағына. Метонимия — белгілі бір заттар мен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән-мағынасының реалды байланыстылығына қарай алмастыру амалы. Метонимияның метафорадан бір айырмашылығы мынау: метафора, негізінен, ұқсас екі зат немесе құбылысты бір-ақ атаумен (сөзбен) атаса, метонимия ойда сақталынып тұрған бірер сөзді айтпай-ақ, ол сөзді екінші бір сөз мағынасына сыйыстырып жібереді. Ондайда екі немесе одан да көп сөз мағынасы сол сөздер орнына қолданылған бір-ақ сөзден оп-оңай аңғарылады. Оның себебі — метонимия халық тілінде ертеден бермен қарай қалыптасқан ұғымдарға сәйкес жасалынады.

Мәселен, Мекембайды оқыдым десек, Мекембай Омаровтың шығармаларын оқыдым дегенді аңғарамыз. Шәрипа жеңгейдің дастарқаны мол екен, — десек, Шәрипаның стол жапқышышың көлем-мөлшерін айтпаймыз, тағамы мол екен немесе Шәрипаның қолы ашық, барын аямайды деген мағынаны ұғамыз. Олай болса, дастарқан сөзі ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылып тұр. Сонда бұл сөйлемдердегі оқыдым, дастарқаны дегендер — метонимия.

3. Синекдохалық мағына. Синекдоха атауларды алмастырып атаудың бір түрі болып саналады. Осының негізінде жапсарластық, іргелестік мағына күшті болады. Синекдоханың метонимиядан негізгі айырмашылығы аталатын заттардың сандық белгілеріне байланысты болады. Бүтіннің орнына бөлшек, үлкеннің орнына кішіні қолданудың немесе керісінше қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуын айтады. Синекдоха — метонимияның ең көп тараған түрінің бірі.

Мәселен, бір адамда бір-ақ бас болатыны белгілі. Сөйте тұра, қазақ: — Басың нешеу? — деп сұрайды. Төрт-бес жанбыз ғой... — деп жауап береді. Төрт-бес тұяғымыз бар десе, төрт-бес қой-ешкім бар деген сөзі. Бас екеу болмай, мал екеу болмайды; Шекесі шы-

ғыңқы домалақ бастар, бүйірі созыңқы ұзын бастар, өнерге біткен ашық мандайлар, өнерсіз еті калың маңдайлар екі жыл бойы алдымнан кеткен жоқ. (F. Мұс.) Тұмсықтының тамағы шоқуменен табылар, өнер-білім дегенің оқуменен табылар (Ыбырай Алтынсарин).

Синекдоха кейде сықақ-әзіл, қалжың, комсыну, ерсі көру тәрізді мағына аңғарту үшін әдейі қолданылады. Ондайда кейде адамның түр-тұлғасы, киім пішіні де еске алынады: $\partial \check{u}$, $\partial \check{y}\partial ap-\delta ac!$ $\partial \check{u}$, қисық! $\partial \check{u}$, mүлкі mымақ, cen берірек келші... Бұл мысалдардағы синекдохалар — $\partial y\partial ap\delta ac$, қисық, mүлкі mымақ.

88-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерді көшіріп жазындар да, ондағы метафоралық мағыналы сөздерді табындар.

1. Осы топ тигелі келе жатқан «жау» деп атандырған, анығында, соншалық бейбіт, момын ел дәл осы бүгінгі күндерде өздерінің дағдысынан тыс бір оқшау күйге келгені болатын. 2. Сондықтан Көкеннің әр жердегі ойдым-ойдым елін, қоныс кәсіптерімен қос атасады. 3. Бірақ соған орай Тобықтыдан келген суық сөзді бір Серке емес, Көкеннің көп елі естіген де, осы көктемде дағдыдан тыс бір қалыпқа келген. 4. Өзара бас біріктіріп, жуан елдің зорлығына, қорлығына қарсы бірігіп әрекет жасаймыз деген Көкеннің елі қазір бір жылкысын қосып бағатын. 5. Ал бірак бүгін олар қара күшке салып, қол қайратын етер болса, сенің де қолың қайратсыз емес, менін елім! 6. Сенің қолың қара жердің сауырын қара соқамен де айырып үйренген сүйелді қол. 7. Осы Тұщыкөл басындағы елдің кәрі-жасының бәріне өзінің жігерлі сөзін көп таратып, жеткізе айтып болғанды. 8. Бүгіндер көл басындағы қалын елдің қару ұстауға жарайтын ер-азаматы қара бақан, жетектерін болса да өзгеше бір жігермен, ызамен білемдеп ұстап отырған тәрізді. 9. Күндізден бергі жұрт ашуы мен жігері Құлжатаймен бірге Есбайды да қатты ширатып, ызамен түйілдіріп жүрген.

(М. Әуезов. Абай жолы)

- **89-жаттығу.** Төменде берілген сөйлемдерді көшіріп жазындар да, ондағы метонимиялық мағыналы сөздерді табындар.
- 1. Енді сол жерлерді Көкеннің еңбекші, егінші елі Тобықтыдан қайырып алмаққа шын талап етеді. 2. Өлмеген Тобықтыны мен көрермін! 3. Ауылдың бәрі бүгін отын ерте өшірсін! Жатып қалған боп жым-

жырт бола қалсын деп ек. 4. Бізден үн шыққанда сен де ауылға қарай «аттанға» басып, елге хабар бере бер. 5. Құлайғыр енді өз тобын дауыс шығартпай, қайтадан алдыңғы ағындап бара жатқан жылқыға қоспақшы еді. 6. Бұлар бұрын Бостанмен келіскен сөзінде ауылды, елді босқа үркітпек емес. 7. Бірнеше күннен бері үш-төрт жасар баладан бастап, кәрілігі әбден жеткен, алжып можа болған тоқсандағы шал, кемпірге шейін: «Жау келеді!», «Жылқыға тиеді!», «Ұры келеді, барымта алады!», «Төбелес болады!», «Қан төгіледі!» деген сияқты суық хабарлар мен дақпырттарды әр дастарқан басында, әр ошақтың қасында, жатарда жыртық көрпе астында, мал шетінде, көген басында үзбестен сөз етісетін. 8. Бұрынғы момын тіршіліктерінде тыныштыққа үйреніп өскен, пәлені сүймейтін жуас елдің әрбір үйінің іші соңғы күндерді қарғап сілегендей болатын.

(М. Әуезов. Абай жолы)

- **90-жаттығу.** Төменде берілген сөйлемдерді көшіріп жазындар да, ондағы синекдохалық мағыналы сөздерді табындар.
- 1. Қол желе-шоқытып, «ауыл болар-ау» деген алқаптан қашандап айналып, батыс жақтан ескен желге қарсы жортып барады. 2. Мұның жылқысында жүрген қандай саққұлағы болса да, біз қиқу салып тиіп кеткенге шейін дабырымызды, сарынымызды андамай қалатын бір сәт боп тұр. 3. Өзара бас біріктіріп, жуан елдің зорлығына, қорлығына қарсы бірігіп әрекет жасаймыз деген Көкеннің елі қазір бір жылқысын қосып бағатын. 4. Жалынған бас қорғау емес, жағаласқан бас қорғау! 5. Мен ауылдағы ақсақалдарға айтып кеткенмін. 6. Әнеки, үрген иттен басқа тырс еткен дыбыс жоқ, жылт еткен от та жоқ! деді. 7. Құлжатай ер болса да мынадай қалың нөпірді көргенде, алғашқы сәтте жүрегі «дір» етіп, ат басын ірке қалды. 8. Қазіргі бұлардың мақсаты өздері төбелес салу емес, бірақ жауды шұбыртып, жылқышы мен ел құлағына естіртпекші.

(М. Әуезов. Абай жолы)

91-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдердің қарамен жазылғандары қандай мағынада қолданылып тұрғандығын ажыратып көрсетіндер.

Үлгі: қол- синекдохалық мағына.

1. Тобықты *қолын* бастаған Бесбай қандай сырқынды болса, соған орай бүгінгі Бостанның *айласы* да таныған жұртқа тамаша есте қаларлық есеп көрсетті (М. Әуезов.) 2. Онша ұзаққа бармай *қас қарайды*

(Т. Рыскелдиев.) 3. Үп еткен жел, шың еткен дыбыс жоқ. (М. Мағауин.) 4. Су басына жеткенше оны елде не бір ойлар шырмаумен болды, бірақ көзді еріксіз сүйреп әкететін көркем көрініс кешікпей оның назарын өзіне аударып, ойын жадыратып жіберді (Х. Есенжанов.) 5. Мұрат пен Нұржамал олармен қоштасты да, дөңгеленген толық Айдың күміс сәулесіне шомып, ұйқыға кеткен «Піл тауына» қарай аялдады (М. Арынов.) 6. Ол — ол ма, көзінің тірісінде композиторлар одағына мүшелікке өте алмаған Шәмшінің «Менің Қазақстанымы» Дүниежүзілік қазақтары Құрылтайының әнұранына айналып шыға келді (Қ. Сейданов.) 7. Жас жігіт қарт ағасының қиналған жүзіне жүзін тақап, етпеттей кеп еді (М. Әуезов.) 8. Қан жүрегін өрт шалған қара шегіртке де — қара тастай түйіліп, боранды күні адасқан жалғыз жаяуды қамаған аш қасқырдың тобындай, қан көксеген қатал қол қаусырмалап қысқандай күйде кетті (Е. Рыскелдиев.)



92-жаттығу. Берілген тұрақты теңеулерді қатыстыра отырып, сөйлем құрастырындар.

Үлгі: қылыштай өткір — Жасынан еңкейген Асқардың беліне зілдей ауыр, *қылыштай өткір* нәрсе тағы да сарт ете түскенде, белі үзіліп кеткендей көрінді.

Қынабынан суырылған семсердей; қылыштай өткір; сегіз қырлы жебедей; айбалтаның сабындай; ердің айбалтасындай; домбыраның қос шегіндей; сыбызғыдай жіңішке дауыс; ақ қағаздай дақ түспеген; қаламдай қасы қиылған; балдай; шекер менен балдай; бауырсақтай; дөңгелек таба нандай; қамырдай илу; удай ащы; дастарқандай жаю; қайнаған қазандай; қара қазандай; бесбиенің сабасындай; майлы қасықтай жылпылдау.

(Тұрақты теңеулер сөздігінен)

ОМОНИМДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСАЛУЫ

Омонимдер бірдей дыбысталып немесе бірдей жазылып, мағыналары басқа-басқа болып келетін сөздер. Мәселен, ат — көлік, төрт түліктін, жан-жануардың бірі; ат — етістік (мылтықты ат); ат - ауыспалы мағынада айт, сөйле (сөзді атып-атып жіберді, айтып-айтып тастады, тақ еткізді, т. б. мағынада).

Омонимдердің полисемиямен ұқсастығы да өзіндік ерекшеліктері де бар:

Омонимдер де, полисемия да бірдей дыбысталып, бірдей айтылады, бірдей жазылады.

Мәселен, am — көлік; am — есім; am — етістік; мұндағы сырттай ұқсастық: үш сөз (ат) бірдей дыбысталып тұр.

Омонимдер бірдей дыбысталып, айтылып, бірдей жазылса да, әрқайсының, яғни әрбір сыңарының мағынасы әр түрлі, басқа-басқа болады. Ол мағыналар арасында байланыс жоқ. Келтірілген ат сөздері — мағыналары дәл осындай, басқа-басқа сөздер.

Құрамына қарай омонимдер екі түрлі — түбір омонимдер, туынды омонимдер болып келеді.

Тубір омонимдер — ешбір қосымшасыз (аффикссіз), негізінен, атау тұлғада қолданылатындар: жүз-сан есім (Жүз сом ақшаң болғанша, жүз жолдасың болсын); жүз — зат есім (түр-түс, бет-әлпет; ақ тамақ, қызыл жүз); жүз — зат есім (ұстараның жүзі); бет-әлпет, түр-түс (өткірдің жүзі, кестені бізі, өрнегін сендей сала алмас) т. б.

Туынды омонимдер — белгілі бір түбірге аффикс қосылу арқылы жасалатындар: жастық — зат есім (жастыққа жантая кетті); жастық — сын есім (қайран жастық шақ!) т. б.

Омонимдердің түрлері көп. Тіл фактілерін ескере келгенде, біздінше, омонимдердің негізгі түрлері мыналар: толық омонимдер, жартылай омонимдер (толық, жартылай ассимиляция, т. б. деген терминдерді еске ала кетейік), фонетикалық омонимдер, орфографиялық омонимдер, көп компонентті омонимдер, омонимдерге қатысты лингвистикалық басқа да құбылыстар (паронимдер, каламбурлар).

Омофондар — біркелкі айтылып, түрліше жазылатын, мағынасы мен сыртқы тұлғасы басқа-басқа болып келетін сөздер. Мәселен, асшы — ас даярлайтын адам (зат есім); ащы — сын есім, антонимі — тұщы; екеуі де бірдей — ашшы түрінде айтылады, бірақ жазылуы да, мағыналары да басқаша. Сондай-ақ, қара ала — сын есім; қарала — етістік, антонимі — ақта; қара ат — сын есім; қарат — көрсет (етістік); сары ала — сын есім; сарала — етістік, т. б.

Омографтар — біркелкі жазылып, екпіннің әр түрлі түсуіне байланысты түрліше айтылатын сөздер.

Мысалдар: aлмa - зam ecim; aлмa-болымсыз emicmik; mapmna, кеспе, бөлме, салма - әрі зат есім; әрі етістік, т. б.

93-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар да, одан түбір омонимдерді табындар. Не үшін омоним болатындығын мысалдармен дәлелдендер.

1. Аумағы он шақты қадамдай жайдақ жатақтың үсті көлеңке, асты қу шөп, ескі жапырақ. 2. Сырт дүниемен қатынасар жалғыз жол. 3. Төңірегі тұйық – қу томар, тікенекті бұта, ұйысқан шырмауық – тышқан жорғалап өте алмас бітеу қабырға. 4. Жатақтан бірер шақырым жерде, тоғай ортасындағы ашық алаңқайда шоқ қамыс түбін қорыс қылып жатқан, азу тісі ырсиып, жотасы дөңкиіп, анда-санда рақаттана қорс етіп жем алған, шиыртпақ құйрығын шолтандатып, сығырайған көздерімен жан-жағына жіті қараған қоңыр қабанды көп торыды. 5. Әуелде жер ыңғайы келмеген, одан соң желдің ығы түспеді, бәрі оңалғанда доңыздың өзі мөлшерден тыс сақтық танытқан. 6. Қабанның езуін айыра сорайған аппақ азуына іреле түсуге шақ қалған жолбарыс арылдай айбаттанып, жалы түксиген, көздері шытынай тесіп, құйрығы тынымсыз шолтаңдаған тайдай қабанды шырқ айналды. 7. Бірақ жолбарыс аш еді. 8. Оның устіне, дәл биыл қыс қатты, қар қалың болып еді, шошқа азайып, қарақұйрық ауып кеткендей.

(М. Мағауин. Шақан-шері)

94-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар да, одан туынды омонимдерді табындар.

1. Оны жетілдіріп отырса, жетістік те, егер тоқырауға жолықса, тоғышарлыққа бой берілетіндігі ешкімге сын емес. 2. Той-думанға еліктеп, жастық буынмен мектепті де, сыныпты да ұмытып қалғанға ұқсаймыз. 3. Жастық шақтың бір-бірінен өткен аяулы күндері таудан аққан тас бұлақтың сусындай жылымсып, ғасыр дариясының кең арнасына құйылып жатты. 4. Алпыс екі жылдан бері бір жастыққа бас қойып, бақытты жанұя ұйытқысы болып отыр. 5. Халықаралық еңбек ұйымының басшылығына тәуелсіз Қазақстан Президентінің ресми хатын табыс етіп, осы беделді ұйымның Женевадағы сессиясында алғаш рет қазақша сөз сөйлегені, басқа түскен әр түрлі қасірет-нәубеттердің салдарынан жұмыр жерге тарыдай шашылған қандастарымыздың атажұртқа бет түзеген алғашқы қиын көшін бастап ұйымдастырған қилы-қилы шаралары мен дүйім істері жайлы айтылды. 4. Еркектің әйелі қасында болса, абыройы басында болады – деген қанатты сөз бар. 5. Айдарбек екеуміз өнерді бірге үйрендік: мандолина, домбыра, гармонь аспаптарында ойнауды бірдей игердік. 6. Ойлы кейіппен сөйлеген әрбір сөзінен зиялылықтын лебі еседі.

(Марат Арынов. Таудағы жаңғырық)

- **95-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жазындар да, одан қарамен жазылған омонимдерді топтандар. Қай сөз табынан жасалғандығына қарай талдау жүргізіндер.
- 1. Қайран, балалық шақ, тұс көргендей, өтті де шықты! 2. Мен үйіне бара қалсам, арнайы кеспе көже пісіретін. 3. Жаныңа жебеу болар Сапурадай жақсы жар тандап қосылып, жылы шаңырақ астында екі ұл, бес саукелелі ару қыз тәрбиеледің. 4. Әсіресе, мына өзге мемлекетте жалғыз қалып, самайың қырауланып, қарттық есігінді қағып тұрғанда жас кезінде бірге өскен достарынды сағынады екенсің. 5. Ажырамас арамыз, қажеті қанша басқаның, Достарым, адал достарым! 6. Қырық бес жыл жұмыс істеп жаман атым қалған жоқ. 7. Бұл өмірге түсінбейтін жандарға мен таң қалам. 8. Топастық пен өзімшілдік жатыр онда аңғарам. 9. Дегенмен, Ерекендей ер көңілді азаматтың арамыздан ертерек кеткені мені қатты күйзелтіп, көзіме жас үйіреді. 10. Ол жерде туысқанымыз Әлиакбар Амандықов атаулы мектептің директоры, ал Сарықожа Бегежанов қазақ тілі мен әдебиеттен сабақ беретін.

(М. Арынов)

96-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар да, одан қарамен жазылған омофондардың сыңарларын тауып, оларға мысалдар келтіріндер.

Үлгі: Алты айлық мұғалімдер дайындайтын қысқа курс — *Таңда ұшақпен ұшып келген қонақ алтайлық болады*.

1. Үсейін ағамыз Ташкентте **алты айлық** мұғалімдер дайындайтын қысқа курстың ашылғанын, оған оқытушылыққа бейім талантты жастар қабылданып жатқанын, ауданнан бізге жолдама берілетінін айтты. 2. Жастық шақтың бір-бірінен өткен аяулы күндері таудан **аққан** тас бұлақтың сусындай жылымсып, ғасыр дариясының кең арнасына құйылып жатты. 3. Ауылдық азаматтар жиынының **ақсақалы**, аудандық халыққа білім беру бөліміндегі ардагерлер кеңесінің төрағасы. 4. Тағдырдың татыратын **ащысы** бар, Қасымдай қателессең қатты сынар. 5. Аузын **ашса** бүкіл ішек-шабағына дейін көрінетін Ерекең, «Түрікмен» базарында алғаш кездескен сәтте-ақ: — Әй, сен Қалдыбек емессің бе? Екеуіміз Ташкентте тұрып, бір-бірімізді белмеуіміз қалай? Әкең Сейдекенмен елге бара жатқанда пойызда танысып қалдым (М.Арынов.) 6. Әлдеқайдан **қара ала** қанат көк тағанақ ұшып келіп, тораңғының қалың жапырағының арасына сүңгіп кетті (М.Мағауин.) 7. Ту сыртына көзім түскен сәтте -ақ, жүрегім алып ұшып, өз-өзімнен қуанып, қайта-қайта

қарағым келетін де тұратын болдым (Қ. Сейданов.) 8. Қазірше жаман емеспіз, Аллаға мың мәрте шүкіршілік! Баламды қолынан *тастамайды* (Қ. Сейданов.)



97-жаттығу. Берілген мәтіннен курсивпен жазылған омографтар мен паронимдерге мән беріндер де, оған талдау жасандар.

1. Ноғай аулына күйеушілеп Әбіш келгелі сол Дайырдың аулы *қатты* мазасыздық *күйге* түскен. 2. Ол да бұл *шақта* көк барқын мұнарға оранып, аспанмен ұласып араласып, *бояу* қосып тұтасып барады. 3. Тек оқта-текте сол алыс көкжиекке өте бір жырақтағы, шоқ *қара* бұлт тұсында найзағай жалт етіп қалады. 4. Үнсіз бір *ұлыжарық* лап етіп, сәт сөнеді. 5. Жол бойында кешкі мекенге жайғасқан бозторғай, қараторғай атаулы жер бауырлай, сасқалақтай ұнады. 6. Мойын жотасы тұтасып біткен, жар қабақты, көселеу, кесек мұрынды, шүнірек көзді Бостан өте ер бітімді. 7. *Ғұмырының* көбін еңбек соңында өткізіп, жаз шағында, жау торуылы көбейетін кездерде қосылып жайылатын жылқыға сақшы боп жүретін. 8. *Жаулар* жылқыға жеткенше Тұщыкөл айналасындағы бар ауылдардың шуы бұл түннің айсыз, жұлдызсыз, бұлыңғыр қара барқын аспанына қаулай жеткен. 9. Әуелі Абайдың бұл екеуінен сұрағаны қазіргі тұрмыс жайлары, кәсіп-*қаракеті*, әл-ауқаты туралы еді.

(Мұхтар Әуезов)

СИНОНИМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСАЛУЫ

Синоним мағынасы бір-біріне жуық, өзара өте мәндес сөздерді айтамыз. Өзара мәндес сөздердің топтары синонимдік қатар немесе синонимдік ұя деп аталады. Синонимдік қатар болу үшін кемінде екі сөзден кем болмауы керек.

Синонимдер сөйлем ішінде алдыңғысы соңғысын, соңғысы алдыңғысын айқындап, күшейте түсетін тіркесті плеонастикалық синтагма (плеоназм) дейміз. Мысалы, *ежелгі ескі досым, айдын шалқар көл, құр бекер, әуел баста, сәске түс, орасан зор*, т.б.

Қазіргі қазақ тіліндегі синоним сөздер мынадай жолдармен жасалады:

- 1. Синонимдер сөз тудыру тәсілдері аффикстер арқылы жасалады. Ол жұрнақтар мыналар:
 - а) -с, -ыс, -іс: жиналыс, мәжіліс, кеңес, отырыс.
 - ә) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: сусыма, сырғыма, сыпырма.

- б) -ым, -ім,-м: бітім, келісім, наным, сенім, өнім, түсім.
- в) -у: демеу, медеу, сүйеу.

- г) -лы,-лі,-ды,-ді,-ты,-ті: айыпты.
- 2. Кірме сөздер арқылы жасалатын синонимдер. Мысалы, сомтеңге, мұржа-труба, кеспес-бошка, ілгек-күрмек, пішін-порым, т.б.
- 3. Диалектизмдердің есебінен көбейетін синонимдер. Мысалы, үлкен -дәу, кіліт ашар, ұрпақ кебек, қатарлас тебейлес, кішкентай-пыштай. т.б.
- 4. Фразеологиялық тіркестердің жеке сөзбен синонимдес келуі арқылы жасалуы. Мысалы, *қой аузынан шөп алмас момын, жуас*. Соқырға таяқ ұстатқандай ашық, айқын, анық сөздерінің орнына қойылады.
- 5. Байырғы төл сөз бен сөз тіркестері термин сөздермен мәндес келіп синоним сөздер жасалады. Мысалы, *табиғат суреті пейзаж, бейне -образ, жыр эпос, сықақ сатира, қор фонд, қиял фантазия*, т.б.
- 6. Тілде белгілі бір эвфемизм, дисфемизм басқа бір сөздермен не сөз тіркестерімен келіп синонимдер жасалады. Мысалы, «Өлді» деудің орнына «жүріп кетті», «дүниеден өтті», «жан тәсілім қылды» деген сыпайы эвфемизм түрі қолданады.
- 7. Сөздің барлық мағыналары жақтан дамуы, қосымша жаңа мағынаға ие болуы нәтижеде синоним сөздер жасалады. Мысалы, түп өсімдіктердің түбі, адамның түбі. Сол керей ішіне сіңген аз атаның баласы едім, түбім Қызай (М. Әуезов.) Осындағы тұп сөзі бірінші сөйлемде тура мағынада қолданып тұр, ал екінші сөйлемде туынды мағынада қолданып тұр.

98-жаттығу. Көшіріп жазыңдар да, тұрақты сөз тіркестерінің жаттығудан кейін жеке сөздермен берілген сыбайласын тауып жазыңдар.

Үлгі: көзді ашып-жұмғанша — лезде.

1. Көзді ашып-жұмғанша. 2. Жылқы мінезді. 3. Көзі ағарды. 4. Қаңтарда қатқан мұздай. 5. Қураған ақ шүберектей. 6. Қу заман. 7. Қыл үстінде тұр. 8. Қыныр қарады. 9. Алқам-салқамы шыққан. 10. Аллаға мақұл болсын! 11. Ақбілек. 12. Арасы жер мен көктей. 13. Арасы таяқ тастам. 14. Аузынан ақ май ағызды. 15. Аяғын жерге тигізбеді. 16. Басқан ізін білдірмеді. 17. Басын изеді. 18. Екісөзді кісі. 19. Екі ұшты болды. 20. Жүрегінде оты бар. 21. Жүрегі жарыла жаздады. 22. Қар-

маққа түсті. 23. Қыр соңынан қалмады. 24. Қырық пышақ болды. 25. Мойнына ала кап саллы.

Керекті сөздер: жақын, жарқылдады, мақтады, ұсталды, айрылмады, сездірмеді, араздасты, тентіретті, мақұлдады, өтірікші, өтірік, өжет, лезде, шыдамды, жылады, сірескен, сұп-сұр, бұзылған, қауіпті, ұнатпады, тозған, лайық, сұлу, алыс, қуанды.

99-жаттығу. Берілген синоним сөздерді жазындар да, олардың жасалу жолдарын үлгі бойынша талдандар.

```
Улгі: желігу — желік + y;
```

Жалыну, өтіну, жалбарыну, қиылу.

Жалтырауық, жарқырауық.

Жалтақтау, жасқаншақтау, бүгежектеу, қорғаншақтау, именшектеу, жалтандау, қоқақтау, жаутандау, бұқпантайлау.

Именшек, жасқаншақ, қорғаншақ, сескеншек, қорыншақ.

Жиылыс, жиналыс, мәжіліс, кеңес, отырыс.

Жетімсіз, жеткіліксіз, толымсыз.

Желігу, құтыру, елігу, еліру, желпілдеу.

Күйшіл, күйтшіл, бапшыл, күтімшіл.

Сабырлы, байсалды, салмақты, ұстамды, тағатты, басалқы.

Саналы, зерделі, жетелі.

100-жаттығу. Берілген сөздердің синонимдерін төмендегі керекті сөздер арасынан тауып, тәртіппен жазындар.

Керекті сөздер: құдайы, жию, жұтау, зарығу, қорқақтау,бет-бейне, байсалдылық, аллашыл, шарасыздық, бүлік, үрейлену, бет-жүз, қайыр, аңсау, діншіл, салмақтылық, амалсыздық, азып-тозу, бет-пішін, шошыну, жанжал, нәзір, пысу, діндар, өксеу, ұстам-

дылық, айласыздық, топтау, кескін-келбет, азғындау, батылсыздану, шатақ, шоқтау, қолқайыр, көксеу, кескін-кейіп, тақуа, жүрексіздену, маңғаздылық, сойқан, нияз, жүрексіну, салиқалық, түр-тұрпат, шоғырлау, сопы, құрбан, еңсеу, тайсалу, байыптылық, түр-түс, өгесу, басалқылық, ілік, айбыну, кедейлену, рәпат.

101-жаттығу. Берілген синоним сөздерді қатыстыра отырып сөйлем құрастырындар.

- *Үлгі*: І. 1. Жәрдем. 2. Көмек. 3. Қолғабыс. 4. Сеп. 5. Септік. 6. Жылу.
- 1. Қазақстан үкіметі бұл ретте қолынан келген жәрдемін аямас.
- 2. Енді қалған жігіттер де жапа-тармағай секіріп *көмекке* ұмтылады. 3. Колғабыс етуге алам керек болар деген оймен қасыма бір жардемшімді.
- 3. Қолғабыс етуге адам керек болар деген оймен қасыма бір *жәрдемшімді* ертіп алдым. 4. Менің әділдік хақында айтқан сөзім де ештеңеге *сеп* боп жатқан жоқ. 5. Меніреу орманның ар жағында не бар, не жоғын, не боп жатқанын білуге дүрбінің де *септігі* болмады. 6. Бірнеше кісі жетім-жесір қалған үйдің балаларына *жылу* жиямыз деп, бір кісінің үйіне келеді.
 - ІІ. Жайдары, жарқын, ашық, жадыраңқы, жарқылдақ, ақбейіл.
 - III. Жайбарақат, бейбіт, қамсыз, жайуат, жайқуат, беймарал.
 - IV. Достық, татуластық, бауырластық, сыйластық.
 - V. Бен, пен, мен, бенен, пенен, менен.
- **102-жаттығу.** Берілген сөйлемдерден синоним сөздердің жасалуына назар аударындар.
- 1. Ләмежан ашық жауап беріп амандығын айтып, Абайдың үй-жайын, ауыл-аймақ, ел-жұртының амандығын байыптап сұрады. 2. Әуелі Абайдың бұл екеуінен сұрағаны қазіргі тұрмыс жайлары, кәсіп-қаракеті, әл-ауқаты туралы еді. 3. Тек, әйтеуір, кісі босағасына барып, жатқа көз сүзіп, қайыр-мейірін сұрап қол созғанымыз жоқ! 4. Оның үстіне Әбіштің жолына ақша-пұл әзірлеу керек. 5. Сонда да шәкірттерінен, көршілерінен естіп-білгендері Абай үшін көп жаңалық болды. 6. Бірақ, әйтеуір, мешіт-медреселер айналасындағы имамдар мен мәзіндер, қарилер, халфелер осы қаза уақытында қатты байып жатыр деп түсінеді. 7. Нәпсісін түзесін, ғаріп-қасерлерге мейір, шафқат көрсетсін. 8. Сондықтан қайыр-садақасын, зәкат, парыздарын ада қылсын, деді. 9. Содан қайта жаңағы жасаулы үйге келіп, асқа-дәмге кіріскен шақта ғана кейбір саудагер мен бірен-саран дінбасылардың тілі

шешілді. 10. Он жасар жалғыз-жалқы ұлынан айрылып, құп-қу шөлмектей боп, жылаған ананы көрді.

(М. Әуезов. Абай жолы)

АНТОНИМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСАЛУЫ

Тілімізде мағынасы бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздер кездеседі. Оларды қазақ тілінде *антонимдер* деп атайды. Антонимдер деп, әр түрлі түбірлерден құралған, мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді айтамыз. Мысалы: жақсы — жаман, арзан — қымбат, т.б.

Қарама-қарсы ұғымдар белгілі бір логикалық категориялардың ең шеткі екі мүшесі болып табылады. Олардың арасында үшінші бір аралық мүше болуы мүмкін.

Мысалы: жақсы — шамалы — жаман деген қарама-қарсы ұғымдарды бірін-бірі жоғары шығарып қоймай затқа жаңа баға береді. Бірақ ұғым логикалық болады да, антонимдер тілдік категория ретінде сақталып қала береді. Антонимдік мағына қарама-қарсылық, сапалық ұғымдарды білдіретін сөздерге ғана тән категория.

Мысалы: жұмсақ — қатты, қалың — жұқа дегенде әрі атауыштық, әрі сапалық қасиет бар. Сондықтан да антонимдес болатын сөздердің басым көпшілігі сын есімдер. Мысалы: кәрі — жас, терең — саяз, ыстық — суық, тар — кең, т.б.

Ал, зат есімдерден антоним сөздер өте аз жасалады. Мысалы: пайда – зиян, бай – кедей, өтірік – шын, бақ – сор, т.б.

Туынды зат есімдерден жасалатын антонимдердің де негізгі түбірі сапалық ұғымды білдіретін сөздер екені де анық. Мысалы: тарлық – кендік, аштық – тоқтық, жастық – кәрілік, т.б.

Үстеу сөздерден жасалған антонимдер санаулы ғана. Мысалы: ерте – кеш, бері – әрі, ілгері – кейін, жоғары – төмен, т.б.

Сондай-ақ антонимдер қарама-қарсылық мәні жағынан бірбіріне тепе-тең болуы керек. Мысалы: тар — кең, алыс — жақын, ұзын — қысқа, т.б.

- **103-жаттығу.** Берілген сөйлемдерден қарама-қарсы мәнде айтылған қос сөздерді ажыратып жазындар. Оның не үшін антонимдес екендігін түсіндіріндер.
- 1. Тек арғы-бергі жағадан әзір білінетін тірлік белгісі иттер үні ғана. 2. Дәмежан қысы-жазы тымақ, бөрік, тақия тігеді. 3. Абай жат-

қан үйге ертелі-кеш көп кісі келеді. 4. Екі қабат үйдің асты-үстінде Құмаштың өз үй іші, қонақтары ғана. 5. Олар жаназадан, финиядан, хатімнен және өлген адамның жетісі мен қырқынан күні-түні мол жем айырып жатыр. 6. Бұл кеште намазға келген адамдар, көбінше, шала оқыған, тек жастары ұлғайған соң біріне-бірі еліктеп, намазға ден қойған боп жүрген қаланың алыпсатары, әр түрлі ауқаты бар, осы мешітке жақын жерде үлкенді-кішілі үй-жайлары бар қазақ саудагерлері. 7. Жақын мандағы аттылы-жаяу, арбалы жүрген қазақ, ноғайдың, еркек-әйелдердің бірталайы оралып кеп сөз тыңдай бастады. 8. — Жыласа, наразы болып мәйіттің көрғазабын ауырлатады! — деген сөздерді кірген-шыққан шақтарында халфелер әдейілеп айтады. 9. Қасына Мағаштар келгелі әкесінен, аға-ініден, анасынан, жарынан сағынышты хат, хабарлар алғалы Әбіш туған елін, ыстық ұясын, әкешеше, бауырын соншалық сағынатын. 10. Өзі тағы да бастан-аяқ іштей оқып, енді анық андады.

(М. Әуезов. Абай жолы)

104-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдерден антонимдес сөздерді табындар да, оның қай сөз табынан жасалғандығын табындар.

Білім басы — бейнет, Соңы — зейнет.

Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

Інісі бардың, тынысы бар, Ағасы бардың, жағасы бар.

Намысы бар жігіттің нар күші бар, Намысы жоқ жігіттің, қай күші бар.

Келген дәулет, кеткен бейнет.

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Құс қанатымен ұшады, Құйрығымен қонады.

Қыз еркем, кестесімен көркем, Ұл еркем, өнерімен көркем. Бай мақтанса, табылар, Кедей мақтанса, шабылар.

Жаман сөз жылатады, жақсы сөз жұбатады.

Ең тәтті де тіл, ең ащы да тіл.

Жіптің ұзыны, сөздің қысқасы жақсы. Дұшпанға тастай қатты бол, Досыңа балдай тәтті бол.

Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады.

Жақсы бала — сұйық, жаман бала — құйық. Көз қорқақ, қол батыр.

Жаман жолдастан, жақсы дұшпан артық. Ащы мен тұщыны татқан білер, Жақын мен алысты жортқан білер. Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады, Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады. (Қазақтың мақал-мәтелдерінен)



105-жаттығу. Берілген өлең үзінділерінен қарама-қарсы мәндес сөздерді тауып, оның қай сөз табына тиісті екендігін анықтандар. Өлеңнің мазмұнын ұғып алындар.

- 1. ...Өз елімнің күнде ескеріп мақалын, Ерте тұрып, толғанып кеш жатамын. Айды ұйықтамай тау қойнына ұзатып, Күннің таңда құттықтаймын сапарын.
- 2. Кейбір жолдар алды-артына қарамай, Балақ түріп жүгірген жас баладай. Кейбір жолдың жиегінде бұдыр жоқ, Кейбір жолды бүркейді жас қарағай.
- 3. Рахымды жүздерде Жылылық бар Адам көңілін жарқыратар. Жауыз көздерде Зұлымдық бар Жан дүниені қалтыратар.

- 4. Үй дегенің ұлы өмір Бар қайғысы, шаттығы. Үй дегенің ұлы өмір Бар жастығы, қарттығы.
- 5. Қардың суын бұлт ішіп, Күш жинады қысты аңдып. Тамшы болып тұр түсіп, Жазға деген құштарлық.

(Сырбай Мәуленов)



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Қазақ тілінің сөздік құрамы дегенде нені түсінесіңдер?
- 2. Сөз мағыналарын тексеретін сала не деп аталады?
- 3. Сөздің тура және ауыс мағыналарына түсінік беріңдер.
- 4. Метафоралық мағына дегеніміз не?
- 5. Метонимиялык мағына дегеніміз ше?
- 6. Синекдохалық мағыналар қалай жасалады?
- 7. Омоним дегеніміз не, олар құрамына қарай қалай бөлінеді?
- 8. Омофон мен омографтардың қандай айырмашылықтары бар?
- 9. Синоним дегеніміз не, ол қалай жасалады?
- 10. Антонимдердің қандай түрлері бар?

ТЕСТ-СЫНАК ТАПСЫРМАЛАРЫ:

- 1. Шешендік өнер иелерінің шаршы топ алдында сөйлейтін сөзі не деп аталады?
 - А. Баяндама.

В. Асыл сөз.

С. Шешендік сөз.

Д. Накыл сөз.

- 2. Шешендік өнер алдын қашан пайда болған?
 - А. Ежелгі Греция мен Ежелгі Рим.
 - В. Ежелгі Үндістан мен Фараб қаласында.
 - С. Ежелгі Қытай мен Жоңғарияда.
 - Д. Шығыс елдерінде.
- 3. Шешендік сөздің төртінші талабы қалай аталады?
- А. Белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болуы керек.
- В. Тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, құлақ құрышын қандырып, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы игі.
- С. Тындаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында белгілі бір харекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет.
 - Д. Әңгіме өзегінің дәлелі болуы тиіс.
- 4. Шешендік шындықты, ақиқатты тануға ұмтылдыруы тиіс деген талабы шешендік талабының нешіншісі болып саналады?

 А. Алтыншы.
 В. Бесінші.

 С. Төртінші.
 Д. Үшінші.

- 5. Сөз иесінің логикалық тапқырлығының айрықша байқалуы қайсы шешендіктің түріне жатады?
 - А. Монологтік шешендікке. В. Диалогтік шешендікке.
 - С. Полилогтік шешендікке. Д. Макрошешендікке.
- 6. Жеке адам толғанысы арқылы сөз иесінің сөйлеу шеберлігі қайсы шешендікте көрінеді?
 - А. Монологтік шешенлікке.

В. Диалогтік шешенлікке.

С. Полилогтік шешенлікке.

Д. Микрошешендікке.

- 7. Сөз иесінің пікірсайыс шеберлігі қайсы шешендікте көрінеді?
 - А. Әңгімеде, пікірталас үстінде, айтыста.
 - В. Монологтік шешендікке.

С. Диалогтік шешенлікке.

- Д. Монологтік шешендікте және әңгімеде, айтыста.
- 8. Сөйлеу жағдаятының жемісі болып табылатын, толық аяқталған, жазбаша пайда болған, әдеби қалыпқа түскен, суперфразалық бірліктерден құралған, лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық жақтан бір-бірімен байланысатын, конкрет мақсатты әрі прагматикалық жақтан құралған сөйлеу шығармасын не деп атаймыз?

А. Абзац.

В. Құрмалас сөйлем.

С. Мәтін.

Д. Ой.

- 9. Мәтін стилистикалық жақтан қалай бөлінеді?
 - А. Ғылыми мәтін, ресми мәтін, көркем мәтін, әммебап мәтін.
 - В. Ауызша мәтін, жазбаша мәтін, ауызша және жазбаша мәтін.
 - С. Көркемдеуіш мәтін, қарапайым мәтін.
 - Д. Мәтін стилистикалық жақтан бөлінбейді.
- 10. Мал шаруашылығына байланысты сөздердің қатарын дұрыс көрсетіңдер?
 - А. Ақыр, қора, қопсы, айры, кетпен.
 - В. Қозы, түйе, бұзау, қошқар, қарбыз.
 - С. Лақ, қозы, бұзау, бота, теке.
 - Д. Баламысық, мәусек, қозы, ботагөз.
- 11. Айран, кеспе, быламық, сорпа, қауырдақ, палау сөздері қандай сөздерге жатады?
 - А. Табиғатқа байланысты сөздер.
 - В. Егін шаруашылығына байланысты сөздер.
 - С. Тұрмыс қажетіне байланысты сөздер.
 - Д. Тамаққа байланысты сөздер.
- 12. Кілем, жастық, көрпе, алаша, киіз, төсеніш сияқты сөздер қандай сөздерге жатады?
 - А. Табиғатқа байланысты сөздер.
 - В. Егін шаруашылығына байланысты сөздер.
 - С. Тұрмыс қажетіне байланысты сөздер.
 - Д. Тамаққа байланысты сөздер.

🐉 СӨЙЛЕУДІҢ МӘНЕРЛІЛІГІ 🐉

СӨЗДІ САЗЫНА КЕЛТІРІП СӨЙЛЕУ

Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері құлаққа жағымды болмақ. Ол ойын анық, дәл айтуға керекті сөздерден қайтсем дұрыс сөйлем құраймын деумен қатар, оны қалай айтсам өзгеге түсінікті, нанымды, әсерлі болады дегенді де ойлайды. Сөйтеді де, әрбір ойын лайықты әуенмен, әрбір сөйлемді өзінің сазына келтіріп сөйлейді. Кейде «әңгіме не айтылғанында емес, қалай айтылғанында» дейтін де кез болады. Ән сияқты дұрыс айтылған сөз де»құлақтан кіріп бойды алады». Қазақ халқы келітіріп сөйлей алатын кісіні «сөзі мірдің оғындай екен», «сөздің майын тамызып, кісінің айызын қандырып сөйлейді екен» деп дәріптейді. Ондай қабілеті жоқ адамды «ынжық, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұр» деп сынайды.

Сөзді қалай болса, солай айта салмай, сөйлеу мазмұнының үйлесімді ырғақ, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәні бар. Сөйлеуде дауыс ырғағының құбылмалы қасиетін ескеріп, жазуда ол құбылыстарды тиісті тыныс белгілермен таңбалаймыз. Мысалы, хабарлы сөйлемнен кейін нүкте (,), сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі (?), бұйрықты және лепті сөйлемдерден кейін қажет жерінде леп белгісі (!) қойылады, сөйлемдегі оқшау сөздер, бірыңғай сөйлем мүшелері үтірмен (,) бөлінеді.

Жазғанды басқалар дұрыс оқуы үшін, дұрыс түсінуі үшін тыныс белгілерін қойып жазуымыз қажет. Солай жазғанды оқығанда да, солай жазылуға тиісті сөйлемдерді ойдан шығарып айтқанда да, тыныс белгіллерінің орнында түрлі-түрлі леп, әр алуан ырғақ болуы керек. Бірқатар дыбысталу, интонациялық ерекшелігі бар құбылыстарды тыныс белгілерімен таңбалауға болмайды. Сөйлем ішіндегі бір сөзге ой екпінін түсіру үшін, оны басқа сөздерден гөрі басым әуенмен айтамыз. Мысалы, «Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған» деген сөйлемдегі қай сөзге ой екпінін түсіргіміз келсе, сол сөзді көтеріңкі дауыспен айтуымыз керек: Сенің көзің...., Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған.

Біреулер маңғазданып, қытымырланып сөйлеуді сән көреді. Оны артықшылық, мәдениеттілік деп біледі. Шын мәдениеттілік жайдарлықта, айтатын ойына сәйкес келетін үн, әуен, ырғақ, екпін

тауып сөйлей білуде. Сөйлеушінің сөйлеу дағдысы, дауысы тындаушыға жағымды болса, онда әрдайым құлақ түрулі. Оның үстіне сөзің мазмұнды болса, ондай сөз оң құлақтан кіріп, сол құлақтан шығып кетпейді, тындаушының көкейіне қонып, жүрегінен дәл ұялайды.

Үйде болсын, түзде болсын, әсіресе, көпшілік арасында дабырлап, үйді басына көтере сөйлеу — барып тұрған мәдениетсіздік. Мәдениетті кісілер, әдетте, бір сыдырғы баяу дауыспен құлақтың құрышын қандыра сөйлейді. Өзге түгіл өз балаңа айтқан сөзінде де жылы леп, жағымды әуен, сыпайы сарын болуға тиіс.

106-жаттығу. Төмендегі мәтінді оқып шығып, ондағы даналық сөздерге мән беріндер.

ОН БЕС ЖАС ҚҰЙЫН ҚУҒАН ЖЕЛМЕНЕН ТЕН

- 1. Бір жолы қырғыз Қызылым қарт Жиреншеге кездесіп қалып:
- 2. Шешен, сізден сұрайын деген бір жоғым бар еді. Он бес лақ, жиырма бес серке, отыз бес орақ, қырық бес қылыш, елу бес егеу, алпыс бес арқан, жетпіс бес шідер жоғаттым. Осыған құлағдар болыңызшы, дейді.
- 3. Жарайды, дейді Жиренше шешен, Жолыңыздың жөнін айтып берейін, өзіңіз тауып алыңыз.
 - 4. Он бес жас құйын қуған желмен тең, Жиырма бес дауыл ұрған перімен тең, Отыз бес ағып жатқан селменен тең,Қырық бес аю аспас белменен тең, Жетпіс бесте көңілің жерменен тең, Сексенде селкілдеген шал боларсың, Өлмесең де қор боласың, дейді.

107-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазындар да, сөз өнері туралы айтылған пікірге көңіл бөліндер.

СӨЗ ӨНЕРІ

Бір нәрсе туралы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңліміздің күйін сөз арқылы айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді көңілдің күйін тәртіппен қисынын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару — сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз — осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керектігі жоғарыда айтылды. Сөз

шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады.

Шешен сөзде айтушының мақсаты баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, нандыру, сендіру, ұйыту, иман келтіру болады. Осыны істеу үшін шешендер жай пайымдауларынша айтқан сөздің адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді. Сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты ойын да, бойын да балқытып билеп алып кетуге ыждаһат етеді.

(Ахмет Байтұрсынұлы)

108-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын табындар да, дәптерлеріңе көшіріндер.

- 1. Шебердің қолы ортақ, шешеннің...........
- 2. Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей.......
- 3. Ағадан ақыл, атадан
- 4. Қол жүйрігі етке, тіл жүйрігі
- 5. Тауып сөйлесең күміссің, таппай сөйлесең
- 6. Көп ішінде сөйлеген, белгісі, көпке сөзі ұнаған, белгісі.
 - 7. Cy ағасы бұлақ, сөз ағасы
 - 8. Сөзге жарасар, иекке жарасар.
 - 9. Мағынасыз сөз болмайды, ел болмайды.
 - 10. Тұз астың дәмін келтіреді, сөздің сәнін келтіреді.



109-жаттығу. Төмендегі мәтінді оқып шығындар да, тіл тазалығына мән беріндер. Ондағы жергілікті ерекшеліктері бар сөздерді табындар да, оған талдау жасаңдар.

1. Кезінде Ләйлі мен Мәжнүн арасындағы шынайы сүйіспеншілікті Низами, Физули, Науаи сияқты тағы басқа шығыс шайырлары да ерекше жырлаған болатын. 2. Ол: «Адам баласының қас дұшпаны күншілдік, зорлық-зомбылық, дүниепарастық, мансапқорлық, надандық, білімсіздік» — дей отырып, бәрінен ең мықтысы, бірден бір ұстыны — адал еңбек екендігін ескертеді. 3. Сонда өз ұстаздарын, таныс-білістерін көріп, оларға өз қолжазбаларын да ұсынған көрінеді. 4. Ғұлама ғалымдар мен дархан дарындардын, ел басшылары мен колбасшылардын өмір өткелдеріне қаныға түсеміз де, қайран қаламыз. 5. Өйткені олар тарих тылсымы қойнауында қалып қоймай, жылдар өткен сайын жарық жұлдыздай жарқырап әлем алдында өз шоқтығын айрықша танытып, даралана көзге түсіп тым биік, асқақ екендігін паш ете түседі.

(Калдыбек Сейданов. Дархан дарындар)

АДАМ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ОРНЫ

Адамдардың қарым-қатынас жасайтын, түсінетін негізгі құралы – тіл. Өмір мен тіршілік адамдардың бір-бірімен араласуын, қарым-қатынас жасауын қажет етеді, сондықтан да дұрыс қарым-қатынас жасау үшін адамның сөйлесе білуі шарт.

Сөз, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыруы қажет.

Қарым-қатынас — адамның отбасымен, өскен, араласқан ортасымен, елімен, жерімен, дәстүрлерімен және мәдениет қазынасымен етене әрі жанды байланысы. Адамдардың әдептілік нормалары тұрғысынан бір-бірімен өзара араласуылары, ауыс-түйістерін, байланысын білдіреді.

Жақсы қарым-қатынас жасауды білу және солай әрекет ету — әрбір адамның міндеті. Мұндай қарым-қатынас — адамның бойындағы ең әдемі қасиеттердің өмірдегі көрінісі. Жақсы қарым-қатынастар адам бойында өткінші болмайды, ол сонда қалыптасып, бірге жасайлы.

Ал ол үшін кісінің әуені әдептілік негіздерін бойына сіңіруі шарт. Өйткені әдеп болмай, жақсы қарым-қатынас та болуы мүмкін емес. Әдеп — сөйлесудегі, пікірлесудегі мәдениет тірегі.

Бұдан түйетін қорытынды, жақсы қарым-қатынас жасау — әдептілікті, мәдениеттілікті, сөйлей және сөйлесе білу мәдениетін меңгерудің қажеттігін көрсетеді.

Жеке адам мәдениеті деген — адамның ойлау қабілеті, өзінің және айналасындағылардың әрекеттеріне, болмысына талдау жасай білу қабілеті. Мәдениет адамның рухани және материалдық, білімдарлық пен сезімдік қасиеттері айқын аңғарылатын белгілерінің жиынтығы.

Қысқасы, сөз мәдениеті — сөздерді мағынасына қарай дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп дұрыс айту емле мен тыныс белгілері ережелерін сақтап сауатты жазу, тілдің ғасырлар бойғы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін орынмен қолдану.

110-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көшіріндер. 2. Мәтіндегі «ар-ұждан», «ұят», «әдептілік« деген сөздерге түсінік беріндер де, осы сөздерге байланысты мақал-мәтелдерден мысалдар келтіріндер.

АР-ҰЖДАН

Бұл істеген істеріне жауапкершілікпен қарайтын бір ғана жан иесі бар. Ол — Өйткені оның дана ақылы, ұшқыр сана-сезімі және кісілігі оған ... жүктейді. Міне, ол осы тұрғыдан алғанда ғана өзін жанжануарлардан бөлектеп ... үстемдігін көрсете алады.

Адам өзінің әрбір ... осы жауапкершілік сезімі арқылы дұрыс орындауға тырысып барады. Әлдебір жасаған іштей күйініп, дұрыс істеріне сүйенеді. Тіпті кейде орынсыз істері үшін өзін-өзі іштей жәбірлеп, екінші олай жасамауға сөз береді.

Иә, адамның ішінде оның осындай бір құдіретті күш бар екені рас. Ол — ар-ұждан.

Міне, кісі адамдармен жасағанда өзінде осындай жауапкершілікті, яғни сезінуі керек.

(«Әдептілік қағидалары» кітабынан)

Көп нүктенің орнына қоятын сөздер мен сөз тіркестері: ар-ұжданды, әрекетін, қарым-қатынас, жазалайтын, жауапкершілік, оқыс қылықтарына, адам, ғаламда, табиғаттағы.

111-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар да, шешендік туралы ой-пікірлерінді айтып беріндер.

ШЕШЕНДІК СӨЗДІҢ ТҮРЛЕРІ

- 1. Шешендік сөздер мақсаты, мазмұны мен сөйлеу шарттарына қарай төмендегідей топтарға жіктеледі:
- 2. Әлеуметтік-саяси шешендік сөздерге әлеуметтік-саяси тақырыптарға жасалатын баяндама, хабар сөйленетін сөздер, радио, телехабарлардан берілетін шолулар жатады.
- 3. Академиялық шешендік сөздері жоғары оқу орындарында оқылатын лекциялар, ғылыми баяндама, хабарлама, шолулар енеді.
- 4. Сот ісінде қолданылатын сөздерге прокурордың айыптау сөзі, айыптаушылар мен қорғаушылардың сөздері, адвокаттың, айыпкердің қорғану сөзі кіреді.
- 5. Әлеуметтік-тұрмыстық, шешендік сөздерге мерейтойларда, салтанатты дастарқан басында, қабір басында айтылатын сөздер енеді.
- 6. Діни қызметте қолданылатын шешендік (уағыз) сөздерге уағыз, иман сөздері жатады. Шешендік сөздерде айтушы мен тыңдаушыны жалғастыратын құралдар баршылық. Шешендік сөздер мен шешендік

өнер қазақтың мәдени дүниесінде дәстүрі мол, болашағы зор әлеуметтік құбылыс болып саналады.

(Құдайберген Жидебаев)

РЕСМИ ІС-КАГАЗДАРМЕН ІСТЕУ

Ресми іс-қағаздарымен істеу деп адамдардың кәсібі, мамандығымен байланысты жұмыс немесе қызмет орындарында, мәдени-көпшілік мекемелерде жүзеге асатын қарым-қатынастың түрін айтамыз. Мұндай орындарға қарым-қатынастың түрі ресми сипатта болады. Әріптестердің жұмыс немесе қызмет бабындағы өзара қарым-қатынасы ресмилікті қажет етеді. Дәріс оқу, сабақ беру кезіндегі оқытушы мен талапкер, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас ресми-іскерлік қарым-қатынасқа жатады.

Біздің ана тіліміз — тек тұрмыстық қатынаста ғана емес, әр түрлі мекемелерде, басқару және ақпарат беру орындарында қолданылатын ресми-іскерлік қарым-қатынастың да тілі.

Ресми іскерлік қатынас ауызша және жазбаша тіл арқылы жүзеге асады.

Ресми іс қағаздар стилінің түрлері екіге бөлінеді: бірінші — жеке адам өміріне қатысты іс-қағаздары; екінші — мекеме, ұйым жұмыстарына қатысты іс қағаздары.

Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздарына мыналар жатады: θ мірбаян, θ тініш, арыз, түсініктеме, сенімхат, қолхат, хат, жеделхат, күнделік, т.б.

Мекеме, ұйым жұмыстарына қатысты іс қағаздары: *хабарланды-ру, жарнама, анықтама, кепілдеме, мәжілісхат, бұйрық, келісімшарт-тар, т.б.*

Ресми іс қағаздарының негізгі міндеттері — барлық адамдарға практикалық маңызы бар мағлұматтарды хабарлау, нақты жөн көрсету. Сөйлеу қалыпты, дәстүрлі сөздер мен сөйлемдерден тұрады.

Ресми іс қағаздарының жазбаша үлгілеріне жеке адамдардың құжаттары, түрлі мекемелердің іс қағаздарынан бастап мемлекеттік мәндегі заң актілері, ережелер, мемлекеттік бағдарламалар, мемлекеттік тұжырымдамалар, Конституция, т.б. қоғамдық-құқықтық мәні аса зор құжаттар жатады. Әсіресе Заң, Конституция, Бағдарлама, Тұжырымдамалар тәрізді құжаттарды біліктілігі аса жоғары мамандар даярлайды. Сондайақ ресми іс қағаздары қарым-қатынастың жазбаша үлгілеріне, негізінен, мекемелердегі іс қағаздар жатады.

а) Өмірбаян

Өмірбаян — оқу орнына немесе жұмысқа орналасатын адамның жеке басының сапалық қасиетін, өміріндегі негізгі кезендерді нақты фактілермен көрсететін іс қағазы. Оның ерекшелігі — жеке адамға қатыстылығынла.

Yazi:

Өмірбаян

Мен, Темірбаева Арайлым, 2001 жылы 29 қазан айында Ташкент облысы, Ангрен қаласында дүниеге келдім. Отбасында алты адам бар: әкем, анам, екі әпкем, бір інім және мен.

Әкем Айтбаев Ділшатқожа — зиялы, Ташкент қаласындағы Низами атындағы педагогикалық университеті доценті. Анам Айтбаева Гүлчехра Ермекбайқызы Гүлістан мемлекеттік университетінде оқытушы болып қызмет істейді. Үлкен әпкем Әселхан — Низами атындағы ТМПУдің бастауыш оқыту және дене тәрбиесі мәдениеті факультетінің 4-курс студенті, кіші әпкем Гүлайым — Низами атындағы ТМПУ-дің педагогика-психология факультетінің 3-курс студенті. Інім Бақдәулет — Ташкент қаласы, Яшнабад ауданындағы 204-санды жалпы орта білім беретін мектептің 4-сынып оқушысы.

Мен, 2017 жылы Ташкент қаласы, Яшнабад ауданындағы 204-санды жалпы орта білім беретін мектепің 9-сыныбын бітіріп, сол жылы Чиланзар ауданындағы медициналық колледжінің 1-курсына қабылдандым. Қазір бірінші курс студентімін.

ә) Өтініш

Өтініш — бір ұйымға мүшелікке өту үшін, жұмысқа не қызметке тұру, оқу орнына құжат тапсыру, мектептегі үйірме, ақылы бөлімдер, секция жұмыстарына қатысуы немесе жеке адамның беретін іс қағазының түрі. Өтініш сол ұйым, мекеме, мектеп, оқу орны басшысының атына жазылады. Оны кейде бір топ адам да беруі мүмкін. Өтінішге ол азаматтың талап-тілегі, мұң-мұқтажын орындауды ескертеді.

Yazi:

Шыназ ауданына қарасты 12-санды жалпы орта білім беретін мектептің директоры Ахмедов Зафар Каримовичке осы мектептің 10-сынып оқушыларынан

ӨТІНІШ

Бізді мектепте ашылған ақылы «Домбыра» үйірмесіне қабылдауыңызды өтінеміз. Оқу ақысын ата-аналарымыздың келісім шарты арқылы уақытында төлеп отырамыз.

Өтініш иелері:		
		(қолдары қойылады)
		 (құрылымдық бөлімшенің атауы)

б) Колхат

Колхат та сенімхатқа ұқсас іс қағазы. Екеуара не болмаса ұйым мен жеке адам арасында да жүреді. Белгілі бір затты (кітап, ақша, басқа да құралдарды) екінші біреу арқылы алуға жасалынатын құжат болып табылады. Қолхат ауызша келісімді занды түрде растайды.

Yazi:

КОЛХАТ

Мен, Темірбаева Перизат, 2018 жылы наурыз айында жеке кітапханамдағы М. Әуезовтің «Абай жолы» романының бірінші кітабын және М. Мақатаевтың «Жырлайды жүрек» кітабын Дәулетова Гүлданаға екі ай уақытқа оқуға беремін.

Қолхатты	беруші: _		П.	Темірбаева
		(қолы)		-
Қолхат Дәу	улетова Г	<u>ұлданаға тапсы</u>	рылс	<u>ды</u>

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

(кімге берілді)

- 1. Өмірбаян қандай іс қағаз үлгісіне жатады?
- 2. Өмірбаянның қандай түрлері бар?
- 3. Өздеріңнің өмірбаяндарыңды жазыңдар?
- 4. Өтініш құжаттың қандай түріне жатады?
- 5. Өтініш қандай мақсатта жазылады?
- б. Оқушылардың мектепшілік ғылыми-практикалық конференциясына қатысуы бойынша өтініш жазыңдар.
- 7. Екі жаққа да бірдей жауапкершілік жүктейтін іс қағазының үлгілерін атаңдар.
- 8. Қолхат берудің үлгісін жазыңдар.
- 9. Қолхат қандай жағдайда беріледі?
- 10. Өмірбаян, өтініш және қолхаттардың өзіндік ерекшеліктерін айтыңдар.







ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1. Айтбаев Д., Айтбаева Г., Темірбаева М. Қазақ тілі. 10-сынып. «Өзбекстан» баспасы. Ташкент, 2005.
 - 2. Арынов М. Таудағы жаңғырық. «Янги нашр». Ташкент. 2011.
 - 3. Әуезов М. Абай жолы. Төртінші басылым. Алматы. «Жазушы» баспасы. 2006.
 - 4. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. Алматы. «Дайк-Ресс» баспасы. 2007.
- 5. *Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б., Айтбаев Д.* Қазақ тілі стилистикасы. Гүлістан. 2017.
- 6. *Бектуров Ш.* Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы. «Атамұра» баспасы. 2006.
 - 7. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. Алматы. Арыс. 2007.
 - 8. *Fарифолла Ә., Үдербаев А.* Диалектологиялық сөздік. Алматы. Арыс. 2007.
- 9. Жидебаев Қ., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. 11-сынып. «Өзбекстан» баспасы. Таш-кент, 2005.
 - 10. Исаев С. Қазақ тілі. Алматы. Өнер баспасы. 2007.
 - 11. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. Алматы, Арыс 2007.
 - 12. Қазақ афоризмдері. Алматы. Кітап. 2009.
 - 13. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. Алматы. Арыс. 2007.
 - 14. *Мағауин М.* Шақан Шері. Алматы. «Атамұра» баспасы. 2005.
 - 15. *Мақатаев М.* Аманат. Алматы, «Атамұра» баспасы. 2002.
 - 16. *Майлин Б.* Екінші том. Пьесалар. Алматы, «Жазушы», 1987.
 - 17. Уәли Н., Қыдырбаев Ө. Қазақ тілі. 10-сынып. Алматы. «Мектеп» баспасы. 2006.
 - 18. Рыскелдиев Т. Ұлы көш. Алматы, «Өлке» баспасы. 2001.
 - 19. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа. Алматы, «Жалын» баспасы. 1976.
 - 20. Сейданов К. Дархан дарындар. «Янги нашр». Ташкент. 2012.
- 21. *Оразақынова Н., Әміреев Н., Сапақова Н*. Қазақ тілі. 10-сынып. Алматы, «Мектеп» баспасы. 2006.
 - 22. Оразалин К. Абай аулына саяхат. Алматы. «Жалын» баспасы, 1994.
 - 23. *Ыдырысов Ә.* Таңшолпан. «Сөздік-Словарь» Алматы. 2000.
 - 24. Яшен К. Менің Бұхарам. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1980.



МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Қазақ тілі және оның дамуы	5
тіл мәдениеті	
Сөйлеу мәдениеті	10
Тындай білу әдебі	14
Мәдени сөйлеу және оны қалыптастырудың негізгі белгілері	18
Әдеби норманың қалыптасуында сөйлеудің орны	21
қазақ тілінің орфоэпиясы	
Дұрыс айту нормалары	
Сөйлеудің дәлдігі	28
Дұрыс сөйлеу ережелері	
Тест-сынақ тапсырмалары	36
ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ	
Қазақ әдеби тілі туралы түсінік	38
Ауызекі және жазба тіл	41
Сөйлеу барысындағы тіл бірліктері арасындағы байланыс	47
Сөз мәдениеті және шешендік өнер	51
Мәтін және оның құрылысы	56
Мәтіннің өзіндік ерекшеліктері	62
Әдеби тіл нормалары	67
Сөйлеудің тазалығы	71
Тест-сынақ тапсырмалары	
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ	
Қазақ тілінің сөздік құрамы	77
Сөз және оның мағыналары	81
Сөз мағынасының ауыспалы және келтірінді топтары	84
Омоним және оның жасалуы	88
Синоним және оның жасалуы	92
Антоним және оның жасалуы	96
Тест-сынақ тапсырмалары	99
СӨЙЛЕУДІҢ МӘНЕРЛІЛІГІ	
Сөзді сазына келтіріп сөйлеу	101
Адам қарым-қатынасындағы сөз мәдениетінің орны	104
Ресми іс-қағаздармен істеу	106
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	109

Dilshatqoja Temirbayevich AYTBAYEV, Gulchexra Ermekbayevna AYTBAYEVA, Raxilya Kasimovna MIRZAXMEDOVA, Bagʻdat Tulepbergenovich URAZOV

QOZOQ TILI

Umumiy oʻrta ta'lim maktablarining 11-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

1-nashri

Редакторы **А. Темирбаева**Тех. редакторы **Е. Толочко**Корректоры **А. Темирбаева**Компьютерде беттеген **Г. Азизова**

Лицензия нөмірі АІ № 163. Басуға 2017 жыл 24 апрелда қол қойылды. Пішімі 70×90¹/₁₆. Тітев КАZ гарнитурасы. Кегли 11. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 8,19. Есептік баспа табағы 6,24. Таралымы 5190 нұсқа. Келісім № 5–2018. Тапсырыс № 18-265.

Макетті әзірлеген Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің Чулпан атындағы баспаполиграфия шығармашылық үйі. 100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30. Телефон: (371) 244-10-45. Факс: (371) 244-58-55.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «Oʻzbekiston» баспа-полиграфиялық шығармашылық үйінде басылды. 100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Айтбаев Д.

Қ 17 Қазақ тілі [Текст]: 11-сыныбы үшін оқулық/Д. Айтбаев, Г. Айтбаева, Р. Мырзахмедова, Б. Оразов. – Т.: Чулпан атындағы БПШҮ, 2018 – 112 б. ISBN 978-9943-5087-9-8

УЎК 811.512.122(075.3) КБК 81.2Қаз-922

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Окушының аты, фамилиясы	Оку жылы	Окулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Окулықты тапсыр- ғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады:

Жаңа	Окулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай	
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.	
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген,оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар.Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген.Жұлынған, кейбір беттері сызылған.	
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.	